And the fact that many thinkers studied in Bukhara, Samarkand, and Hive proves that spirituality in the Central Asia is interconnected. Anet Baba, Maral Ishan, Nauhan Khaziret, Mashhur Jusip, Ahmet ishan Orazayuly, Turmagambet Iztyleuov, Beket Myrzagululi and others got knowledge from one and the same spiritual source. Kamaraddiye Khaziret and Isabekshan, who propagandized religion in the Sary arch, talented scientists also engaged in religious schools of Bukhara.

Алаштың қайраткері Х.Досмұхамедұлы Самарқанд шаһарындағы «Тіллә-Қари» және «Ширдар» медреселерін салдырушы қазақтың батыры Жалаңтөс екендігін жазады. Сонымен қатар, ғалым «Бұқарадағы «Көкілташ» медресесінің салынуы» атты мақаласында да аталған медресенің салыну тарихын қазақтан шыққан Көге деген адаммен байланыстырады. Мәшһүр Жүсіп те «Көкілташ» медресесінің салынуын қазақпен байланыстыра қарастырады. Қалай болғанда да, қазақ жұртының діни тарихы, рухани мәдениеті Орта Азия халықтарымен ортақ байланыста болып, тығыз дамығандығын көреміз. Мұны тарихшы ғалым Н.Нұртазина «Народы Туркестана: проблемы Ислама, интеграции, модернизации и деколонизации на рубеже XIX-XX веков» атты монографиялық еңбегінде Түркістан жұртының (жалпы Орта Азия халықтарының) діни сенімі мен рухани байланыстары ортақ, бірлікте болғандығын ғылыми түрде дәлелдейді. Сондықтан қазақтың діни ілімі мен дін тарихы туралы сөз қозғағанымызда, Орта Азияның ірі діни ошақтары болған Бұқара, Самарқан, Хиуамен байланысты қарауымыз керек.

Деятель Алаш Х.Досмухамбетов пишет, что основателем строительства медресе в Самарканде «Тилл-Кари» и «Шердор» является казахский герой Жалантос. Кроме того, ученый в статье под названием «Строительство медресе «Кукельдаш в Бухаре» связывает историю возведения медресе с казахом по имени Куге. Машхур Жусуп тоже связывает строительство медресе «Кукельдаш» с казахом. Во всяком случае, видны общие связи религиозной истории, духовной культуры казахского народа с народами Средней Азии и тесное дальнейшее развитие. В своей монографии «Народы Туркестана: проблемы Ислама, интеграции, модернизации и деколонизации на рубеже XIX-XX веков» Н.Нуртазина доказывает в научном виде общность и целостность религиозной веры и духовных связей народов Туркестана (народов Центральной Азии). Таким образом, когда речь идет об исламской истории и науки казахов, нужно учитывать крупные религиозные центры Средней Азии - Бухару, Самарканд, Хиву.

Alash Kh. Dosmukhameduly wrote that the Kazakh batyr Zhalantos built a madrassa «Tilla-Kari» and «Shirdar» in the city of Samarkand. In addition, in his article «The construction of madrassas of Kokilitash,» he links the history of building a madrassa with a man with the Kazakh name Koge. And Mashhur Iusip connects the structure of Kokiltash with the Kazakh. In any case, we see that the history of religion, the spiritual culture of the Kazakh people are interconnected with the people of the Central Asia and the fact that they have developed closely. This is in his monograph «The Peoples of Turkestan: Problems of Islam, Integration, Modernization and Decolonization at the Turn of the Nineteenth and Twentieth Centuries.» Nurtazin scientifically proves that religious beliefs and spiritual ties were one and common among the peoples of Turkestan (the people of the Central Asia). For this reason, we should consider the topic of religious knowledge and the history of the religion of the Kazakhs, linking the major cities of religion with Bukhara, Samarkand, and Hiva.



■ Қазақ зиялылары білім алған «Көкілташ» медресесі.

■ Медресе «Кокилташ».

■ «Kokyltash» of the madrasah.



■ «Әл-Һидая» мәселелеріне жазылған «Әл-Уиқая» кітабының мұхтасары. Имам Убайдулла бин Масғуд бин Тадж аш-Шариға. 1843 ж. Қазан.

■ Мухтасар книги «аль-Уикая», написанная по теме «аль-Хидая». Имам Убайдулла бин Масгуд бин Тадж аш-Шария. 1843 г. Казань.

■ The muhtasar of the «Al-Wikaya» written on the issues of «Al-Hidaya».Imam Ubaydulla bin Mas'ud bin Tadzh ash-Sharia. 1843. October.

Ал, осы Түркістан жұртының Ислам тарихына қосқан үлесі өлшеусіз. Бұл аймақ сан ғасырлар бойы Ислам дінінің жаршысы болып, әлемге танымал ірі дін ғұламаларын дүниеге әкелді. Қасиетті Құраннан кейінгі мұсылмандардың екінші кітабы хадистер жинағын құрастырушы Имам Бұхари де – осы Орта Азияның өкілі. Сахих хадистерді жинаушы, мәшһүр ғалым Бұқарада туып, Самарқанда жерленген. Ислам дінінің негізі болып есептелетін ақида ілімінің мәшһүр ғалымы имам Матуриди де – Түркістан жұртынан шыққан ғұлама. Ислам әлемінде ақида мәселесінен талас-тартыс күшейіп, мұсылмандар арасына жік түскен тұста ғұлама аят пен хадиске сүйеніп, мұсылман бірлігінің ұйтқысы бола білді. Белгілі ағартушы-ғалым И.Гаспиринский өзінің «Түркістан ғұламасы» атты еңбегінде Түркістан топырағынан шыққан дін ғалымдарын, атап айтқанда, атақты хадистанушылар мен фиқһ ілімінің ғұламаларын, сөз өнерінің білгірлері мен атақты шайырларын, әулиелерін т.б. атап айтады. Атақты хадистанушылар деп: әл-Бұхари, Мұхаммед бин Ғайса Термези, Ибраһим Шәки-

Народ Туркестана внес неоценимый вклад в историю развития ислама. Этот регион был олицотворением ислама на протяжении нескольких веков и способствовал появлению на свет великих религиозных ученых, знаменитых на весь мир. Составитель второй книги мусульман после Священного Корана, сборника хадисов имам Бухари – представитель Средней Азии. Коллекционер сахих хадисов, известный ученый родился в Бухаре, а был похоронен в Самарканде. Известный ученый, вероубеждения которого является основой ислама, имам Матуриди тоже из народа Туркестана. Матуриди опираясь на аяты и хадисы стал ядром единства мусульман тогда, когда между мусульманами возникли разногласия и споры по вопросам акиды. Известный просветитель и ученый И.Гаспринский в своей работе «Туркестанские ученые» упоминал множество ученых, в частности, известных хадисоведов, знатоков фикха и красноречия, именитых поэтов, праведников и других выходцев из Туркестана. На Аль-Бухари, Мухаммед ибн Иса ат-Тирмизи, Ибрахим Шакистани, Абу

The contribution of the people of Turkestan in the history of Islam is priceless. This neighborhood was the sanctuary of the religion of Islam, here great thinkers were born. And Imam Bukhari who compiled the second book of the hadeeth of Muslims after the Koran, also comes from the Central Asia. Collector of the hadith Sahih, a famous scientist was born in Bukhara and was buried in Samarkand. A well-known scholar of theology of Aqeeda who is the basis of the religion of Islam, Imam Maturidi is also a Turkestan native. When the struggle on the topic of the Akids of the religion of Islam intensified, and the problem among the Muslims erupted, he was able to preserve the unity of the Muslims based on ayats and hadith. The famous thinker and scientist M.Gaspirinsky in his work «The Thinkers of Turkestan» noted scientists born in Turkestan, more accurately known hadithists and researchers of theology, skilled linguists, famous shanyrs, saints, and so on. As the great hadithists he noted: al-Bukhari, Mohammed bin Ghayas Termezi, Ibrahim Shakistani, Abu Gabdurahman, Ahmad bin Shugayin an-Nasan, Abu Bakir Ahmed ibn Mohammed

стани, Әбу Ғабдурахман Ахмад бин Шұғайып ән-Нәсаи, Әбу Бәкір Ахмед бин Мұхаммед әл-Хорезмилерді т.б., фиқһ ілімінің ғұламалары ретінде Әбу Матфах Балхи, Әбул Қасым Сафар Балхи, Шәмсул Әимма Сарахси, Фахруддин Ғали Яздауи, Бурханаддин Мәр Ғинани, Зейнуддин Гәтәби Бұхарилерді т.б., сонымен қатар Әбілқасым Мұхаммәд бин Омар әз-Замахшари, Мәуләнә Шайых Шағабуддин, Әбуләйс Самарқанди, Әбу Хафс Омар ән-Насафи сынды ғұламаларды атап өтеді.

Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы болған Духовский өзінің әрі зерттеу әрі миссионерлік «Ислам в Туркестане» атты жұмысында Түркістан топырағынан дін ілімінің үлкен қайраткерлері мен ғұламалары шыққанын жазады. 1899 жылы жазылған осы миссионерлік еңбегінде Духовский «Как велико было в свое время общемусульманское значение деятельности средне-азиятских богословов, прововедов и знатаков арабского языка, явствует уже из одного того, что некоторые из наиболее известных и авторитетных книг шариата, коими ныне руководствуются мусульмане-сунниты всего мира, были написаны в Средней Азии» дегенді айтады. Әлем мұсылмандары пайдаланатын беделді деген шариғат еңбектері Орта Азияда жазылған деп тайға таңба басқандай анық көрсетеді: «Хидая-и-шариф была написана в Маргелане; Акаид в Бухаре; Хикмат-уль-аин в Самарканде. Автор книги Хидая-и-шариф, маргеланский сарт, отправившись на поклонение в Мекку, получил место преподавания арабского языка и богословия в одном из медицинских мадраса». Сондай-ақ, генерал-губернатордың: «Без преувеличения можно сказать, что Средняя Азия дала мусульманскому миру последнюю редакцию шариата» деп мойындағанын да көреміз.



Абдурахман Ахмад бин Шугаиб ан-Насаи, Абу Бакр Ахмед бин Мухаммед аль-Хорезми он указал как на великих хадисоведов, великими учеными фикха были Абу Матфах Балхи, Абуль Касым Сафар Балхи, Шамсуль Аимма Сарахси, Фахруддин Али Яздауи, Бурханаддин Мар Гинани, Зейнуддин Гатаби Бухари, а также Абылкасым Мухаммед бин Умар аз-Замахшари, Мевляна Шайых Шагабуддин, Абулайс Самарканди, Абу Хафс Умар ан-Насафи.

Духовский, бывший генерал-губернатор Туркестанского округа, в своей исследовательской и миссионерской работе «Ислам в Туркестане» писал, что великие деятели и ученые религии происходят из местности Туркестан. В этой миссионерской работе, изданной в 1899 году Духовский пишет: «Как велико было в свое время общемусульманское значение деятельности средне-азиятских богословов, правоведов и знатаков арабского языка, явствует уже из одного того, что некоторые из наиболее известных и авторитетных книг шариата, коими ныне руководствуются мусульмане-сунниты всего мира, были написаны в Средней Азии». Он отражает и четко показывает, что известные шариатские произведения, используемые мусульманами мира, были написаны в Средней Азии. Речь идет о труде «Хидая-и-шариф», который был написан в Маргелане, «Акаид» в Бухаре, «Хикмат-уль-аин» в Самарканде. Автор книги Хидая-и-шариф, маргеланский сарт, отправившись на поклонение в Мекку, получил место преподавания арабского языка и богословия в одном из медицинских мадраса». Кроме того, генерал-губернатор признается: «Без преувеличения можно сказать, что Средняя Азия дала мусульманскому миру последнюю редакцию шариата».



УБЫТОЧЕНЪ-ЛИ

ТУРКЕСТАНЪ

ДЛЯ

РОССІИ.

al-Khwarizmi; As researchers of the fiqh theology, he noted: Abu Matfah Balkhi, Abul Kasym Safar Balkhi, Shamsun Aimma Sarahsi, Fakhruddin Ghali Yazadoun, Burhanaddin Mar Ghinani, Zeynuddin Gayabi Bzkhari and others; Also noted scientists as Abilkasim Muhammad bin Umar az-Zhamahshari, Maulana Shaykh Shagabuddin, Aboulayas Samarkandi, Abu Khafas Umar an-Nasafi.

The Governor-General of Turkestan, Dukhovsky, in his research and missionary work «Islam in Turkestan» says that the great figures and scholars of religion are Turkestan descendants. In this work, which was written in 1899, Dukhovsky noted, «How great was the common Muslim significance of the activity of the Middle Asian theologians, jurists and scholars of the Arabic language, is evident from the fact that some of the most famous and authoritative books of the Sharia, Which are now guided by Sunni Muslims around the world, were written in the Central Asia». He clearly described that the most famous influential works with the Shariats of the world, used by Muslims of the world, were written in the Central Asia. «Hidaya-i-sharif was written in Margelan; Akaid in Bukhara; Hikmat-ul-ainv of Samarkand. The author of the book Hidaiah-i-Sharif, the Margelan Sart, went to worship in Mecca, received a place of teaching Arabic and theology in one of the medical Madras». To that we can see the recognition of the governor: «Without exaggeration we can say that Central Asia gave the Muslim world the latest edition of the Shariat».

Қазақ топырағы, Түркістан жұрты дін ілімінің үлкен қайраткерлерін дүниеге әкеліп, әлемде Ислам дінінің кең қанат жайып, дамуына өлшеусіз үлес қосты. Түркістан топырағынан шыққан дін ғұламалары Ислам ілімін таратуда тек Орта Азиямен ғана шектелген жоқ. Оның бір шеті Үндістанға жетсе, екінші бір шеті Түркияға дейінгі аймақта тарағанын да атап өту парыз. Мәселен, Самарқандта жерленген белгілі мутақаллим-философ, кәлам ілімінің маманы, Алтын Орда ханы әз-Жәнібектің қолдауымен жазылған «Мұхтасар мааний» еңбегінің авторы Садуддин Тафтазанидің грамматика, риторика, Құран тәпсірі туралы еңбектері бірнеше ғасырлар бойы Осман империясының медреселерінде оқытылуынан-ақ Түркістан топырағынан тараған діни ілімнің тамыры тереңге кеткенін көреміз.

Казахская земля и Туркестанский народ способствовал появлению великих деятелей религиозного учения, внес безмерную лепту в распространение и развитие исламской религии на мировой арене. Религиозные деятели из Туркестанского края, неся в массы исламское учение, не ограничились только Средней Азией. Религиозное учение охватило территорию от Индии до Турции. Например, труды о грамматике, риторике и тафсире Корана известного философа-мутаккалима, похороненного в Самарканде, Сададдина ат-Тафтазани, который является автором книги «Мухтасар мааний», написанной при поддержке хана Золотой Орды Жанибека, изучались несколько веков в Османской империи. Это указывает на широкое распростронение религиозного учения того времени, берущего своё начало из Тур-

The Kazakh land, the people of Turkestan, made an invaluable contribution to the development and spread of the religion of Islam throughout the world, giving life to many famous personalities of religion. Thinkers in spreading the religion of Islam were not limited to the Central Asia alone. It is a sin not to note that one part reached India, the other neighborhood to Turkey. For example, work on grammar, rhetoric, comments on the Quran of the author «Muhtasaray Maaniy», which Saduddin Ghaftazani wrote with the support of the Mutakalim philosopher, professional Kalam of Altyn Orda who was buried in Samarkand az-Janibek, for several centuries were used as benefits in Madrassas of the Ottoman Empire, which in turn proves that the religious knowledge of the people of Turkestan has taken its roots deeply.



■ Атақты ғалым Ибн Синаның қолжазбасы.

■ Рукопись великого ученого Ибн Сины.

■ The manuscript of the great scholar Ibn Sina.

# Жүсіп Баласағұни (1017/1021-1075)



Қазақстан жеріндегі «мұсылман ренессансының» айқын көріністерінің бірі – Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігі». Осыдан тоғыз ғасыр бұрын жазылған бұл дастанда түрік мәдениетінің негізгі нышандары айқындалып, бақытты өмір сүру мұраттары тұжырымдалады. Жүсіп Баласағұнның бұл еңбегін шын мәнісінде ортағасырлық түрік мәдениетінің энциклопедиясы деп қарастыруға болады. «Құтадғу білік» («Құтты білік») — 6520 бәйіттен тұратын философиялық-тәлімдік шығарма. Дастанның аты Жүсіп Баласағұнның өмір тірегі – құт, яғни парасатты, нұрлы өмір деген басты принципіне сүйенген. Дастанда X-XI ғасырлардағы Жетісу жерінде тұрған тайпалардың салт-санасы, әдет-ғұрыптары, наным-сенімдері көп жырланған. «Құтты білік» дастаны орта ғасырларда бүкіл түркі әлеміне түсінікті болған Қарахан мемлекетінің тілінде жазылған. Жүсіп Баласағұн бұл еңбегін 1069-1070 жылдары Баласағұн қаласында бастап, он сегіз айдың ішінде Қашқар қаласында аяқтаған.

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастаны белгілі бір мағынада елдегі Ата заң қызметін атқарған шығарма.

кестанского края.

Одно из ярких плодов «мусульманского ренессанса» в казахской степи – это труд «Кутадгу билик» Юсуфа Баласагуни. В поэме, которая была написана девять веков назад, представлены основные понятия тюркской культуры и сформурилованны прицыпы счастливой жизни. Работу Баласагуни можно расценивать как энциклопедию средневековой тюркской культуры. «Кутадгу билик» (Кутты билик) – философско-воспитательное произведение, которое состоит из 6520 баитов (двустиший). Само название поэмы происходило от основного принципа, которого придерживался Баласагуни - счастье, т.е. здравомыслие и светлая жизнь. В поэме в стихотворной форме воспевались нравственные ценности, обычаи народов Жетысуского края X-XI веков. Поэма «Кутадгу билик» написана на языке государства Караханидов, который в средние века был единым для общетюркских народов. Эту поэму Баласагуни начал в 1069-1070 году в городе Баласагун и работал над ней в течение восемнадцати месяцев, законив в городе Кашгар.

Поэма «Кутадгу билик» играла

One of the clear indicators of the «Muslim renaissance» in the Kazakh land is «Kutta Bilik» of Zhusip Balasagun. This work, written 9 centuries ago, described the main features of the Turkic culture and formed the legacy of a happy life. This work of Zhusip Balasagun can be regarded as an encyclopedia of the culture of medieval Turks. «Kutadgu bilik» («Kutta bilik») is a philosophical and instructive work, which consists of 6,520 bates. The name of the epic is based on the main principle, and the life support of Zhusip Balasagun is an asset, that is, the wealth of sanity and a bright life. The poems in the epic were written about consciousness, traditions and customs, and the beliefs of the tribes that inhabited the Zhetisu in X-XI centuries. «Kutta bilik» was written in the language of the Karakhan state, which was understandable to the entire Turkic people. Zhusip Balasagun began writing an epic in the city of Balasagun in the years of 1069-1070 and completed it after 18 months spent in the city of Qashqar.

So it can be noted that the epic played the role of «Ata Zan» (basic laws) in some sense.



- «Құтты білік». Үрімжі. 1985 жыл.
- «Благодатное знание». Урумчи. 1985 год.
- «Kyttybilik». Urumqi. 1985.

# Махмұд Қашқари (1029-1038)



Түрік тайпалары Шығыс Ренессансының жай ғана шеткі аймағы емес екенінің тағы бір куәсі — Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің жинағы») атты туындысы. Бұл сөздікті тек тілтанулық құрал демей, сонымен бірге ортағасырлық түркі мәдениетінің озық өркениетке қосқан бір үлесі деп қарастырған жөн. Мұсылман әлемін баурап алған мәдениетке өзін әлемге таныту қажеттігі туындады. Оны Махмұд өзінің теңдесі жоқ шығармасында ойдағыдай жүзеге асырады. Махмұд Қашқаридың негізгі зерттеген мәселесі – түрік тайпаларының мәдениеті. Осы мақсатпен ол бүкіл түркі тайпалары мекендеген кеңістікті аралап шыққан.

«Мен түріктер, түрікмендер, оғыздар, шігілдер, яғмалар, қырғыздардың шаһарларын, қыстақ пен жайлауларын көп жылдар кезіп (аралап) шықтым, лұғаттарын жинадым, түрлі сөз қасиеттерін үйреніп, анықтадым. Мен бұл істерді тіл білмегенім үшін емес, қайта бұл тілдердегі әрбір кішігірім айырмашылықтарды да анықтау үшін істедім. Әйтпесе, мен тілде олардың ең білгір адамдарынан, ең үлкен мамандарынан, көрегендерінен, тайпаларынан шыққан, соғыс істерінде мықты найзагерлерінен едім. Оларға ден қойғаным сондай, түріктер, түрікмендер, оғыздар, шігілдер, яғмалар және қырғыз тайпаларының тілдері түгелдей көңіліме қонып, жатталып қалды. Солардың бәрін мұқият бір негізде жүйеге салдым», – дейді данышпан қайраткер аталмыш еңбектің кіріспесінде.

Лұғатта тек Қарахандар мемлекетінің мәдени өмірі ғана емес, сонымен бірге ежелгі дәуірден келе жатқан түрік мәдениетіндегі миф-аңыздар, тұрмыс-салт ерекшеліктері, табиғат құбылыстары тамаша суреттелген. Осы орайда, Махмұд Қашқариды халық эпосын жазбаша түрік мәдениетінде алғашқы зерттеген ғұлама деп бағалауға болады.

Махмұд Қашқаридың толық есімі – Махмұд ибн әл-Хусейн ибн Мұхамед. Ғылыми жорамалдарға қарағанда, ол 1029-1038 жылдар аралығында Қашқар шаһарында дүниеге келген. Сондай-ақ, оның Қарахандтер әулетінен шыққандығы да айтылады. Ата-бабаларының бірі – Харун әл-Хасан бин Сүлеймен Боғра хан атағын алған, Мауреннахрды жаулап алып, Саманилердің астанасы болған Бұхараны да бағындырған қолбасшы болған. Әкесі Боғра ханның немересі Хусейн бин Мұхаммед Барсханның (Барскон) әкімі еді. Кейіннен Қараханидтер әулеті билеген мемлекеттің мәдени-саяси орталықтарының бірі – Қашқар қаласына ауысқан. Махмұдтың «Қашқари» ныспысын алуы да осы қалада тұруына байланысты болатын.

Махмұд оқып-жазуды және кейінгі тәлімін өзі туылған Қашқар қаласында алды. Ол заманғы Қашқар қаласы – Шығыс Түркістанның ірі саяси жаңа мәдени орталығы еді. Махмұдтың замандасы Жүсіп Баласағұн осы кезде өзінің өлмес «Құтты білігін» жазғаны – бұл өлкеде ғылым мен өнердің аса дамығанын дәлелдейді. Ол уақытта барлық мұсылман елдерінде, олардың ішінде Қашқар елінде де мектептерде Құран, араб тілі, заң негіздері, математика оқытылатын болған. Бірақ, Махмұд тек Қашқарда алған білімімен шектелмей, Азияның басқа да, Бұхара, Самарқан, Нишапур, Мерв, Бағдат сияқты ірі мәдени орталықтарында білімін кеңейткен.




■ «Диуани лұғат ат-түрік» қолжазбасы.

■ Рукопись «Дивани лугат ат-тюрк».

■ Handwriting «Diwani lugat at-turk».

роль Конституции.

Приведем еще один пример для того, чтобы понять, что тюркский народ не был просто отдаленным краем ренессанса Востока. Произведение Махмуда Кашгари «Диуани лугат ат-тюрк» («Сборник по тюркских слов»). Этот труд надо воспринимают не только как лингвистическое пособие, а как огромный вклад тюркских культур в передовую цивилизацию средневековья. Наступило время, когда требовалось явить миру культуру, покорившую сердца мусульман. Своим сочинением Махмуд Кашгари достиг этой цели. Основной обьект его исследования – культура тюркских племен. Для достижения своей цели он изучил всё пространство в котором жили тюркские народы.

«Я в течение многих лет странствовал по городам, зимовкам и джайлау тюрков, тюркменов, огузов, шигилов, ягмов и киргизов, записывал и определял значение и смысл услышанных слов. Сделал я это не из-за того, что не знал этих языков, а для того, чтобы выявить незначительные языковые различия. Между тем, в области языкознания я был одним из самых видных знатоков и крупных специалистов, а в деле войны - одним из самых искусно владеющих копьем. Я так заинтересовался языками тюрков, туркменов, огузов, шигилев, ягмов и киргизов, что знал каждый из них наизусть. Эти языки я внимательно вложил в систему», - сказал известный деятель в предисловии данного труда.

В «Диуани лугат ат-тюрк» прекрасно описана не только культурная жизнь государства Караханидов, а также мифы, бытовые обряды, обычаи и традиции, образ жизни, природные явления тюркских культур в древней эпохе. В связи с этим Махмуда Кашгари можно назвать великим ученым, первым исследовавшим народные эпосы в письменной тюркской культуре.

Полное имя Махмуда Кашгари – Махмуд ибн аль-Хусейн ибн Мухаммад. Согласно научным предположениям, он родился в 1029-1038 годы в городе Кашгар. Есть информации, что Кашгари происходит из рода караханидов. Один из его предков Харун аль-Хасан бин Сулейман, полководец, получивший звание Богра хана, завоевал Мавераннахр и покорил столицу саманидов Бухару. Его отец, внук Богра хана Хусейн бин Мухаммед был наместником Барсхи (Барскон). Со временем центр государственного и культурно-политического влияния династии караханидов стал город Кашгар. Причина взятия Махмудом имени «Кашгари» связано с его проживанием в этом городе.

Махмуд учился писать, читать и воспитовался в городе Кашгар. В те времена Кашгар был новым крупным политическо-культурным центром. Современник Кашгари Юсуф Баласагуни в это время писал поэму «Кутадгу Билик», и это свидетельствует, что земли Кашгара в то время были центром цивилизации и искусств. В тот период времени во всех мусульманских странах, и в Кашгарии, в школах изучались Коран, арабский язык, основы законов, математика. Но Махмуд не ограничился учением не только в городе Кашгар, он расширил свои знания и кругозор и в других городах Азии, которые были крупными культурными центрами, такие как Бухара, Самарканд, Нишапур, Мерв, Багдат.

The work of «Diyuani lugat at-Turk» («Collection of Turkic words») by Mahmud Qashqari is another proof that the Turkic tribes are not the most extreme borders of the Eastern Renaissance. This dictionary should be considered not only as a guide to linguistics, but also as a particle that contributed to the development of civilization. Turkic culture conquered the world of Muslims, it was necessary to inform itself all over the globe. This goal was fulfilled by Mahmud Qashqari in his priceless work. The true purpose of the study of Mahmud Qashqari is the culture of the Turkic tribes. To this end, he studied the entire space in which the Turkic tribes lived.

«For several years I went around all the cities, wintering and summer camps of Turks, Turkmens, Oguzes, Shigils, Yagmas, Kirghiz, collected all the words in the collection, studied and analyzed the quality of words. I did this not because I did not know the language, but to find out even the slightest differences between these languages. Otherwise, I was one of the most experts on the language, from professionals, from those who saw a lot, from their tribes, from skillful linguists for the time of war. I was so carried away by them that the languages of the Turks, Turkmens, Oguzes, Shigils, Kirghiz and Yagma fell into my soul, and I remembered them. And I introduced them into the system on a very accurate basis», said the great thinker in the introduction of his work.

Lugat describes mythical history, peculiarities of custom and traditions, natural phenomena in Turkic culture, which has been going on since ancient times, except for the life of the Karakhan state. In this case, it is possible to evaluate Mahmud Qashqari as the first scientist who studied the folk epic in written Turkic culture.

The full name of Mahmud Qashqari-Mahmud ibn al-Husayn ibn Mohammed. According to scientific data, he was born between the years 1029-1038 in the city of Qashqar. It is also said that he is a native of the Karakhan family. One of his ancestors, Harun al-Hasan bin Suleimen Bogra received the title of Khan, conquered Mavarannahr was commander of the conquered Samani's capital city Bukhara. Yez Hussein bin Muhammad, the grandson of Khan Bogra, was the Akim of Barskhan (Barskon). Then he was transferred to the cultural and political center of the state, which was ruled by the family of Karakhans-Qashqar. The cause according to which Mahmud took the name «Qashqari» is connected with the fact that he lived in this city. Mahmud learned to write and read, and received the rest of the knowledge in the year where he was born in Qashqar. At that time, Qashqar was a major center of politics and culture in East Turkestan. A person who lived in the era of Mahmud, Jusip Balasagun, who wrote at that time the immortal work of «Kutty Bilik», proves that science and art developed very rapidly in this area. In those days, in all Muslim countries, including Qashqar, the Koran, the Arabic language, the foundations of law, mathematics were studied. But Mahmud did not limit his knowledge in Qashqar, and studied in large cultural centers of Asia like Bukhara, Samarkan, Nishapur, Merv, Bagdat.

# Әбу Насыр әл-Фараби (870-950)



Орта ғасырлардағы қазақ даласынан шыққан ойшылдардың ең атақтысы – «Шығыстың Аристотелі» атанған ұлы ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби. Оның толық аты-жөні — Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан әл-Фараби. Мұндағы «тархан» сөзінің мағынасы, біріншіден, түркі халықтарынан шыққандығын білдірсе, екіншіден, қағандарға жақын бай, шонжарлар ортасына жататынын көрсетеді, яғни «тархан» сөзі «бекзада» мағынасын да білдіреді. Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда, әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырдарияға құяр тұсындағы Фараб (Отырар) қаласында әскербасының отбасында дүниеге келген.

Әл-Фараби алғашқы білімді Отырар медреселерінің бірінде алған. Өйткені, көне дәуірден қалған бір деректерге қарағанда, «Мауреннахрда балаларды түрлі қолөнері мен ғылымға үйрету, баулу, оқыту, олардың бес жасар кезінен басталатын болған». Ол кезде мұсылман әлемінің рухани орталығы Месопотамия болғандықтан, жас Әбу Насырды ата-анасы Таяу және Орта Шығыс елдеріне сапарға дайындайды. Бірақ, Әбу Насыр Бағдатқа бармастан, жолай Шаш пен Самарқан, Бұқара шаһарларында білімін толықтырады. Кейіннен ол Иран еліндегі Мешһед, Нишапур, Рей, Исфаһан қалаларына келеді, халқының мәдениетімен танысады. Тек осыдан соң ғана әрі қарай Бағдатқа аттанады.

Әл-Фараби логика, әуез (музыка), астрономия және басқа ғылымдар бойынша көптеген еңбектер жазған. Ибн Хаукаль өз еңбегінде әл-Фараби жайлы: «Ол – аса ірі мұсылман философтарының бірі. Олардың ешқайсысы да оның деңгейіне жеткен жоқ. Әбу әли ибн Сина да өзінің шығармаларын жазу үстінде оның еңбектерін пайдаланғанын, сол арқылы мәшһүрлікке қолы жеткенін еске алады», – дейді.



■ Сегіз ішекті уд (лютня) бейнеленген Әл-Фараби қолжазбасы.

■ Рукопись аль-Фараби с изображением восьмиструнного уда (лютни).

■ The manuscript of Al-Farabi, depicting eight strings (lute).

Самый известный мыслитель казахской степи в средних веках великий ученый, которого назвали «Аристотелем Востока» Абу Наср аль-Фараби. Его полное имя – Наср  Мухаммед ибн Мухаммед ибн Узлаг ибн Тархан аль-Фараби. Слово «тархан» означает, во-первых, что его происхождение из тюркских народов, во-вторых, показывает, что он близок кагану, богатым, влиятельным людям, феодалам, то есть, слово «тархан» имеет значение «аристократ». Согласно арабским и персидском источникам аль-Фараби родился в городе Фараб, где река Арыс впадает в Сырдарью, в 870 году в семье полководца. Первые знания он получил в одном из медресе Отрара. Потому что согласно некоторым фактам «в Мавераннахре учили детей разному ремеслу и наукам с пяти лет». Так как в то время центром мусульманского мира являлась Месопотамия, юного Абу Насра родители готовили отправить на Ближний и Средний Восток. Но прежде чем попасть в Багдат Абу Наср по пути останавливается в Шаше, Самарканде и Бухаре, где расширяет свои знания. Затем он отправляется в Иран, где в городах Мешхед, Нишапур, Рей, Исфахан знакомится с местными культурами. И только после этого Абу Наср прибывает в Багдат.

Аль-Фараби автор многих произведений о логике, музыке, астрономии и т.д. В своем труде Ибн Хаукаль писал: «Он был самым известным мусульманским философом. Никто из них не достиг таких вершин. И Абу али ибн Сина в своих произведениях упоминает, что он сам использовал его научные труды и с помощью этого стал знаменитым».



■ Әл-Фарабидің «Kitab ihsa’ al-’ulum» («Ғылымдар энциклопедиясы») кітабының Кремоналық Жерард аударған латынша нұсқасы.

■ Латинская версия в переводе Жерара Кремонского книги аль-Фараби «Kitab ihsa’ al-’ulum» («Энциклопедия наук»).

■ The Latin version of Al-Farabi’s book «Kitab ihsa’ al-’ulum» (Science Encyclopedia), tRIPGlated by Gerard from the Keramon.

The most famous scholar of the Middle Ages, who was born on Kazakh soil and was called «Aristotle of the East» is the great thinker Abu Nasr al-Farabi. His full name is Abu Nasr Mammad ibn Uzlag ibn Tarhanal-Farabi. The word «Tarhan» in the first means that he comes from the Turkic people, in the second, that he was close to the rich kagans, that he is from among influential people, that is, the word «Tarhan» means the word «aristocrat». In Arabic and Persian annals, al-Farabi was born into the family of a military commander in the city of Farab (Otyrar) near the place where the Arys river flows into Syrdaria, in 870.

Al-Farabi received his first knowledge in one of the Otyrar madrassas. As in the Bronze Age information they wrote: «In Mavarannahr, children began to be taught to science to accustom them to needlework at the age of five». Since at that time the center of spirituality of the Muslim world was the city of Mesopotamia, the parents of Abu Nasr prepared it to send to the Near and Middle Eastern countries. But before heading to Bagdat, Abu Nasr along the road supplemented his knowledge of cities like Shash, Samarkan, Bukhara. After that, he visited the cities of Iran as Mashhad, Nishapur, Rey, Isfaran and got acquainted with their culture. Only after that he went to Bagdat. Al-Farabi wrote many works on the spheres of logic, music, astronomy and others. Ibn Haukal wrote about Al-Farabi in his work: «He is one of the great Muslim philosophers. No one has reached its level. Abu Ali ibn Sina also used his works in written his works and remembers that he became famous for him».

Әл-Фараби – өздігінен оқып-жетілген ғалым. Ол, ең алдымен, грек ғылымын, оның философиясын, әсіресе, ұлы ұстазы Аристотельдің еңбектерін қызығып оқыған. Ибн Халиканның айтуына қарағанда, Әбу Насыр Аристотельдің «Метофизикасын» қырық, «Жан туралы» еңбегін жүз, ал «Риторикасын» екі жүз рет оқып шыққан көрінеді. Осындай ыждаһаттылығының арқасында ғана ол Аристотельдің ғылыми мұрасын еркін игерген.

Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол – парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Әбу Насыр – халықтарды бейбіт өмір сүруге, достыққа шақыра отырып, адам баласының білім мен парасатты ойын терең бағалаған кемеңгер. Атақты ғұлама соңына метофизика, тіл білімі, логика, география, этика, т.б. ғылым салаларын қамтыған жүз елуге тарта трактаттар жазып қалдырған.

Аль-Фараби стал ученым, который сам развил себя. Прежде всего он изучал греческие науки, античную философию, особенно его сильно интересовали труды великого Аристотеля. По словам ибн Халика, Абу Наср читал «Метафизику» Аристотеля сорок раз, «Психологию» сто раз, «Риторику» двести раз. Благодаря такой усердности, он смог свободно осваивать научные труды греческого мыслителя.

Аль-Фараби глубоко исследовал проблемы педагогики, психологии, эстетики и акустики, астрономии, он внес огромную лепту в развитие культуры и науки. Кроме того, Аль-Фараби выдающийся гуманист, который был сторонником здравомыслия и просветительства. Абу Наср – великий гений, высоко ценивший знание и здравомыслие человечества. Известный деятель оставил после себя около ста пятидесяти трактатов, посвященных метафизике, лингвистике, логике, географии, этике и т.д.

Al-Farabi was self-taught philosopher. At first he was very interested in Greek science and philosophy, especially with great interest reading the works of the great teacher of Aristotle. Ibn Khalika noted that Abu Nasr read Aristotle's «Metaphysics» forty times, the work «On the Soul» a hundred times, and «Rhetoric» two hundred times. Only with such a pressure could he freely master the knowledge in the heritage of Aristotle.

Al-Farabi also deeply studied the problems of pedagogy, psychology, aesthetics, acoustics, astronomyand contributed his share in culture and science. In addition, he is a great humanist, a supporter of sanity and enlightenment. Abu Nasr, a genius who deeply appreciated the sanity and knowledge of man, who taught the people to live a peaceful and friendly life. The great scholar last left about 150 tracts about metaphysics, about language, logic and geography.





■ Бирунидің кітабындағы Ай фазаларына түсіндірме сурет.

■ Пояснительный рисунок фаз луны в книге Бируни.

■ An explanatory illustration of the Moon Phases in Biruni's book.

Осылайша, X-XIII ғасырлар аралығында Қазақстанның қазіргі территориясы аса дамыған ортағасырлық араб-парсы-түркі өркениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Түріктердің арасынан әл-Фараби, Ибн Сина, Бұхари, Матуриди, Қожа Ахмет Яссауи сияқты ғұламалар шыққан соң, арабтар түркілерге тек әскери күш ретінде емес, білім, мәдениет, философия, өнер өкілдері ретінде қарай бастады. Алғашқыда Аббас әулеті халифаты билігіне қарасты Тұлын (868-905), Саж (890-929), Ихшид (935-969) сияқты жартылай тәуелсіз түрік саяси биліктерінің артынан Еділ-Бұлғар хандығы (922 ж. ислам дініне кірген), Қарахан (840-1212) билігі, Ғазнауи (963-1186), Селжұқтар (1038-1194) және Хорезмшах (1092-1221) мемлекеттері сияқты өте маңызды түркі-ислам мемлекеттері пайда болды. Соның барысында тамыры тарихтың тереңінен келе жатқан дәстүрлі түркілік дүниетанымның Исламмен біте қайнасуы нәтижесінде жаңа түркі-ислам мәдениеті мен өркениеті қалыптаса бастаған болатын.

Так в X-XIII веках настоящая территория Казахстана стала неразделимой частью высокоразвитой средневекой арабско-персидской цивилизации. После того, как среди тюрков вышли такие выдающие ученые и деятели как Аль-Фараби, Ибн Сина, Бухари, Матуруди, Ходжа Ахмед Яссауи, арабы стали воспринимать тюрков не только как народ, имеющий военную силу и мощь, но и как народ, обладающий знаниями, культурой, философией и искусством.



Thus, the present territory of Kazakhstan in the X-XIII centuries turned into a part of the Arab-Persian-Turkic medieval civilization. After the Turks came out among the Turks as al-Farabi, Ibn Sina, Bukhari, Maturidi, Kozha Ahmed Yassawi as, the Arabs looked at the Turks not only as a military force, but also on representatives of knowledge, culture, philosophy and art. At first, semi-independent Turkic political authorities appeared like Tulun (868-905), Sazh (890-929), Ishid (935-969) who belonged to the rule of the Caliphate of the Abbas dynasty, afterwards appeared important Turkic-Islamic states like the Volga-Bulgarian Khanate In 922 he received Islam), Karakhan (840-1212), Ghaznaoui (963-1186), Selzhuki (1038-1194) and Khorezmshah (1092-1221). Thanks to the fusion of history and the traditional Turkic worldview that has taken root deeply, a new Turkic-Islamic culture and civilization began to form.

# АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІНДЕГІ ИСЛАМ ДІННІҢ ДАМУЫ
# РАЗВИТИЕ ИСЛАМА В ЭПОХУ АЛТЫН ОРДЫ
# THE RISE OF ISLAM IN THE TIMES OF ALTYN ORDA

ХIII ғасырдан бастап Шыңғысхан шапқыншылығы нәтижесінде Ұлы моңғол империясының, кейінірек Жошы ұлысының негізінде құрылған Алтын Орда империясы түркі мәдениетінің үлкен орталығына айналды. 1258 жылы Алтын Орда тағына Берке ханның отыруымен Ислам дінінің даму дәуірі басталды. Беркенің Ислам дінін қабылдауына байланысты Алтын Орда мемлекеті Шыңғысхан құрған ұлы қағанаттан еншісін бөлек алып шығып, ғалам тарихында дербес саясат жүргізетін державаға айналды. Мысыр тарихшысы Бадр ад-Дин әл-Айнидің «Акд әл-джаман» атты шығармасында Берке ханның Кубрави тарихатының Әл-Бахарзи атты шейхіне мурид болып, Ислам дінін қабылдағандығы жазылған.

Ал, Кубрави тарихатының негізін салушы Наджм ад-Дин Кубра XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында Үргеніш қаласында өмір сүрген атақты сопы еді. Қарахандар дәуірінен бастап Орталық Азияның Ханафи мәзһабын ұстанғанын ескерсек, Наджм ад-Дин Кубраны да осы мәзһабтың өкілі болды деп болжауға негіз бар. Себебі, сол кездегі тарихи құжаттарға зер салсақ, Орталық Азияда тек бір Ханафи мәзһабының салтанат құрғанына көз жеткізе аламыз. Демек, Алтын Орда ханы Беркені Ислам дініне мойынсұндырған Кубрави өкілі Әл-Бахарзи де Ханафи мәзһабын ұстанған деп тұжырымдауға болады. Берке ханнан кейін Алтын Ордаға билік жүргізген Тудай Мөңке мен Ноғайдың Мысыр билеушісіне жазған хаттарында Берке ханның жолын ұстанғаны айтылады.

Алтын Орда, возникшая на территории улуса Джошы в результате завоеваний Чингиз хана в XIII веке и образования великой Монгольской империи, стала крупным центром тюркской культуры. В 1258 году в связи с тем, что царский трон Алтын Орды перешел к Берке хану, в тюркской культуре началось развитие эпохи исламской религии. Берке хан принял ислам, а государство Алтын Орда отделилось от великой империи монголов Чингиз хана и стала во всемирной истории самостоятельной державой. В произведении «Акд аль-джаман» египетского историка Бадр ад-Дин аль-Айнии говорится о том, что Берке хан стал муридом (учеником) шейха Аль-Бахарзия, который придерживался тариката Кубрави, и принял исламскую веру.

Основоположник тариката Кубрави Наджм ад-Дин Кубра – известный суфий, который жил в городе Ургениш в XII-XIII века. Если учитывать, что с эпохи караханидов Средняя Азия придерживалась мазхаба Ханафи, то можно предположить, что Наджм ад-Дин Кубра тоже был сторонником этого мазхаба. Потому что, если взглянуть на исторические документы того времени, то мы увидим, что в Средней Азии занимал господствующее положение только один мазхаб, ханафитский. Значит Аль-Бахарзи, который агитировал хана Алтын Орды Берке принять исламску веру, был ханафитом. В письмах последующих ханов Алтын Орды Тудай Монке и Ногай египетским правителям упоминалось, что они следовали мазхабу, которого придерживался Берке хан.

Altyn Orda was built on the basis of the great Mongolian empire, as a result of the invasion of Genghis Khan from the XIII century, after on the basis of Zhoshy's ulus in the cultural center of the Turks. In 1258, with the arrival of Berke Khan to the throne of Altyn Orda, the era of the development of the Religion of Islam began. With the adoption of Islam by Berke khan, Altyn Orda, having separated from the great khanate that Genghis Khan founded, turned into a power that led an open policy in the history of mankind. The Egyptian historian Badr al-Din al-Aini in the work «Akd al-Jaman» wrote that Berke became Muridom Kubravi Sheikh al-Baharzi, accepted Islam.

The founder of Kubravi Najm ad-Din The Kubravi Sufist who lived in Urgenish at the end of the XI century and at the beginning of the XIII century. Considering that since the era of the Karakhans, middle Asia has adhered to the Hanafi madhhab, it can be assumed that Najm ad-Din Kubra was also a representative of this madhhab. If you revise the historical documents of those times, you can be sure that in Central Asia only Khanafi's madhhab achieved success. This means that, al-Bakharzi from Kurawaby, who led Berke Khan Altyn Orda to Islam, also adhered to the Hanafi madhhab. In the letters of the rulers after Berke Khan Tudai Munke and Nogai the Egyptian ruler said that they adhered to Berke Khan.



■ Алтын Орда астанасы Сарай Берке шаһары.
■ Столица Золотой Орды город Сарай Берке.
■ The city Sarai Berke, the capital of the Golden Horde.



■ XII-XVIII ғасырлардан қалған дипломатиялық құжаттар. Осы кезеңдерде билік еткен хан жарлықтары, Алтын орда хандары Батыйдың Рим папасына, Тоқтамыс ханның Польша королі II Ягелоға, Әмір Темірдің Франция королі IV Карлға жазған хаттары.

■ Дипломатические документы XII-XVIII веков. Указы ханов, которые правили в этот период, письма ханов Золотой орды, Батыя папе Римскому, Токтамыс хана королю Польши Ягело II, Амира Тимура королю Франции Карлу IV.

■ Diplomatic documents dating back to the XII-XVIII centuries. There was such documents as, the decrees of the Khan's during this period, the letter of Batu, the khans of Altyn Orda to the Pope of Rome, the letter of Tokhtamys khan to the Jagiello, the king of the Poland, and also the Letter of Amir Temir to the Charles IV, the king of the France.







Дегенмен, Берке хан Қарақорымнан сырт айналғаннан кейін тәуелсіз мемлекет ретінде Алтын Орда мемлекетінің ішкі-сыртқы функциясына жаңа өзгерістер жасауға тиісті еді. Өйткені, оның билігі тұсында Шыңғыс ұрпақтары жаулап алған иеліктерді бөлісе алмай, өзара қырқыса бастады. Сондай-ақ, Алтын Орда мемлекетінің алғашқы билеушісі Бату хан дін мәселесінде бейтартап ұстанымда болса, Берке ханның Ислам дінін қабылдауына байланысты Жошы ұлысының ішкі-сыртқы саясатында діни мүдде негізгі рөл атқарды.

Берке хан таққа отырғаннан кейін Алтын Орда мемлекетінің ішкі әкімшілік түзімін және сыртқы саяси арналарын жаңа бағытта өрбітуге күш жұмсады. Ішкі әкімшілік жүйеге өзгерістер енгізу барысында Берке хан Шыңғыс тұқымының билігін мүлде шектемесе де, олардың қатаң түрде орталыққа мойынсұнуын қолға алды. Мемлекет қуатын одан ары қарай арттырып, әкімшілік жүйедегі ондық, жүздік, мыңдық, түмендік әскери тәртіпті нығайта түсті. Мемлекеттік басқарудағы диван қызметіне Ислам орталықтарынан арнайы шақыртылған діни оқымыстылар тартылып, Алтын Орда қалаларының сипаты мұсылмандық нақышта өріле бастады. Империяның мұсылмандар қоныстанған қалаларында жаппай мешіт-медреселер салынып, исламдану үдерісі қарқынды түрде жүзеге асырылды.

После отделения от Каракорыма Берке хан и его независимое государство должны были внести новые изменения во внешней и внутренней политике Алтын Орды. Потому что во время его правления потомки Чингиз хана не могли разделить новые завоевыванные земли и поэтому враждовали между собой. Если первый правитель Алтын Орды Бату хан придерживался нейтральной позиции по отношению к религии, то Берке хан принял ислам, и в связи с этим во внутренней и внешней политике Улуса Джошы религия стала играть особую роль.

После вступления на престол он предпринял шаги изменить внутреннее административное управление и подход к внешней политике. Берке хан хоть и полностью не ограничил влияние потомков Чингиз хана на власть, но попытался подчинить их себе. В целях дальнейшего развития и усиления государственной власти, Берке хан укрепил военно-административную десятеричную систему (тумены, тысячи, сотни, десятки). В государственные диваны (ведомства) были привлечены специальные религиозные ученые из исламских центров. В городах империи, где расселились мусульмане, строились мечети и медресе, успешно реализовывался процесс исламизации.



■ Алтын Орда хандары Александр Невскийге тарту еткен дулыға.

■ Шлем подаренный Александру Невскому ханами Золотой орды.

■ A helmet to the Golden Horde khan. This helmet is the present of the Golden Horde khans to the Alexander Nevsky.

■ Алла жақтан бір көмек және жақын бір жеңіс бар. Мүміндерді қуандыр (61/13)

■ «Помощь от Аллаха и близкая победа. Сообщи же благую весть верующим! Коран. (61/13).

■ And [you will obtain] another [favor] that you love - victory from Allah and an imminent conquest; and give good tidings to the believers. (61/13).

Nevertheless, Burke Khan separating Altyn Orda from Karakorim, had to make changes in the internal and external functions of the independent state. Since during his reign, the descendants of Genghis Khan could not share estates and began enmity between themselves. Besides, if the founder and the first ruler, the state of Altyn Orda Batu Khan held to neutrality in religion, Berke Khan accepted Islam was due to the fact that the interest of religion in domestic and foreign policy in Ulus Zhoshy played an important role.

After Burke sat on the throne, he spent all his energy on developing the internal administrative structure and external political channels in a new direction. Although during the introduction of changes in the system of internal administration Berke Khan limited power to the descendants of Genghis Khan not completely, but strictly took in their hands the general obedience. He increased the power of the state, strengthened the tenth, hundredth, thousandth, Tyumen army system in the administrative system. Religious scholars from the centers of Islam were invited to the position of the sofa, and the cities of Altyn Orda developed in a Muslim format. In the Muslim cities of the empire, mosques and madrassas began to be built, and the process of Islamization took place at a pace.

Берке хан Ислам дінінің жанашыр-жоқтаушысы екенін өзінің әрбір ісінде ашық білдіріп отырды. Мысалы, оның Сарай-Батудан сәл жоғарырақ Еділ өзенінің бойынан Сарай-Берке қаласын салдырып, Алтын Орданың астанасын ауыстыруында да мұсылмандық мүдде басым-тын. Бас қаланы ауыстыру реформасы, ең бірінші кезекте, ел астанасының кескін-келбеті мұсылмандық өрнекте болу үшін қолға алынды. Бір жағынан, сол кезде Алтын Орда мен Мысыр мемлекетінің мұсылмандық саяси-діни одақ құруы Жошы ұлысындағы қалалардың исламдық сипат алуына өз әсерін тигізді. Мысыр билеушілері Алтын Ордадағы мешіт құрылыстарына қаражат бөліп, тас қашаушы сәулетшілерді жіберіп отырған. Ал, Ислам дініне деген бетбұрыстың нәтижесінде Алтын Орда қалаларында мешіт-медреселермен бірге қоғамдық монша, әжетхана, кәріз жүйесі, су құбырлары, хауыздар, бұрқақтар салына бастады. Бұрын жаулап алушы саналған халық бірте-бірте қала мәдениетін де игеріп, қолөнер кәсібін де тиісінше жолға қойды.




■ Алтын Орда дәуіріндегі сәулет ескерткіштері. XIII-XIV ғғ.

■ Архитектурные памятники эпохи Золотой Орды. XIII-XIV вв.

■ Architectural monuments of the Golden Horde era. XIII-XIV century.

Берке хан каждым своим поступком давал открыто понять, что он сторонник исламской веры. Например, инициатива по постройке города Сарай Берке в вверхнем течении реки Едиль и перенос столицы Алтын Орды возникла из-за соображений о том, что мусульмане нуждают в этом. Реформа по переносу главного города страны была необходима в первую очередь для создания образа столицы как основного мусульманского города. Алтын Орда и Египетское государство создали единый политическо-религиозный союз, который способствовал приданию городам Улуса Джоши мусульманского харакера. Так, власти Египта изыскивали финансовые средства для построения мечетей и послали специалистов для тесения камней. Вместе с новыми вехами в исламской религии местные жители начали знакомиться с банями, туалетами, водопроводами, фонтанами. Если прежде местные жители были как разбойники, то в это время они начали осваивать городскую культуру и художественное ремесло.

In each of his actions Berke Khan showed that they are yearning and close to Islam. For example, in the fact that he built the city of Saray-Berke, just above the city of Saray-Batu along the Volga River, and replaced the capital, there is an excellence of religious interests. The first reason for which he replaced the capital is the type and structure of the capital was to be in the Muslim image. Secondly, at that time the political and religious alliance of Altyn Orda with Egypt influenced the borrowing of images of cities in the Zhoshy's ulus. The Egyptian rulers sponsored the construction of mosques in Altyn Orda and sent architects and stone stones. And thanks to the turns in the religion of Islam, in the cities of Altyn Orda, in addition to mosques and madrassas, there appeared public baths, latrines, cornice systems, water pipes, pools and fountains. The people considered conquerors, gradually got used to city culture and as it is necessary have learned even needlework.



■ Арабша жазуы бар Мухаммад Өзбек ханның қылышы. XIII-XIV ғғ.

■ Меч Мухаммад Узбек хана с арабскими надписями XIII-XIV вв.

■ The sword of Uzbek khan with the Arabic inscriptions, XIII-XIV century.



Берке ханның Исламның дініне қамқорлығы оның сыртқы саясаттағы ұстанымынан да айқын аңғарылып отырды. Ол Алтын Орданың иелігі деп саналған оңтүстік Кавказдағы Әзірбайжан жері үшін өзінің немере інісі Иранды билеп-төстеген Құлағумен саяси текетіреске түседі. Оның себебі, Мөңке қайтыс болған соң, Ұлы Қаған тағына отырған Құбылай 1261 жылы Құлағуға «Елхан» атағын беріп, оны Иранның заңды билеушісі етіп бекітеді. Мысыр жылнамашысы әл-Омаридың жеткізуінше, Құлағудың Иранмен шектелмей, одан ары қарай Ислам халифатын жаулап алу жоспарына Ислам дініндегі Берке хан әу бастан-ақ үзілді-кесілді қарсы болған. Алғашқыда ағасы Батудың беделін пайдаланып, Құлағудың Амудариядан ары өтуіне тыйым да салдырған. Алайда, 1256 жылы Бату дүние салысымен Мөңке қағанның бұйрығымен Құлағу әскері Амудариядан өтіп, Иранға кең көлемдегі шабуылын бастайды. Ал, Бату ханнан кейін таққа отырған Сартақ хан Мөңке қағанның бұйрығына мойынсұнып, Құлағудың Иран мен Ислам халифатын жаулап алуына көмек ретінде Алтын Орда әскерін аттандырады. Бұл кезде Сартақ ханмен арасы салқын Берке Иран мен Ислам халифатын жаулауға кіріскен Құлағуға қарсы тұра алмады.

Құлағу қолбасылық жасаған көшпелілердің қуатты әскері қысқа уақыттың ішінде Исмайлиттер билігіндегі Иранның қырыққа жуық қамал-бекіністерін талқандап, 1258 жылы Ислам халифатының орталығы Бағдатты жаулап алады. Одан ары қарай Сирияны бағындыруға Мысырдағы мәмлүк билеушілерінің тегеуірінді қарсылығына ұшырағанымен, Құлағу аз ғана уақыттың ішінде Оңтүстік Кавказ және Иран мен Иракты жаулап алып, Алтын Орда империясына бәсекелес қуатты Елхан мемлекетін құрады.

Особая забота к исламской религии Берке хана была ясно видна и от его позиций во внешней политике. Он вступит в политическую борьбу за Азербайджан, территория которого в Южном Кавказе считалась под властью Алтын Орды, со своим двоюродным братом Кулагу, правившим Ираном. Потому что Кубылай, который после смерти Монке в 1261 году вступил на престол, дал Кулагу звание «Ельхан» и официальные полномочия властвовать над Ираном. По словам египетского летописца Аль-Омари, у Кулагу были планы не ограничиваться Ираном, а дальше завоевать весь исламский халифат, против чего изначально выступал Берке хан. В первый раз благодаря авторитету своего брата Бату хана, он смог запретить Кулагу идти дальше реки Амударьи. Но после смерти Бату в 1256 году по распоряжению Монке войско Кулагу перешло реку Амударья и начало завоевывать земли Ирана. Сартак хан, который вступил на престол после Бату хана, подчинился Монке хану и отравил в поддержку Кулагу целое войско из Алтын Орды для завоевания Ирана и исламского халифата. В это время не имевший хороших отношений с Сартак ханом Берке хан, не смог противостоять Кулагу.

За короткое время мощная армия кочевников над которой командовал Кулагу разгромила около сорока крепостей и укреплений Ирана, находящихся под правлением Исмаилитов, и в 1258 завоевала центр Исламского халифата Багдад. Дальше Кулагу подвергается мощному сопротивлению со стороны мамлюков Египта в завоевании Сирии, но несмотря на это вскоре завоевывает Южный Кавказ, Иран, Ирак и создает мощное государство Ельхан, которое было способно конкурировать с империей Алтын Орды.

Berke Khan’s concern for the Religion of Islam, was noticeable in his positions in foreign policy. He fell into a political confrontation with his nephew Kulagu, the ruler of Iran, for the land of Azerbaijan in the Caucasus, which belonged to Altyn Orda.

The reason for this was the fact that Kubylai, who occupied the throne of the «Great Khagan» in 1261gave the title of «Elkhan» to Kulagu, and made him the ruler of Iran after the death of Munke. According to the Egyptian chronicler al-Omari Berke khan, a supporter of religion Islam initially was against the plan to conquer the Islamic Caliphate without limiting himself to Iran Kulagu Khan. The very first to use the authority of his brother Batu, he forbade Kulagu to cross Amoudaria. But in 1256 after the death of Batu, on the orders of Munke Kagan, the army of Kulagu crossed the Amu Darya and began its extensive invasion of Iran. And Sartak, who sat on the throne after Batu khan, obeyed the order of Munke kagan, and sent the army of Altyn Orda as support to Kulagu in the conquest of Iran and the Islamic Caliphate. At that moment, Berke Khan, who had a cold relationship with Sartak Khan, could not resist Kulagu, who decided to conquer Iran and the Islamic Caliphate.

The army of nomads under the leadership of Kulagu defeated more than forty fortresses of Iran, which was under the rule of the Ismailits for short periods, and in 1258 conquered the capital of the Islamic Caliphate-Baghdad. After the conquest of Syria, they encountered a strong rebuff from the Mameluke rulers of Egypt, but in a relatively short time the army of Kulagu conquered the South Caucasus, Iran, Iraq, and founded the state of Elkhan on a level with the Altyn Orda Empire.




Ал, Жошы ұлысында Сартақ пен Ұлақшының өлімінен соң 1258 жылы Берке хан Алтын Орда тағына отырады. Ол билікке келгеннен кейін Оңтүстік Кавказдағы Әзірбайжан жерлерінің Алтын Ордаға тиелісі екенін алға тарта отырып, Елхан мемлекетімен текетіреске түседі. Берке хан әу бастан-ақ Құлағудың Ислам елдеріне шапқыншылық жасауына қарсы болған еді. Осы себептен де, Мысыр билеушісі мәмлүк Захир ад-дин Бейбарыс сұлтан Алтын Орда билеушісіне өз елшілерін аттандырып, мұсылмандық мүдденi бірге қорғауға ұсыныс білдіргенде, Берке хан Құлағуға қарсы бірлесіп қасиетті соғысты бастауға пейілді болды.

Алтын Орда мен Елхан мемлекетінің арасындағы алғашқы қарулы қақтығыс 1262-1263 жылдары орын алды. Дербент түбінде шешуші шайқаста Алтын Орда қолы Елхан әскерін тас-талқан етіп жеңді. Әскер шығыны көп болған бұл соғыстың нәтижесінде Берке хан Дербентті Алтын Ордаға қайтарып алады. Құлағу 1265 жыл қайтыс болғаннан соң Елхан билігінің басына келген Абағаның тұсында екі мемлекет арасында әдепкіде дипломатиялық қарым-қатынас орнап, даулы Әзірбайжан жерлері үшін екі билеуші өз позициясын ашық білдірген жоқ. Берке хан екі арадағы жылы қарым-қатынасты пайдаланып, Абағаның келісім беруімен Тебризде мешіт пен тоқыма шеберханаларын салдырады.

В 1258 году после смерти в улусе Джошы Сартака и Улакшы на престол Алтын Орды вступил Берке хан. После его прихода Берке хан под предлогом того, что земли Азербайджана на Южном Кавказе принадлежат Алтын Орде, он начинает конфликт с государством Ельхан. Берке хан с самого начала был против Кулагу, который стремился завоевать исламские страны. По этой ричине, когда правитель Египта мамлюк султан Захир ад-дин Бейбарыс отправил своих посланников к повелителю Алтын Орды для того, чтобы вместе защитить мусульман, Берке хан согласился начать священную войну против Кулагу хана.

Первые вооруженные столкновеня между Алтын Ордой и государством Ельхана произошли в 1262-1263 гг. В решающей битве под Дербентом армия Алтын Орды разгромила войско Ельхана. В этой войне Берке хан потерял много войнов, но все же присоединил Дербент обратно к Алтын Орде. После смерти Кулагу в 1265 году к власти приходит Абаган и в это же время между двумя государствами установились дипломатические отношения, однако ни один из правителей не выражал своей четкой позиции по вопросу о принадлежности земель Адзербайжана. Берке хан, используя теплые отношения между двумя странами, с согласия Абагана строит мечети и текстильные мастерские в Тебризе.

And in the ulus of Zhoshy, after the death of Sartak and Ulanshy in 1258 Berke khan sat on the throne of Altyn Orda. After he ascended to the throne, declaring that Azerbaijan in the South Caucasus belongs to Altyn Orda, collided with the state of Elkhan. Berke Khan from the very beginning was against the conquest of the Islamic states by Kulagu. For this reason, the ruler of Egypt, Mamluk Zahir ad-din Beybaris sent ambassadors to the ruler of Altyn Orda, and when he proposed to protect Muslim priorities together, he agreed, together with them Berke Khan planned to conduct a holy war against Kulaga.

The first armed clash between Elkhan and Altyn Orda occurred in 1262-1263. In the decisive battle near Derbent, the army of Altyn Horde defeated Elkhan's army. As a result of Berke's bloody battle, Khan returned Derbent to Altyn Orda. During the reign of Abagan who came to power after the death of Kulagu in 1265, diplomatic relations were established between the two states and not one of the rectors showed their positions openly about the sensation around the land of Azerbaijan. Berke Khan using the relations between the two states, Abagan's consent built mosques and sewing workshops in Tabriz.

■ Дегенмен, бұл империяның жаппай исламдануы XIV ғасырдың бірінші жартысындағы Өзбек хан Мұхаммедтің билеген тұсына тап келеді. Қазақтың «Дін Өзбектен қалған», «Өзбек ханның тұсында атамыз қазақ дін баққан, Алтын Орда хандары жердің жүзін шаңдатқан» деген халық аузындағы сөздері де осыны дәлелдейді. Алтын Орда тағына 1312 жылдары Өзбек ханның отыруымен Ислам дінінің орны барынша нығая түсті. Сол кездегі Алтын Ордалық мұсылман қауымының көрнекті басшылары Құтлық Темір әмір, оның бауырлары Сарай Темір, Мұхаммед Қожа, сондай-ақ, өзге де мұсылман дінбасыларының қолдауымен билікке келген Өзбек хан таққа отырысымен «Сұлтан Мұхаммед» деген жаңа есім иеленеді. Бұл жайында Өтеміс қажының «Шыңғыснамасында» Өзбек ханды Ислам дініне мойынсұндырған Яссауи тарихатының өкілдері Садр ата, Сайид ата, Ұзын Хасан ата, Бадр ата атты дін ғұламалары екендігі баяндалады. Аталған тұлғалардың мәңгілік дамыл тапқан жері қазіргі Оңтүстік Қазақтан аумағында деп саналады. Тарихи деректерге сүйенсек, сол кездегі Алтын Орда астанасы Сарай-Батуда 13 мешіт қызмет етіп, ханның өзі күніне 5 уақыт намаз оқыған.

■ Однако всеобщая исламизация Алтын Орды происходит в эпоху правления Узбек хана Мухаммеда в первой половине XIV века. В казахском фольклоре имеются соответвующие выражения «Религия осталась от Узбека», «Во время Узбека наши предки придерживались религии, а ханы Алтын Орды запылили весь мир». В 1312 году в связи с приходом к власти в Алтын Орде Узбек хана в стране усилилась роль ислама. С помощью деятельных повелителей мусульманских обществ Алтын Орды того времени, таких как эмир Кутлык Темир, его братья Сарай Темир, Мухаммед Ходжа, а так же, при поддержке других главных священнослужителей, пришедшему к власти Узбек хану было присвоено новое имя «Султан Мухаммед». Про это в «Чингизнаме» у Утемис кажы написано, что Узбек хан принял ислам под воздействие представителей яссауиского тариката ученых Садр ата, Сайид ата, Узын Хасан ата, Бадр ата. Эти деятели похоронены в южных краях Казахстана. Согласно историческим фактам в столице Алтын Орды того времени в Сарай Бату было 13 мечетей и сам хан пять раз в день читал намаз.

■ Nevertheless, the complete Islamization of the empire took place during the reign of Uzbek Khan Muhammad in the first half of the 14th century. And the phrase on the lips of the people as «Religion has remained from Uzbek», «During the Uzbek Khan, the Kazakhs accepted Islam, the rulers of Altyn Orda conquered the lands» to confirm this. As soon as Uzbek khan sat on the throne of Altyn Orda in 1312, the religion of Islam was established as much as possible. With the support of the exemplary leaders of the Muslim people of Kutluq Temir Amir, his brothers Saray Temir, Muhammad Kazhy and other religious influential people, Uzbek khan took the throne and took the new name «Sultan Muhammad». In the «Chingiznama» of Utemys Kazhy it is told that the members of the Tarahat of Yassawi supporters of religion, like Sadyr Ata, Said ata, Uzun Hasan ata, Batyr Ata, called Uzbek Khan to the religion of Islam. The place where they met the eternal rest is in South Kazakhstan. Based on the history it can be said that at that time 13 mosques worked in the capital of Altyn Orda Saray-Batu, and the Khan read prayer five times a day.



■ Өзбек хан салдырған Қырымдағы мешіт.

■ Мечеть в Крыму, построенная Узбек ханом.

■ The mosque in Crimea, built by the Uzbek khan.

Өзбек хан билікке келісімен өз ұлысында исламдану үдерісін тез әрі қысқа уақыт ішінде жүргізуге тырысты. Билік құрған екі жылдан кейін Мысыр сұлтаны Мәлік ән Нәсирге жазған хатында Өзбек өзінің ұлысында кәпірлердің аз қалғандығын айтады. Парсы жылнамашысы Муин ад-Дин Натанзи: «Өзбек хан тұсында Дешті Қыпшақ «Аллаға табынған елге айналды», – деп жазады. Осының нәтижесінде ұлан-ғайыр аумақтағы түрік, моңғол, иран тектес этностардың исламдану үдерісі басталды. Кейін олардың негізінде түркі этностары – қазақ, өзбек, әзірбайжан, татар, ноғай, түрікмен, башқұрт, қырғыз т.б. қалыптасты. Яғни, Өзбек ханның басты еңбегі Алтын Орданы күшейтіп қана қоймай, сондай-ақ, Ислам дінінің Еуразияның далалық аймақтарында кең таралып, жаһандық дінге айналуына ықпал жасауында жатыр.

После прихода к власти Узбек хан старался провести в короткий срок процесс исламизации в своем улусе. В письме султану Египта Малику ан-Насиру, написанному через два года после восхождения на трон, он писал о том, что в его улусе осталось мало кафиров (неверующих). Персидский летописец Муин ад-Дин Натанзи пишет, что: «Во время Узбек хана Дешт-и-Кипчак стал страной «преклоняющейся перед Аллахом». В связи с этим на огромной территории, которую населяли племена тюрков, монголов, персов начался процесс исламизации. Значит главной функцией Узбек хана в истории наших предков было не только укрепление Алтын Орды, но и широкое распространение Ислама в степях Евразии и придания ему статуса всемирной религии.

During his reign, the Uzbek khan tried to conduct the process of Islamization as quickly as possible. In his letter to Malik an Nasir, the sultan of Egypt, after two years of his rule, Uzbek khan wrote that there were very few unfaithful in his territory. The Persian chronicler Muin ad-Din Natanzi wrote: «During the Uzbek Khan, Deshti Kypchak turned into a state worshiping Allah». Due to this, the process of Islamization of ethnos groups similar to the Turks, Mongols, Iranians began. After, on their basis the Turkic ethnos - Kazakhs, Uzbeks, Azerbaijanians, Tatars, Nogai, Turkmens, Bashkurt and Kirghizians adapted. That is, the heritage of Uzbek Khan was not only that he strengthened Altyn Orda, but also that he influenced the spread of the religion of Islam on the lands of Eurasia and turning it into a world religion.







■ Елхандар әулеті. XIII-XIV ғғ. Ортасында кәлима үзінділері сақталған.

■ Династия Ельханов. Сохранившиеся отрывки надписей шахады. XIII-XIV вв.

■ The dynasty of Elkans. There are still fragments of kalima in the center. XIII-XIV century.

XIII ғасырдың соңында Ислам діні Шыңғысхан империясынан бөлініп шыққан Алтын Ордада ресми дін дәрежесіне көтерілді. Оқиғаның осылай дамуы тек қана ішкі саясаттың қиын-қыстау кезінде емес, бірегей идеологиялық мүддені қалауда және билік басындағылар мен көшпелі көпшіліктің арасындағы қарым-қатынасқа себепші болды. Ислам дінінің әлеуетін Алтын Орданың билеушілері, сыртқы саяси міндеттерге жету үшін де пайдаланды. Мысалы, діни ынтымақтастық соғыс өнері бойынша озық тұрған Мысырдағы мәмлүк сұлтандармен тізе қосып, біріге одақ ұйымдастыруға жол ашты. Ордадағылардың айтуы бойынша, «алтын кезең» дәл осы Өзбек ханның билік құрған дәуірінде болған. Ол кезде Ислам діні басымдылық жағынан көрінді, жергілікті мәдениет мұсылман таңбасына анық ие болды, ал бақсылар мен ламалар (будда дінінің сопылары) қуғынға ұшыраған. Әрбір алтынордалық хан өзінің түркіше қойылған атынан басқа, араб есімін алып жүрді. Тиындарға қарап айтсақ, Жәнібек Сұлтан – Жалал Ад-Дин Махмұд, Бердібек – Сұлтан Мұхаммед, Тоқтамыс – Сұлтан Нәсір Ад-Дин, т.б. деп аталып жүрген.

Өзбек ханнан кейінгі Алтын Орданы билеген Тыныбек хан, Жәнібек хан, Бердібек хан, Хызыр хан, Орыс хан, Тоқтамыс хан, Едіге би, Темір Құтлық, Болат хан, Шәдібек хан, Ахмет хандар да Ханафи мәзһабын ұстанды. Алтын Орда дәуіріне қатысты тарихи деректерді қаузай келе осындай тұжырым жасауға толық негіз бар. Себебі, Алтын Орда тарихына қалам тартқан Ислам тарихшылары Ибн әл-Асир, Ибн әл-Уасил, Әл-Омари, Ибн Кәсир, Ибн Батута, Әл-Қалқашанди, Әл-Асқалани, Ибн Арабшах Дешті-Қыпшақ халқының Ислам дінін ұстанғанын жазып қалдырды.

Алтын Орда дәуірінде ғұмыр кешкен бабаларымыз: Қауам ад-Дин Әл-Фараби «Ғаййа ал-байан уа надира аз-заман фи ахар ал-ауан», Мәула Мұхаммед Низам ад-Дин аш-Шаши «Усуль», Шейх Ахмет Түркістани «Шауаһид ан-Нубуууа ли-тақуйат йақин аһл ал-футуua», Шайхы Баба Сығнақи, Мұхаммед әл-Женди «Иғджаз әл-байан фи шарх бағд асрар умм әл-Куран», Молла Ахмет әл-Женди «әл-Ақиад», Хусаммаддин ас-Сығнақи «ан-Ниһаия», «Хидая», Мұхаммед әл-Кердери «Китаб ар-радд уа-л интисар ли-Әбу Ханифа имам Фуқаһа әл-амсар», Мұхаммад бин Мұхаммад бин Шиһаб ал-Кердери әл-Баззази «Фатауа әл-Баззази», Жамал ад-Дин Атырауи «шарх әл-Уиқаия» атты еңбектер Ханафи мәзһабының құқықтық үкімдері мен сенім негіздеріне түсіндірме ретінде жазылған.

■ Жошы ұлысы. Мұхаммед Бердібек. Сарай әл-Жәдид. 759 һ.ж.

■ Улус Джучи. Мухаммед Бердибек. Сарай аль-Жадид. 759 год хиджры.

■ Zhoshy's son. Mohammed Berdibek. Sarai al-Jadid. 759 hij.





К концу XIII века Исламская религия стала официальной религией Алтын Орды. Подобное развитие ситуации стало причиной не только улаживания внутреннего конфликта, но и построения общего идеологического интереса в отношениях между властью и простыми кочевниками. Потенциал развитии власти Алтын Орды в некоторых случаях использовался и в достижениях целей во внешней политике. Например, религиозное сотрудничество позволило создать вооруженный союз между Алтын Ордой и султанами-мамлюками Египта. По словам религиозных деятелей Алтын Орды «золотой век» пришелся на время правления Узбек хана. В это время Исламская религия доминировала, местная культура впитывала мусульманский стиль, шаманы и ламы (буддийские праведники) изгонялись. Каждый хан Алтын Орды наряду со своим турецкем именем имел еще и арабское имя. Если обращать внимание на монеты, то увидим, что Джанибек Султан был Жалал Ад-Дин Махмудом, Бердибек – Султаном Мухаммедом, Токтамыс – Султаном Насир Ад-Дин и т.д.

Все ханы Алтын Орды после Узбек хана: Тыныбек хан, Жанибек хан, Бердибек хан, Хызыр хан, Орыс хан, Токтамыс хан, Едиге би, Темир Кутлык, Болат хан, Шадибек хан, Ахмет хан придерживались ханафитского мазхаба. К такому выводу можно прийти если исследовать исторические факты эпохи Алтын Орды. Потому что исламские историки Ибн аль-Асир, Ибн аль-Уасил, Аль-Омари, Ибн Касир, Ибн Батута, Аль-Калкашанди, Аль-Аскалани, Ибн Арабшах говорят о том, что народ Дешт-и-Кипчака придерживался религии Ислам.

Наши предки эпохи Алтын Орды оставили труды, написанные на основе толкований и религиозно-правовых решений мазхаба Ханафи: Кауам ад-Дин Аль-Фараби «Гаййа ал-байан уа надира аз-заман фи ахар ал-ауан», Маула Мухаммед Низам ад-Дин аш-Шаши «Усуль», Шейх Ахмет Түркистани «Шауаhид ан-Нубуууа ли-такуйат йакин аhл ал-футууа», Шайхы Баба Сыгнаки, Мухаммед аль-Женди «Игджаз аль-байан фи шарх багд асрар умм аль-Куран», Молла Ахмет аль-Женди «аль-Акиад», Хусаммаддин ас-Сыгнаки «ан-Ниhаия», «Хидая», Мухаммед аль-Кердери «Китаб ар-радд уа-л интисар ли-Абу Ханифа имам Фукаhа аль-амсар», Мухаммад бин Мухаммад бин Шиhаб ал-Кердери аль-Баззази «Фатауа аль-Баззази», Жамал ад-Дин Атыраи «шарх аль-Уикаия».

At the end of the 13th century Islam became the official religion of Altyn Orda, which separated from the empire of Genghis Khan. This development has become the reason for the relationship between people about the power of the common people and the reason for the desire to have a single ideological value in general, and not just political difficulties. The potential of religion was also used by the rulers of Altyn Orda to achieve the goals of foreign policy. For example, religious cooperation opened the way to creating an alliance with Egyptian sultans in the military art. According to religious «Golden Time» was during the rule of Uzbek Khan. At that time, Islam suppressed the rest, culture gained the sign of Muslims, lamas (the righteous religion of Buddha) and the rest fled. Each ruler of Altyn Orda wore an Arabic name, except his Turkic. It can be seen from the coins that Zhanibek Sultan was called Zhalau atdin Mahmud, Berdibek-Sultan Mohammed, Toktamys Sultan Nasir al-Din.

The rulers of Altyn Orda after the Uzbek Khan as Tynybek Khan, Zhanibek Khan, Berdybek Khan, Khyzir Khan, Orys Khan, Toktamys Khan, Yedige Be, Temir Kutluk, Bolat Khan, Shadiben Khan, AhmetKhan also adhered to the Masahabi Khanafi. There is every reason to draw such conclusions from the historical data concerning the era of Altyn Horde, because historians of Islam Ibn al-Assir, Ibn al-Wasil, al-Omari, Ibn Kasir, Ibn Batuta, al-Qalqagagdi, al-Askalani, ibn Arabshah About Altyn Orda noted that the people of Deshti Kipchak adhered to the religion of Islam.

The works of thinkers who lived in the Altyn Orda as «Gaia al-Bayan ua nadira az-zaman fi ahar al-auan» Kauama al-Din Al-Farabi, «Usul» Maula Mohammed Nizam ad-Din al-Shashi, «Shahahid al- Nubuwua li-takuyat yaqin ahl al-futuwa «Sheikh Ahmed Turkestani, Shaykhy Baba Sygnaki», Iggyz al-bian phi shah bahd asrar umm al-Quran «Muhammad al-Zhendi, al-Akiyad Mollah Ahmet al-Zhendi Nihaya, Hidaya Husammaddin Al-Sygnaki, Kitab ar-rudd wah-intisar li-ibu Hanifa imam Fukaha al-Amsar Muhammadallah-Kerderi, Fataoua al-Bazzazi Muhammad bi Shihaba Kerderi al-Bazzazi «sharh əl-Wick», Jamal al-Din Atyraui were written as an explanation of the legal decision and conviction maskhab of Hanafi.



■ Биік аяқты кубок. Алтын Орда дәуірі.

■ Кубок на высокой ножке. Эпоха Золотой Орды.

■ Heighted Cup.The Golden Horde era.

Белгілі тарихшы Н.Нұртазина Алтын Орда және Қазақ хандығы дәуірінде Ислам дінінің Дешті-Қыпшақта нық орнағанын былайша жеткізеді: «Исламдану үдерісінің ортағасырлық Қазақстанда сонау VIII ғасырдан бастау алып, X-XII ғасырларда шарықтау кезеңінен өткені (Қарахандар дәуірінде), одан кейін екінші діни-мәдени өрлеу Алтын Орда кезінде Қазақстанның далалық аймақтарында толық және біржолата Ислам үстемдік құрып, осы негіздер болашақта сақталып отырғаны себепті Қазақ хандығы толыққанды мұсылман мемлекеті ретінде дамығанын батыл түрде айтып дәлелдеуіміз керек».

Алтын Орданың мұрагері Қазақ хандығы да бабалар салған сара жолдан қиыс кетпей, Ханафи мәзһабына арқа сүйеді. Бұл сорап Қазақ халқының кешегісі ғана емес, бүгінгі күнгі де ұстанған асыл бергек, алтын діңгегіне айналып отыр.

Известный историк Н.Нуртазина описывает укоренение Ислама в Дешт-и-Кипчаке в эпоху Алтын Орды и Казахского ханства так: «Из-за того, что процесс исламизации начался в средневековье в Казахстане в VIII веке, и достиг кульминации в X-XII вв. (эпоха Караханидов), затем во время второго религиозно-культурного развития Алтын Орды в степных краях Казахстана окончательно доминировала Исламская религия, и так как эти основы были заложены в прошлом и сохранились в будущем, можем смело утверждать, что Казахское ханство развивалось в виде полноценного мусульманского государства».

Наследник Алтын Орды Казахское ханство тоже придерживалось мазхаба Ханафи. Этот путь был драгоценной опорой для казахского народа в прошлом, продолжая являться им и по сей день.



The well-known historian N.Nurtazin attempts to describe the adoption of the ISLAM in Deshti Kypchak during the times of Altyn Orda and the Kazakh khanate in this way: «The fact that the process of Islamization took its start in the eighth century after the tenth and twelfth centuries, it prospered (the time of the Karakhans), after the second cultural and religious prosperity At the time of Altyn Orda on the Kazakh land, finally establishing Islamic rule, and the fact that these grounds were preserved in the future, and for this reason the Kazakh Khanate has completely divorced as a Muslim state, and in turn we have us safely to prove it».

Heirs of Altyn Orda Kazakh khanate did not turn from the path of their ancestors and relied on Masahab Hanafi. This path is not only the past of the Kazakh people, but also a sacred support, which is adhered to this day.



# ИСЛАМ – ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЗЫҒЫ

# ИСЛАМ – ЯДРО КАЗАХСКОГО ХАНСТВА

# ISLAM AS THE HERITAGE OF THE KAZAKH KHANATE

Қазақ даласында Ислам дінінің жайылуына қазақ халқының сол кездегі Орта Азияны мекендеген тайпалармен және Еділ татарларымен тығыз экономикалық, мәдени байланыстары ықпал етті. Ислам діні уағыздарының біртіндеп кең етек жаюына Бұқара, Самарқан, Ташкент, Хиуа, Түркістаннан келген уағызшылардың ықпалы ерекше болды. Осы кезеңде Қазақ хандығының қоғамдық-әлеуметтік өмірінде де елеулі өзгерістер үрдісі жүрді. Нәтижесінде, XVII ғасырдан бастап қазақтар екі әлеуметтік санатқа: ақсүйектер мен қарасүйектерге бөлінді. Ақсүйектер негізінен Шыңғыс ханның тікелей ұрпақтары болды. Шыңғыс ханның ұрпақтары міндетті түрде шетінен сұлтан мен төре атақтарын алып, руларды, тайпаларды, ұлыстарды басқару құқығына ие болды. Сондай-ақ, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың ұрпақтары болып саналған және халыққа рухани билікті жүзеге асырған қожалар әулеті айрықша әлеуметтік санатты құрады. Ислам дінін таратуда және ұстануда қожалардың орны маңызды болды десек, қазақ қоғамында қожаларға айрықша үстемдік берілуі – Ислам құндылықтарының жоғары бағаланғандығының белгісі ретінде қарастыруға болады.

Қазақтар ғасырлар бойына әртүрлі мәдени ықпалдарды өздерінің байырғы далалық түркілік дәстүрлеріне бейімдеп, толықтырып отырды. Керісінше, қытай, араб, моңғол және ойраттар шапқыншылықтары айтарлықтай өзгерістер жасай алмады. Ислам діні таралу барысында қазақ жерінде де, әсіресе, қазіргі оңтүстік өңірлерде талай қарулы қақтығыстар орын алды. Қарумен бағындыра алмаған тұста бітімге тоқтап, бейбіт дін тарату келісіміне келген оқиғалар да орын алған. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ерекше атап көрсеткендей, «Ислам – дін ғана емес, ол біздің мәдениетіміз бен болмысымызды қалыптастырушы факторлардың бірегейі» ретінде танылды.

В распространении ислама в казахской степи способствовали тесные экономические и культурные связи казахского народа с племенами Средней Азии и поволжскими татарами того времени. На постепенное распространение мусульманских проповедей оказали особое влияние исламские проповедники, прибывшие из Туркестана, Бухары, Самарканда, Ташкента и Хивы. В течение этого периода в Казахском ханстве шел процесс существенных изменений в общественной жизни. В результате, с XVII века, казахи были разделены на две социальные категории: аристократы (ақсүйек) и простолюдины (қарасүйек). Аристократами были в основном прямые потомки Чингиз хана. Они присваивали звания «султан» и «торе», имели право контролировать племена, ру, этнические группы. Кроме того, династия Ходжей, которые являлись потомками пророка Мухаммеда (мир ему и благославение Аллаха) и имели духовное влияние на народ, считались особой социальной категорией. Можно утверждать, что роль ходжей в поддержке и распространении религии ислама была особенной, а факт того, что в казахском обществе соглашались с превосходством ходжей, можно рассматривать как знак проявления высокого уважения исламским ценностям.

На протяжении веков казахи адаптируют различные культурные влияния к своим коренным тюркским традициям. Между тем, китайские, арабские, монгольские и ойратские набеги не смогли внести существенных изменений. Во время распространения ислама на казахской земле, в частности, в ее южных регионах было много вооруженных конфликтов. Однако были и случаи мирных соглашений в распространении религии без применения оружия. Об Исламе Н.А.Назарбаев сказал: «Ислам это не просто религия, а один из уникальных факторов, формирующих нашу культуру и естество».

Dissemination of religion Islam on the expanses of the Kazakh land contributed to the close economic and cultural ties of the Kazakh people with the Tatars of the Volga and the tribes inhabiting Central Asia. Propagation of Islam was influenced by preachers who arrived from Bukhara, Samarkan, Tashkent, Hiyua, Turkestan. At this time and the social and social life of the Kazakh Khanate fell under the process of change. Since the 17th century, Kazakhs have divided into two: aristocrats and commoners. Aristocrats are the immediate descendants of Genghis Khan. The descendants of Genghis Khan, in turn, were obliged to receive the titles of sultans and the tores, and they also received the right to govern ru's, tribes, uluses. In addition, the skin that was considered the descendants of the Prophet Muhammad, and who played the role of spiritual leaders by the people, also created a special social group. To say that the role of the skin in spreading and restraining religion is very important, then that they took honorable places on the board by the Kazakh people should be considered as the fact that Islamic significance is highly valued.

Kazakhs for centuries complemented their ancient Turkic traditions under different cultural influences. On the contrary, attacks by the Chinese, Arabs, Mongols, Oirats did not make any changes after themselves. During the time of Islamization, armed clashes took place on the Kazakh land, especially in the southern part. There were situations when weapons did not help, and the troops resorted to treaties, came to an agreement to spread religion peacefully. As President N.A. Nazarbayev mentioned: «Islam is not only a religion, but also one of the factors that shapes our culture and our origins».

Қазақ хандығының астанасы болған ежелгі Сығанақ қаласы. ■

Город Сыганак - столица Казахского ханства. ■

Siganaq town, the capital of the Kazakh Khanate. ■

XV ғасырдың орта шенінде Қазақ хандығы құрылар кезеңде, Орталық Азия мен Дешті-Қыпшақта Ислам дінін насихаттаған негізінен Яссауи және Нахшбанди тарихаттары болған. Яссауи тарихаты көшпелілердің дәстүрлі кодификациясы – Шыңғысханның «Ұлы Ясасы» мен шариғат заңдарын қатар ұстанып, дәстүр мен дінді ұштастыра білсе, Нахшбанди қауымдастығы шариғаттың фундаментальді қағидаларын қатаң ұстануымен ерекшеленген. Көшпелі Өзбек мемлекетінің негізін салушы Әбілқайыр хан алғашқыда Яссауи қауымдастығының қолдауына ие болуымен өз билігін нығайтуға кіріседі. Бірақ, Мәураннахр қалаларын жаулап алғаннан Әбілқайыр хан Нахшбанди шейхтарына арқа сүйей бастайды.

Осы кезде Әбілқайыр ханның бас батыры Қобыландының Арғын тайпасының биі әрі Яссауи тарихатын қолдаушы Ақжол биді өлтіруі Керей мен Жәнібек сұлтанның одан іргесін бөліп әкетуіне итермеледі. Әрине, бұл жерде Ақжол бидің қысастан қаза табуы, Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлінуіне себепші оқиға ғана еді. Қазақ хандарының Әбілқайырдан бөлінуінің түпкілікті себебі тым арыда жатыр.

Біріншіден, Дешті-Қыпшақ ежелден Жошының үлкен ұлы Орда-Еженнің ұрпақтарына тиесілі ұлыс еді. Ал, Әбілқайыр хан Ібір-Сібірді билеген Жошының бесінші ұлы Шибанның ұрпағы болатын. Алтын Орда дәуірінде Орда Ежен ұрпақтары Дешт Қыпшақта «Ақ Орда» атты мемлекетті құрады. Қазақ хандығының негізін салған сұлтандар осы Ақ Орда хандарының ұрпақтары еді. Яғни, Көк Орданы билеген Шибан әулетінің ұрпағы Әбілқайыр ханнан Ақ Орда хандарының ұрпақтары Керей мен Жәнібектің бөлектенуі заңды құбылыс еді. Ал, Әбілқайыр ханның күшейіп, Мәураннахрға қарай ойысуы, сондай-ақ, оның бас батыры Қобыландының Арғынның биі Ақжолды өлтіруі – Керей мен Жәнібек сұлтандардың көшпелі Өзбек мемлекетінен еншісін бөліп әкетуін тездете түскен еді.

Екіншіден, көшпелі қазақ халқының табиғатымен шариғаттың фундаментальді қағидалары үйлесе бермейтін. Мәселен, шариғаттың ағайынды адамдардың некелесуіне рұқсат беруі – жеті атаға дейін қыз алыспау дәстүрін берік ұстанатын рулық-тайпалық құрылымдағы түркі тайпаларының мүддесіне теріс келетін. Сондай-ақ, шариғаттағы ниқаб кию дәстүрі түркі халқының дәстүріне мүлде сәйкес келмейтін. Қазақ әйелдері кимешек, жаулық, орамал киген. Бірақ, ешқашан аузы-мүрнын тұмшаламайтын. Осындай құқықтық қайшылықтар шариғат жүйесіне жақындай бастаған Әбілқайыр ханнан Керей мен Жәнібек сұлтандардың және оған ерген халықтың бөлінуіне әкеп соқты.

Үшіншіден, Қазақ хандығы құрылған шақта, бұл мемлекеттің ресми діні – Ислам діні болды. Ислам дінін ұстанған түркі тайпалары Қазақ хандығына мүшелікке өтті. Ал, Ислам дінін әлі қабылдамаған тайпалар «Қазақ» бола алған жоқ. Мысалы, көрші ойрат, ұранқай, қырғыздың құрамында Қазақ халқын құраушы Найман, Қыпшақ, Керей, Қоңырат секілді тайпалардың аталықтары кездеседі. Найман, Қыпшақ, Керей, Қоңырат тайпаларының бұл аталықтары Ислам дінін қабылдамағандықтан, Қазақ хандығына мүшелікке өте алмады. Яғни, Қазақ халқын бір кеңістікте өмір сүрген діни сенім-нанымы, салт-дәстүрі, саяси мүддесі бір түркі тайпалары құрды.





В середине XV века в период создания Казахского ханства в Центральной Азии и Дешт-и-Кипчаке Ислам популяризовали в основном тарикаты Накшбанди и Яссауи. Тарикат Яссауи связал религию и законы, придерживаясь одновременно «Великой Ясы» Чингиз хана, традиционной кодификации кочевников и шариатских законов, а духовный путь Накшбанди отличался строгим следованием шариатских фундаментальных принципов. Основатель кочевого Узбекского государства Абулхаир хан в начале принимается укреплять свою власть при поддержке сообщества Яссауи. Однако после завоевания городов Мавераннахра, Абулхаир хан начал опираться на шейхов Накшбанди.

В это время главный воин Абулхаир хана Кобланды убил бия племени Аргын и поддерживающего тарикат Яссауи – Акжол бия. Это вынудило султанов Джанибека и Керея отделиться от Абулхаир хана. Конечно, внезапная смерть Акжол би стала только внешней причиной ухода Керея и Джанибека. Основной повод для отделения казахских ханов лежит далеко в глубине.

Во-первых, Дешт-и-Кипчак был улусом, принадлежавший с древних времен потомкам Орда-Еджена, старшего сына Джучи. А Абулхаир хан потомок пятого сына Джучи Шибана, который правил Сибирью. Во время Алтын Орды потомки Орды-Еджена основали государство Ак Орда. Султаны, основавшие казахское ханство, были потомками этих ханов. То есть, отделение потомков ханов Ак Орды Керея и Джанибека от Абулхаир хана, потомка династии Шибан, правившей Кок Ордой, было закономерным. Усиление власти Абулхаир хана и его виды на Мавераннахр, а также убийство бия Аргынов Акжола главным батыром Абулхаир хана Кобланды, ускорили процесс отделения султанов Керея и Джанибека от кочевого Узбекского государства.

In the middle of the XV century, during the founding of the Kazakh Khanate, in the  Central Asia and Deshti-Kypchak, the religion of Islam was propagated by the Tarihats of Yassawi and Nakhshbandi. Tarihat Yassawi adhered to the Shariat laws in conjunction with the traditional codification of the nomadic «Ulla Iasi» Genghis Khan, and the association of Nahshbandi differed in that it strictly adhered to the fundamental principles of the Shariat. The founder of the nomadic state, Uzbek Abilhayyr Khan, first strengthened his authority with the support of the Yassawi Association. After conquering the cities of Mawarannahr, Abilhayir began to rely on the sheikhs of Nakhshbandi.

At that time, the chief batyr Abilhayir Khan Kobylandy killed Biy Akzhol, a supporter of the Tarihat Yassawi and the ruler of the Argyn tribe, and thereby helped the fact that Kerey and Zhanybek Sultans separated. Of course, the death of Akjol's biy from hostility, became a causal action to the separation of Kerey and Zhanibek from Abilkhayir Khan. But the true reason for the departure of the Kazakh khans from Abilhayir Khan in another.

Firstly, Deshti-Kypchak land belonged to the descendants of the eldest son Zhoshy Orda-Ezhen. And Abilhayir Khan is a descendant of the fifth son of Zhoshy, ruler of Ibir-Sibir Shiban. During the Altyn Orda, the streams of the Orda-Ezhen founded the state «Ak Oda» on the land of Deshti-Kypchak. The Sultans who founded the Kazakh khandyk are the descendants of the Khans of the Ak Orda. That is, the departure of the descendants of the khans of Ak Orda Kerey and Zhanibek from the descendant of the rulers of Kok Orda Shiban Abilhayir is a common occurrence. And the growing power of Abilhayir, and the fact that he laid eyes on Mavarannakhr and the fact that Kobylandy batyr killed Argyn's Biy Akzhol-only accelerated the process of leaving Kerey and Zhanibek from the Uzbek Khanate.





■ Сығанақ қаласында соғылған Орыс ханның күміс тиындары, х.ж. 775.

■ Серебряные монеты Орыс хана, отчеканенные в городе Сыганак. 775 год хиджры.

■ Silver coins of the Russian khan, which was built in Siganaq town. Hij 775.

Во-вторых, фундаментальные принципы шариата не очень гармонировали с натурой кочевного казахского народа. Например, разрешение в шариате женитьбы родственников друг на друге противоречит интересам родо-племенной структуры и тюркских племен, которые крепко придерживались обычая, запрещавшего жениться родственникам до семи колен. Кроме того, шариатский обычай ношения никаба не присутствовал и не соотетствовал традициям тюркских народов. Женщины казахов одевали кимешек, жаулык, платок, но никогда не закрывали лицо и нос полностью. Такие религиозно-правовые противоречия привели к отделению султанов Керея и Джанибека от Абулхаир хана, который стремился к шариатской системе.

В третьих, во время основания Казахского ханства официальной религией этого государства был Ислам. Тюркские племена, придерживающиеся Ислама вступали в ряды Казахского ханства, а племена, еще не принявшие мусульманскую религию не могли становиться «казахами». Например, в составе соседних ойратов, уранкаев, киргизов встречаются одноименные имена родов, составляющих костяк казахского народа - Найман, Кипчак, Керей, Конырат и другие. Они не смогли вступить в ряды Казахского ханства потому что не приняли религию Ислам. То есть, казахский народ сформировали однокоренные тюркские племена, живущие в одном пространстве единого религиозного верования, традиций и политических интересов.

Secondly, the nature of the nomadic Kazakh people did not coincide with the fundamental principles of the Shariat. For example, the fact that the marriage of brothers-sisters in the Shariat was allowed is opposed to the interests of the Turkic tribes, who strictly adhere to the tradition of not taking the girls to 7 wives. In addition, the process of marrying in the Shariat was not consistent with the process of marrying the Turkic people. Kazakh women wore kimeshek, zhulyk, shawls (Kazakh headdresses for women), but they never covered their faces. Also, legal disagreements led to the fact that Zhanibek and Kerey separated from Abilkhayir Khan who came to the Sharia system.

Thirdly, when the Kazakh Khanate was founded, the religion of Islam became the official religion of the state. Turkic tribes adhering to Islam, became members of the Kazakh Khanate. And those who did not accept Islam could not join and become «Kazakhs». For example, the ancestors of the Kazakh people, the ancestors of the Kerey tribes, the Kypchak, the Naiman, the Konyrat in the Oirats, Urankai, Kirghiz, did not accept Islam and could not become parts of the Kazakh Khanate. That is, the Kazakh people consisted of Turkic tribes who lived in the same space, with the same religious convictions, traditions and political interest.

Қазақ хандығы туралы нақты мәліметтер беретін Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди», Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы», Махмуд бен Уәлидің «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар», Әбілғазының «Шежіре-и Түрк» және басқа да шығыс деректеріне назар аударсақ, Әбілқайырға қарсы өзіне одақтас іздеген Моғолстан ханы Есенбұға Шу өңіріне көшіп келген Керей мен Жәнібекті қарсы алып, қоныстанатын жер береді. Осы оқиға жөнінде тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде былай дейді: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілқайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде, Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбас аймақтарын берді...». Осы деректерге назар аударсақ, Қазақ хандығының тағына алғашқы болып Керей отырса (1458-1473 жж.), кейін оны Жәнібек хан алмастырады (1473-1480 жж.). Бастапқыда Қазақ хандығының аумағы Шу өзені мен Талас өзенінің алқабы және батыс Жетісумен шектеліп, онда мекендеген тайпалар Дешті Қыпшақтан қоныс аударған тайпаларымен етене араласып кетеді. Осылайша, 1465 жылы негізі қаланған Қазақ хандығының құрылуы Отан тарихындағы төтенше маңызды оқиғаға айналып, Орталық Азияның ұлан-байтақ өңірін мекендеген көшпенді тайпалардың бірыңғай этникалық топ – қазақ халқының қалыптасуына жағдай жасады.

Если обратить внимание на восточные произведения, дающие точную информацию о Казахском ханстве: Тарих-и-Рашиди» Мухаммеда Хайдара Дулати, «Сборник летописей» Кадыргали Жалаири, «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахиар» Махмуда бен Уали, «Родословная тюрок» Абулгази и других, то в них будет видно, что хан Могулистана Эсен буга, искавший себе союзников против Абулхаира, встречает Керея и Джанибека, перекочевавших в Чуйский край и дает им землю для расположения. Об этом историк Мухаммад Хайдар Дулати пишет: «В то время над Дешт-и-Кипчаком правил Абулхаир хан. Он не дал покоя султанам вышедших из династии Джучи. В результате Керей и Джанибек ханы перекочевали в Могулистан. Эсен буга хан встретил их, распахнув свои объятия и дал западные края Могулистана Чу и Козыбасы...»

Если учесть эту информацию, первым на трон взошел Керей (1458-1473гг.), а после него власть перешла к Джанибек хану (1473-1480 гг.). В начале Казахское ханство занимало земли Западного Жетысу, поймы рек Чу и Талас. Населявшие с давних времен Жетысу племена жили в полном согласии и мире с другими казахскими племенами, перекочевавшими из Дешт-и-Кыпчака. Таким образом, формирование Казахского ханства, основанного в 1465 году, стало чрезвычайно важным событием в отечественной истории, и создала условия для создания единой этнической группы из проживавших на обширных территориях Центральной Азии племен - казахского народа.

Based on reliable information about the Kazakh Khanate, «Tarih-i-Rashidi» by Mohammed Khaydar Dulati, «Collection of Chronicles» by Kadyrgali Zalayiri, «Bahr al-asrar fi mananib al-ahiar» Mahmud ben Ouali, «Shezhire-i Turk» Abilgazi and others Eastern information, we note that Khan Mogolstan Yesenbug seeking his supporters against Abilhayir Khan, met Kereya and Zhanibek and allocated land in the area of the Shu River for settlement. About this story, Muhammad Haydar Dulati wrote in his work «Tarih-i Rashidi» as follows: «At that time Abishayir reigned in Deshti-Kypchak. He did not let live quietly by the Sultan of the Zhoshy dynasty. As a result, Zhanibek Khan and Kerey Khan moved to Mogulstan. Esenbuga met them with open arms, gave them the lands of Kozybas and Shu». According to this information, Kerey Khan sat first on the throne (1458-1473), after which he was replaced by Zhanibek Khan (1473-1486). At first, the boundaries of the Kazakh Khanate were the areas of the rivers Shu and Talas to the west of Zhetysu, and the tribes inhabiting these areas began to build relationships with the Deshty-Kypchak tribes. In this way, in 1465 the khanate, which played a role in the history of the Fatherland, was founded and contributed to the formation of a single ethnic group of nomads who lived the broad lands of Central Asia-the Kazakh people.



■ Керамикалық құмыра. Алтын Орда дәуірі.

■ Керамический кувшин. Эпоха Золотой Орды.

■ Ceramic jug. The Golden Horde era.

1462 жылы Моғолстан ханы Есенбұғаның қайтыс болуы Қазақ хандығының одан әрі күшеюіне жол ашты. Өйткені, Моғолстан ханының өлімі мемлекеттегі ішкі феодалдық қырқыс пен Амасанжы Тайшы бастаған ойраттардың шабуылына алып келіп, мемлекеттің шаңырағын шайқалтты. Сондай-ақ, 1468 жылы Әбілқайырдың өз алдына бөлініп кеткен қазақтарды жазалау мақсатында жорыққа шығып, жол үстінде қаза табуы да жаңадан құрылған Қазақ хандығының іргесін нығайтып, оның беделі мен әскери-саяси күш-қуатын арттыра түсті. Әсіресе, Әбілқайыр ұрпақтарының билік үшін өзара талас-тартысы биліктің әлсіреуіне әкеп соғып, мемлекеттегі тайпалардың жаппай Қазақ хандығына қосылуына ықпал жасады. Бұл туралы Мұхаммед Хайдар Дулати былай деп жазады: «... Әбілқайыр хан дүние салғаннан кейін Өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды; ірі-ірі шиеленістер басталды. Үлкен бөлігі (оның қол астындағылардың) Керей хан мен Жәнібек ханға көшіп кетті, сөйтіп олардың төңірегіне (жиналған адамдардың) саны екі жүз мыңға жетті. Оларды «өзбектер – қазақтар» деп атады».

XIV ғасырда өмір сүрген ұлы тарихшы Муғин ад-дин Натанзи «Ескендір анонимі» атты еңбегінде Жәнібек хан туралы: «Оның әділдігі Анушырван (атақты парсы патшасы) әділдігінен бір де кем соқпайды. Ол Өзбек Ұлысын тұтас Исламға бағындырды, пұтқа табынушылардың храмдарын түгел қиратып, көптеген мешіт, медресе салдырды. Ислам дінін ұстанған адамдардың жағдайларының жақсы болуына басты назар аударды. Жан-жақтағы Ислам елдерінен неше түрлі оқымысты, ғалымдар осы сарайға қарай ағылды. Елдегі әмірлердің ұлдары білімдерін жан-жақты жетілдіріп ғылымға мойын бұрды, олар заманының озық ойлы азаматтарына айналды, күні бүгінге дейін олар-

Смерть хана Эсен буги способствовала еще большему усилению Казахского ханства. В Могулистане началась внутрифеодальная междоусобица, а нападение ойратов во главе с Амасанджи Тайши привело к ослаблению государства. Кроме того, смерть Абулхаир хана в ходе похода в 1468 с целью наказать откочевавших казахов, укрепило основы новообразовавшегося Казахского ханства, усилило авторитет и его военно-политическую силу. Особенно борьба за престол между потомками Абулхаира привела к ослаблению власти и способствовала полному присоединению племен к Казахскому ханству. По этому поводу Мухаммад Хайдар Дулати писал: «После смерти Абулхаир хана в Узбекском улусе был разлад; обстановка получила крупное обострение. Большая часть (ему подчиненных) перешли к ханам Керею и Джанибеку, и численность (собравшихся людей) возле них достигла двести тысяч. Их называли «узбеками-казахами».

Великий историк, живший в XIV веке, Муин ад-Дин Натанзи в своем произведении «Аноним Искандера» с восхищением писал про Джанибек хана: «Его справедливость не уступает справедливости Анушврвана. Весь улус Узбека он обратил в ислам, разрушил все капища идолов, воздвиг и устроил много мечетей и медресе. Все свое внимание он обратил на благополучие людей, придерживающихся Ислама. Из разных исламских государств к его двору съежалось множество ученых и деятелей. Сыновья эмиров Дешта в его время почувствовали потребность в приобретении знаний и изучении наук, каждый из них стал выдающимся ученым своего времени так, что их мысли и идеи до сих пор передаются на многих собраниях. Он внедрил в своем государстве обычаи и традиции по которым жили исламские страны».

The death of the Khan of Mogulstan Yesenbuga in 1462 contributed to the strengthening of the Kazakh khandyk. Because, the death of Khan Mogolstan led to an internal quarrel and attack of Oirats under the leadership of Amasanzhy Taisha and affected the peaceful life of the state. In addition, the campaign of Abilkhayir, which began in 1468 to punish the Kazakhs who dared to secede, and their losses (Uzbeks) along the way, influenced the rationale for the borders of the newly created state of the Kazakh khandyk, and it also increased their authority and influence and multiplied the strength of the army. In particular, the battle of the descendants of Abilhayir for the throne, weakened the power of the state and influenced the fact that many tribes began to join the Kazakh Khanate. About this wrote Muhammad Haydar Dulati: «After the death of Abilhayir, the power of the ulus of the Uzbeks was shaken, major disagreements began. The greater part (under his authority) passed to Kerey and Zhanibek Khans. And thanks to them (collected people), the number reached 200 thousand people and they were called Uzbeks-Kazakhs.

The great historian Mugin ad-din Natanzi, who lived in the XIV century in his work «Anonymous of Alexander» wrote about Janibek Khan: «His justice was not inferior to the justice of Anushirvan (the famous Persian king). He subordinated the Uzbek state to Islam, destroyed the temples of idolaters, built mosques and madrassas, paid attention to the fact that the affairs of people adhering to Islam went well. And many scholars of religion from different countries came to this barn. Sons of many managers trained and followed the knowledge, turned into the great thinkers of their times, many of their thoughts and opinions are marked to this day. And this he introduced to the state of tradition, customs and beliefs of other




■ Қазақ жері белгіленген ортағасырлық карта. 1562 жылы Антонио Дженкинсон құрастырған, 1579 жылы. Антверпенде (Бельгия) басылған.

■ Средневековая карта, описывающая казахские владения. Составлена в 1562 году Антонио Дженкинсоном и издана в 1579 году в Антверпене.

■ Medieval map depicting the Kazakh land. It was compiled in 1562 by Antonio Jenkinson, published in Antwerp in 1579.

дың айтқан пікірлері, қорытқан ойлары жиын-тойда ескеріліп тұрады. Исламның басқа елдерде ұстанатын әдет-ғұрып, салт-жораларын бұл мемлекетке енгізген сол», – деп сүйсіне жазады. Мұндай пікірлерді ортағасырлық түркі деректемелері, соның ішінде Өтеміс қажының «Шыңғыснама» тарихи шығармасын да: «Даңқты әзірет Жәнібек хан – оған Алланың рақымы жаусын, хан болғанда оның әділдігі, әулиелігі мен

Такие мнения содержатся в средневековых тюркских источниках, в том числе в историческом произведении Утемиса кажы говорится: «Известный хазрет Джанибек хан, пусть Аллах будет доволен им, став ханом, прославился справедливостью, святостью, щедростью, достойно правил государством своего предка». Автор «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме (Избранные истории Книги побед) описывает его: «Джанибек

countries adhering to Islam». Such opinions are also found in medieval Turkic information, for example the Utemis kazhy in the historical work «Genghisnama» wrote: «The great ruler of Zhanibek Khan - may Allah bless him, the whole country knew about his justice, holiness and mind. He was an honest and strong ruler who did not take Deshti-Kypchak off the white road and extolled the order of his ancestors over the state». The author of «Tavarikh-i gusida-yi

# «Сығанақ грамоталары»
# «Сыганакские грамоты»
# «Siganaq Certificates»

дарқандылығы елге мәлім болды, Дешті Қыпшақ уәлаятында ақ жолдан таймайтын, адал да қуатты, теңдесі жоқ патша болып, атасының бүкіл мемлекетіне әмірін жүргізді», – деп қуаттай түседі. Ал, «Таварих-и гузида-йи нусрат-наменің («Жеңістер кітабының таңдамалы тарихы») авторы ол туралы: «Жәнібек Дешті Қыпшақ елінің ханы болды. Халық оған дене болса, ол халықтың жаны болды», – деп суреттеген екен.

стал ханом народа Дешт-и-Кипчак. Народ его - тело, а он был душой народа».

В освоении религии ислама в Дешт-и-Кипчаке вложено очень много труда местных религиозных деятелей, умевшие связыть законы шариата с народными традициями и обычаями. Казахский народ не смог содержать мечети и медресе в связи с образом кочевой жизни. Но он познакомился с исламом благодаря мирным и созидательным проповедям. Пропаганда религии велась через песни, сказания и искусство с учетом мировозрения народа.

nusrat-namu (Selected History of the Book of Victories)» wrote: «Janibek was the khan of Deshty-Kypchak. If the people were his body, then he was the soul of the people».



■ Бұл грамотада Әмір Темір Сирадж-ад-Дин-шайхты Сығанақ қаласының жаңа ислам шайхы деп тағайындалып,оның иелігіне тархандық беріп, Чихил-Тоғай өңірінде оған Ордакент, Қызыл-Тал жерлерін бергені айтылады.
1400–1401жж

■ Данная грамота подтверждает объявления Амиром Тимуром Сирадж-ад-Дина в должности нового исламского шейха в городе Сыганак, назначение его тарханом и выделение ему в управление земли Ордакента и Кызыл-Тала в окрестностях Чихил-Тогай.
1400-1401 гг.

■ In this letter, Amir Timur Sirjah-ad-Din-sheikh was appointed as a new Islamic sheikh of the Sighnaq city, giving him the title of tarhan, giving him the Ordokent and Kyzyl-Tal in the Chikhil-Togay region.
1400–1401 years.



■ Екінші грамота Абулғази Абд ар-Рахим-бахадур-султанның тархандық қызметтік жарлығы жайында. 1543–1544 жж.

■ Вторая грамота об указе о назначении тарханом Абдулгази Абд ар-Рахим-бахадур султана. 1543-1544 годы.

■ The second letter is about the Abdulgazi Abd ar-Rahim-bakhadur-sultan's decree about the tarkhans duty. 1543–1544 years.

Ислам дінінің Дешті Қыпшаққа жерсінуіне шариғат заңдары мен салт-дәстүрді сабақтастыра білген жергілікті дін қайраткерлерінің еңбегі зор еді. Қазақ халқы көшпелі ғұмыр кешкеннен кейін мешіт-медресе ұстай алмады. Бірақ, қазақ халқы Исламмен бейбіт уағызшылардың насихаты арқылы танысты. Дін уағызшылары Исламды халықтың таным-түйсігіне қарай жырмен, өнермен насихаттады. Қарахан дәуірінде негізі салынған хикмет ілімі жыраулар дәуіріне ұласып, олардың насихатымен қазақ халқы Исламға шын мәнінде мойынсұна бастады. Осы тұрғыда Сайф Сарай, Сыпыра жырау, Асан қайғы, Доспанбет, Қазтуған, Шалкиіз, Ақтамберді, Бұқар т.б жыраулардың сіңірген еңбегі ерен еді. Ал, қожа-молдалар қазақ халқының тұрмыс-салтта Исламды қалай ұстану керектігіне баулыды. Қазақ хандарының діни тәрбие алуына аталықтар (діни ұстаздар) институты қаншалықты әсер етсе, көшпелілердің Исламды қабылдауына қожалар институты соншалықты ұшаң-теңіз еңбек сіңірді. Себебі, хандық дәуірде қазақ халқының әрбір руының өз қожасы болды. Дін таратушылар бұрынғыдай жалпы халықты емес, әрбір ру мен әулетті нысанаға алғандықтан, Ислам шын мәнінде Қазақ мемлекетінің қалыптасуына елеулі ықпал етті.

Истинные исламские знания, берущие свое начало со времени караханидов, продолжали передоваться певцами-жырау и благодаря это казахский народ глубоко проникся Исламом как религией. В этой сфере большую роль сыграли усилия и труды певцов-жырау таких как Сайф Сарай, Сыпыра жырау, Асан Кайгы, Доспанбет, Казтуган, Шалкииз, Актамберды, Бухар и другие. Между тем ходжи-муллы учили казахов тому, как исполнять нормы Ислама в быту. Институт ходжей внес огромный вклад в принятие ислама кочевниками, такой же вклад внесли и религиозные наставники в деле религиозного воспитания казахских ханов. Потому что в ханские времена в каждом роду казахов были свои ходжи и духовные наставники и священные покровители. Распространители религии обращались не к обществу в целом как раньше, а к каждому роду и племени в отдельности. Таким образом Ислам сыграл важную роль при основании Казахского государства.

One can not fail to note the work of local religious figures who were able to combine Shariat law and tradition in mastering the religion of Islam in Deshti-Kypchak. Because of the fact that the Kazakh people roamed, they could not build mosques and madrassas. But the Kazakh people got acquainted with Islam thanks to the preachers of religion. Preachers, corresponding to the acceptance of the people, propagated Islam through jihr (songs, tales) and art. The teaching of wisdom, founded in the era of the Karahans, gradually evolved into an era of storytellers. And with their preaching, the Kazakh people began to obey Islam. On this way, the storytellers worked like Sayf Saray, zhyrau Sypyr, Asan Kaygy, Dospanbet, Kaztugan, Shalkyiz, Aktamberdi, zhirau bukhar and others. And the mullahs taught the Kazakhs to use Islam in everyday life. As the institution of atalyk (religious teachers) influenced the religious upbringing of the Kazakh Khans, so the Institute of Leather influenced the adoption of Islam by nomads. Since, in the Khan's time, each ru of the Kazakh people had their own skin, or a patron saint. And the distributors of religion took into account each and every family, and not as a common people before, Islam really influenced the development of the Kazakh khandyk.

*«Мәңгі Тәңірінің күші-дүр*
*Ұлы сұсты, еркін халыққа*
*Өзбек ханның жарлығы*
*кім еш табынбаса,*
*(сол) кісі жойылсын, өлтірілсін»*

*«Суров и могущественен, вечен Всевышний. Указ Узбек хана свободному народу. Кто не подчинится, тот пусть будет уничтожен, казнен».*

*Those, will not obey the Uzbek Khan's decree, will be destroyed and killed.*



■ Өзбек ханның жарлықты алтын пайзысы.

■ Золотая пайза с указом хана Узбека.

■ The golden order paiza of the Uzbek Khan.

Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи деректерге зер салатын болсақ, Алтын Орда империясының қара шаңырағы саналған Қазақ жерінде Ислам дінінің туы асқақтай желбірегенін аңғарамыз. Рузбеханның «Мехман-наме-и Бухара», Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи-Рашиди», Захир ад-Дин Бабырдың «Бабырнамасында», Хафиз Таныш әл-Бұхаридың «Абдулла-наме», Шайбанидтер туралы жазылған «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», Қадырғали Жалайридің «Жамиат-тауарих» атты еңбектерінде Қазақ халқының Ислам дінін ұстанатындығы баяндалған.

Атап айтар болсақ, Рузбехан «Мехман-наме-и Бухарасында» Мұхаммед Шайбанидің қазақтарға қарсы қасиетті соғыс жүргізбекші болғанына қарсы тұрады. Себебі, қазақтар шынайы мұсылман болатын. Ал, Бабыр өз шығармасында «Орталық Азия мұсылмандарының Матуриди ақидасын ұстанатынын» айта келіп: «Біздің заманымыздағы ең маңызды кітап – «Хидая», – деп көрсетеді. Бұдан өзге ағылшын саяхатшысы Энтони Дженниксон, Джон Кэстль, А.И. Лепшиннің жазбаларында да Қазақ халқының Ислам дінін ұстанатындығы айтылады. Мысалы, Джон Кэстль Әбілхайыр хан кезінде Кіші жүз жерінде алты ай уақыт болып, қазақтардың Ислам дінін берік ұстанатынын, әрбір қазақтың бес уақыт намазын қаза қылмайтынын жазып қалдырды. Сондай-ақ, Г.Андреев «Описание Средней орды киргиз-кайсаков» атты еңбегінде: «Қазақтардың заңы Мұхаммедтің дініне негізделген. Олар дінді Бұқара арқылы Жәнібек хан дәуірінде қабылдаған» деп, Алтын Орданы 1342-1357 жылдар аралығында билеген Әз-Жәнібек ханнан бермен мұсылман екенін жазады.

Если сосредоточиться на исторических данных времен Казахского ханства, можно понять, что знамя Ислама было высоко поднято на казахской земле, которая считалась родиной Алтын Орды. В произведениях «Мехман-наме-и Бухара» Рузбихана, «Тарихи-Рашиди» Мухаммада Хайдар Дулати, «Бабур-наме» Бабура, «Абдулла-наме» Хафиз Таныш аль-Бухари, «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме», написанном про Шайбанидах, «Жами ат-таварих» Кадыргали Жалаири говорилось, что казахский народ придерживался религии Ислама. В частности, в «Мехман-наме-и Бухара» Рузбихана Мухаммед сопротивляется тому, что Шайбани хотел вести священную войну против казахов. Потому что казахи были истинными мусульманами. А Бабур в своем произведении указывает, что «самой важной книгой своего времени является Хидая» и говорит, что «мусульмане Средней Азии придерживаются акиды Матуриди». Кроме этого в записях английских путешественников Энтони Дженкинсона, Джона Кэстля, а также А.И. Лепшина говорится о том, что казахский народ придерживается Ислама.

Например, Джон Кэстль во время Абулхаир хана был шесть месяцев на террритории Среднего Жуза и оставил запись о том, что казахи крепко придерживаются исламской религии, что каждый казах не пропускал пятикратный намаз. Кроме того, Г.Андреев в своем труде под названием «Описание Средней Орды киргиз-кайсаков» пишет, что «Законы казахов основывались на религии пророка Мухаммеда. Они приняли религию во время Жанибек хана через Бухару» и подчеркивал, что Жанибек, правивший Алтын Ордой в 1342-1357 гг., являлся мусульманином.

Based on historical information of the era of the Kazakh Khanate, it is fashionable to note that the flag of Islam waved high above the land of the Kazakh Khanate, considered Kara Shanyrak (Father's House) of Altyn Orda. In works like «Rahbehan's Mehman-name-and-Bukhara», «Tarihi-Rashidi» by Mohammed Khaydar Dulati, «Babyrnama» Zahir ad-Din Babyr, «Abdullah-name» Hafiz Tanish al-Bukhari, «Tavarikh-i gusida-yi nusrat-name «written about Shaibanids», «Zhamiat-tauarih» by Kadyrgali Jalairy tells that the Kazakh people adhered to the religion of Islam.

It can be noted that in «Mehman-nyum-i Bukhara» Ruzbekhan was against the holy war of Mohammed Shaibani against the Kazakhs. Because the Kazakhs were true Muslims. And Babyr wrote «Muslims of Central Asia adhere to the Matidi akid» noted: «Hudai» is the most important book of our time. «And others like the English traveler Anthony Jennikson, John Kastil, A.I.Lepshin in his notes wrote that the Kazakh people adhere to the religion of Islam. For example, John Kastl during the reign of Abilkayir Khan spent 6 months in the land of Madhu Zhuz and wrote that the religion of Kazakhs is Islam, and that every Kazakh does not miss one of the five Namazes. Also, Andreev in his work «Description of the Middle Horde of the Kyrgyz-Kaisaks» wrote: «The laws of the Kazakhs are based on Muhammad's religion. They came to the religion through Bukhara during Zhanibek Khan, and noted that the ruler of Altyn Orda during the period of 1342-1357, Az-Zhanibek was a true Muslim».



■ Қазақтар. XV ғасыр. М.В.Гореликтің қалпына келтірген киім үлгісі.

■ Казахи. XVвек. Вид одежды восстановленный М.В.Гореликом.

■ Kazakhs. XV century. The sample of the clothing restored by M.V. Gorelick.

Қазақ хандығы дәуіріндегі «аталық» институты Ислам дінінің дамуына өлшеусіз үлес қосты. Әрбір Шыңғыс ұрпағы өздеріне діни тәлім-тәрбие беретін ұстаздар ұстайтын. Ол ұстаздар тек діни тәлім-тәрбие ғана беріп қоймай, бекзадаға ат спортын, соғыс өнерін, аң аулауды, шешендікті үйрететін. Қазақ хан-сұлтандарының көпшілігінің есімдерінің діни сипатта болып келуіне де осы аталықтардың тигізген әсері мол.

Қазақ мәдениетін жан-жақты зерделеген орыс зерттеушілері ақсүйектердің ғана емес, қара халықтың да сунниттік исламды ұстанатынын хабарлайды. Мысалы, М.Михайлов «Киргизы» атты мақаласында: «Қырғыздар (қазақтар) өздерін Мұхаммедтің дінінің сунниттік бағытын ұстанамыз деп біледі», – деп жазса, этнограф В.В.Радлов: «Қырғыздар (қазақтар) өздерінің өмір сүру салттарымен және биік ой-өрісімен Алтайдың көшпелі түріктерінен айырмашылықтары бірден байқалады. Бұл – сөзсіз Исламды жүздеген жылдар бойы ұстанғандығынан», – деп, Қазақ халқының Ислам дінін берік ұстанатынын айтып өтеді.

Институт «аталыка» в эпоху Казахского ханства внес особый вклад в развитие Исламской религии. Каждый потомок Чингиз хана держал при себе учителей, дающих религиозное воспитание. Эти наставники учили детей султанов и ханов не только религии, но и конному спорту, искусству войны, охоте, ораторскому мастерству. Аталычество в значительной мере повлияло на избрание многими ханами и султанами мусульманских имен.

Русские исследователи, подробно изучившие казахскую культуру, сообщают, что суннитского ислама придерживалась не только казахская аристократия, но и простой народ. Например, М.Михайлов в своей статье под названием «Киргизы» пишет: «Киргизы (казахи) считают, что придерживаются суннитского направления религии Мухаммеда», а этнограф В.В.Радлов, говоря о том, что казахи крепко придерживались Исламской религии, отмечал: «Киргизы (казахи) резко отличаются от кочевых Алтайских тюрков своим образом бытия и высоким интеллектом и сознанием. Это безусловно от того, что они придерживались Ислама в течение сотни лет».

The Atalyks Institute contributed to the development of Islam during the times of the Kazakh Khanate. Each descendant of Genghis Khan had a teacher who gave religious food. They not only brought up but also taught horse riding, martial arts, hunting for wild animals, and oratory. Atalyk also influenced the fact that the names of the Kazakh sultan khans had a religious shade.

Russian researchers who studied Kazakhs from all sides reported that not only aristocrats, but also the common people adhered to Sunni Islam. For example, M. Mikhailov in the article «Kirghiz» wrote: «The Kirghiz (Kazakhs) say that they accepted the Sunni direction of Muhammad's religion.» And the ethnographer V.V Radlov said: «The Kirghiz (Kazakhs) differ from the Altai Turks in their everyday life and high intellect. This is because they have been following Islam for a hundred years.



■ Ортағасырлық шағатай тілінде жазылған «Хандар шежіресі».

■ «Родословная ханов» написанная на средневековом чагатайском языке.

■ The «Geneology of the Khans» written in Chagatai language in medieval period.

## ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНЫҢ АСЫЛ ДІҢГЕГІ

## ИСЛАМ – ОПОРА ПОЭЗИИ ЖЫРАУ

## THE PRECIOUS SUPPORT BY THE POETRY OF THE STORYTELLERS

XV-XVIII ғасырлар аралығында өмір сүрген жыраулар қазақ қоғамының қалыптасу кезеңі мен оның даму сатысындағы бай рухани мұра қалдырды, олар өздерінің жырларында қоғамдық өмірдің әлеуметтік саяси жағдайы мен халықтың ой-санасын бейнеледі. Жыраулар адам өмірінің мәні неде, өмір мен өлім мәселесі, адам мен дүние арақатынасының сырын ашу туралы сұрақтарға жауап іздеді. Сол уақыттағы ішкі және сыртқы саяси жағдайының шиеленісуі жыраулардың дүниетанымына үлкен әсерін тигізді. Олардың көзқарастарында жалпы адамзаттық ойға ортақ белгілермен қатар, өзіне тән ұлттық ерекшелігі болды. Сонымен қатар, жыраулардың дүниетанымдағы өзіндік ерекшеліктерінің бірі – аз сөзге көп мағына беру, яғни жыраулар поэзиясының өн бойынан қуатты әрі көркем сөздермен құралған шеберлік байқалып тұрады. Екінші жағынан, үлкенді сыйлау, достық, кішіпейіл болу, инабаттылық, адамгершілік және т.б. категориялардан тұратын адамгершілік туралы ойлары болды. Бұл көзқарастар діни-философиялық сарында көрінді.

Меңдібай Әбілұлы жыраулар поэзиясы (XV-XVIII ғасырлар) туралы былай деп жазады: «Ислам дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілдері Махмұд Қашғар, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иүгінекилердің шығармалары түркі халықтарының әдеби мұрасына айналды. Әрине, осындай әдебиетші-ғұламалардың поэзиялық шығармалары қазақ жыраулық поэзиясының өкілдеріне әсер етпей қойған жоқ. Асан қайғы жырау мен Сыпыра жырау, Қотан жырау, Шалкиіз жырау мен Бұқар жыраулар өздерінің поэзиялық шығармаларында діни дәстүрді қалыптастырды. Бірақ кешегі Кеңес заманында жыраулық поэзия өкілдерінің шығармаларындағы діни ағым жөнінде ғылыми тұрғыдан пікір өрбітуге кеңестік идеология кедергі келтірді...».

XV-XVIII ғасырларды қамтитын Қазақ хандығы дәуірі әдебиетіндегі жыраулар поэзиясындағы діни-философиялық сарынның пайда болуы заңды құбылыс еді. Араб шапқыншылығының нәтижесінде көне түркі жазуы ұмыт болды. Енді түркілер, соның ішінде қазақтар енді білімін, жазу-сызуын араб таңбасына ауыстырды. Ислам дәуірі әдебиетінің өкілдері тарапынан шығарылған әдеби-мәдени еңбектер қазақ даласына ұрпақтан ұрпаққа ауызша жетіп келген еді. Сондықтан Ахмет Яссауи, Ахмет Иүгінеки, Жүсіп Баласағұн шығармалары қазақ жыраулары мен ақындарының нәр алатын бұлағы болды. Әсіресе, бастан-аяқ бір сазбен, терең оймен, үлкен тебіреніспен, шабытпен жазылған «Яссауи хикметтерінің» дәстүрін, сазын, сарынын жырауларымыз өз туындыларында жалғастырып әкетті. Тіпті, XV ғасырда ғұмыр кешкен Асан қайғыдан бастап, Шәкәрім Құдайбердіұлына дейін бұл сарын бірде-бір рет үзілмей жалғасып келген. Ел қамын жеген Асан қайғы: «Мұнан соң қилы-қилы заман болар, Заман азып, заң тозып жаман болар. Қарағайдан шайыр кетер, Ханнан күш, қарындастан қайыр кетер», – десе, Қожа Ахмет Яссауи: «Білгейсің бұ дүние барша елден өтер, Малға да сенбе қолдан кетер. Ата-ана, қарындас қайда кетті ойлап көр, Төрт аяқты шабан ат бір күні саған жетер», – дейді. Екі ақынның айтайын деген ойы, ішкі сыры түсінікті, өмірде тұрақты еш нәрсе жоқ, бәрі өтпелі, тек бір Алла ғана мәңгілік екенін білдіріп тұр. Сондай-ақ, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиембет жыраулардың толғауларынан да Қожа Ахмет Яссауи хикметтерінің сарынын, сазын, ықпал-әсерін табуға болады. Мәселен, Шалкиіз жырауды алайық. Ол – Ислам дінін ұстанған, оның тәңірісі көк емес, Алла екенін жырлаған, төменде берілген оның толғауларынан үзінділер келтірейік: «Тәңірінің үйі кебені, Ибраһим-Халил Алла жасапты, Ғазірейіл жан алмаға қасап-ты» немесе «Әбсінде ғалым жидырып, Ақ кітабын жайдырып...». Біз бұл үзінділерден Шалкиіздің Құранға, Ислам дінінің қағидаларына қаншалық жетік болғаны бізге мәлімсіз, алайда оның оның сауаттылығы күмән туғызбайды.





■ Асан қайғы кесенесі.

■ Мавзолей Асан Кайгы.

■ Mausoleum of Asan Kaigy.

# ИСЛАМ - ОПОРА ПОЭЗИИ ЖЫРАУ

Поэты-жырау, жившие в XV-XVIII века в период становления и развития казахского общества, оставили огромное духовное наследие. В своих произведениях они отобразили социально-политическую сторону общественной жизни, а также общественное сознание народа. Поэты-жырау искали ответы на вопросы о смысле жизни человека, о жизни и смерти, о соотношении мира и человека. Обострение внутренней и внешнеполитической ситуации того времени оказало большое влияние на мировоззрение жырау. Наряду с общечеловеческими идеями их взглядам были присущи и национальные особенности. Одна из специфических особенностей мировоззрения жырау - смысловая многозначность используемых слов, то есть во всей поэтической наследии жырау проявляется мастерство применения художественного слова. С другой стороны, присутствуют идеи человечности, гуманизма, состоящие из категории милосердия, порядочности, дружелюбия, почтительности, учтивости, уважения старших и т.д. Эти взгляды выражены в религиозно-философском духе.

О поэзии жырау (XV-XVIII вв.) Мендибай Абилулы пишет следующее: «Произведения выдающихся представителей литературы исламской эпохи Махмуда Кашгари, Жусупа Баласагуни, Ахмета Югнаки стали литературным наследием тюркских народов. Разумеется, поэтические произведения таких ученых-литераторов безусловно повлияли на представителей казахской поэзии жырау. Асан Кайгы жырау и Сыпыра жырау, Котан жырау, Шалкииз жырау и Бухар жырау в своих поэтических произведениях сформировали религиозную традицию. Однако, в Советское время советская идеология препятствовала высказыванию научного суждения о религиозном составляющем в произведениях представителей поэзии жырау...».

Присутствие религиозно-философского составляющего в поэзии жырау эпохи Казахского ханства, охватывающая XV-XVIII века, - закономерное явление. В результате арабского нашествия была забыта древнетюркская письменность. В связи с этим, тюрки, в том числе и казахи, поменяли свою письменность на арабскую. Различные труды представителей литературы исламской эпохи в казахской степи передавались из поколения в поколение в устном виде. Поэтому произведения Ахмеда Яссауи, Ахмеда Югнаки, Юсуфа Баласагуни являлись источником вдохновения для казахских поэтов и жырау. В частности, в своих произведениях поэты-жырау продолжили традицию, дух произведения «Хикметы Яссауи», написанных с глубоким смыслом, большим трепетом, творческим вдохновением. Начиная с Асан Кайгы и заканчивая поэзией Шакарима Кудайбердыулы эта традиция продолжалась не прерываясь. Если Асан Кайгы опечаленный судьбой своего народа писал: «Мұнан соң қилы-қилы заман болар, Заман азып, заң тозып жаман болар. Қарағайдан шайыр кетер, Ханнан күш, қарындастан қайыр кетер», то Ходжа Ахмед Яссауи отмечал: «Білгейсің бұ дүние барша елден өтер, Малға да сенбе қолдан кетер. Ата-ана, қарындас қайда кетті ойлап көр, Төрт аяқты шабан ат бір күні саған жетер».

Понятна основная идея, внутренняя суть высказывании этих двух поэтов – все в этом мире бренно и преходяще, только один Аллах вечно существует. Также можно найти в толгау, то есть в стихотворениях-размышлениях Казтуган жырау, Доспамбет жырау, Шалкииз жырау, Жиембет жырау сходство, созвучие, а также влияние хикмет Ходжи Ахмета Яссауи. Например, Шалкииз жырау был приверженцем исламской религии, его божество не Кок Тенгри, а Аллах: «Тәңірінің үйі кебені, Ибраһим-Халил Алла жасапты, Ғазірейіл жан алмаға қасапты» или «Әбсінде ғалым жидырып, Ақ кітабын жайдырып...» Из этих отрывков невозможно установить, насколько Шалкииз жырау хорошо знал Коран, каноны исламской религии, однако его религиозная грамотность не вызывает сомнения.

А знаменитый жырау Казтуган в своих стихах, воспевающих доблесть и героизм, мужество и отвагу, не забывал о Создателе, глубоко чувствовал его сверхъестественную силу. Он в своем произведении «Мадақ» пишет: «Бұлыт болған айды ашқан, Мұнар болған күнді ашқан, Мұсылман мен кәпірдің, Арасын бұзып дінді ашқан, Сүйіншіұлы Қазтуған!» Одно его слово дает нам представление о том, какое значение поэты-жырау придавали религии. Если вдуматься в содержание этого произведения жырау, то можно увидеть, что он готов не страшась ничего, отдать жизнь за свою веру, за Ислам. Кажется, поэт Казтуган считает, что его долг – следуя наставлениям Ходжи Ахмеда Яссауи служить стране, совершать благие дела во имя народа. Даже то, что в конце стихотворения он произносит свое имя делает его намного ближе к поэту-суфию.



# THE PRECIOUS SUPPORT BY THE POETRY OF THE STORYTELLERS

Zhyraus lived in the XV-XVII centuries, left a huge legacy on the steps of development and social formation of the Kazakhs, they described in their stories the socio-political state of society and the people's thoughts. The senators sought answers to questions about the meaning of life, about life and death, about man and the world. The confusion in foreign and domestic politics influenced the outlook of the Zhyrau. Their views contained general features of interest to humanity and were their peculiar feature. Along with this, the peculiarity of the worldview of narrators is giving many meanings to one word, that is, the poetry of Zhyraus consists of eloquence appearing in their wise thoughts. On the other hand, human values are seen that come from categories like respect for elders, friendship, modesty, decency, humanity, and others. These views were poured out in the religious-philosophical motif.

Mendibai Abiluly writes about the poetry of Zhyraus in this way: «The works of representatives of the literature of the era of Islam, Mahmud Qashqari, Zhusip Balasaguni, Ahmed Iugineki have become the property of the Turkic peoples. Of course, the works of literary scholars inherent in poetry influenced representatives of the poetry of legends. Asan Kaigy zhyrau, zhyrau Sypyr, Zhyrau Kotan, zhyrau Shalkyiz, zyrau Bukhar in their poetry formed a religion. But the poetry of the Zhyrauov of Soviet times was hampered by Soviet ideology, in order to develop their views on religious knowledge from the point of view of science ...».

Natural is the fact that in the poetry of Zhyrau literature of the Kazakh khanate of the XV-XVII centuries, religious-philosophical themes are raised. As a result of Arab attacks, the ancient Turkic script was forgotten. Now the Turks, namely the Kazakhs changed their knowledge and writing in Arabic. Cultural and literary works of representatives of the literature of the Islamic era were transmitted from generation to generation in the Kazakh land in oral form. Therefore, the works of Ahmet Yassaui, Ahmet Iugineki, Zhusip Balasagun were sources of poets and poets. Especially the traditional meaning of the «Hikmet» of Yassawi, written from beginning to end in one pace, with one thought, with great trepidation, with desire, was continued by the Zhyrau in his poetry. It began with Asan Kaigi, who lived in the 15th century and reached Shakarim Kudaiberdiyev. Asan Kaygy thinks about the people: «After this, hard times will come, time will fade, run out, Will not stay greentrees, will not be khan forces, lose Honor sisters», Kozha Ahmet Yassawi said: «Know everything will go away, Do not believe the wealth it also Will leave. Think about where the parents and sisters have gone. One day you will be overtaken by everything». What the two great people wanted to say is that nothing eternal is permanent in life, only Allah is eternal. And in the poetry of Kaztugan, Dospanbet, Shalkiyiz, Jiembet, you can find the reports of the Kozha Ahmet Yassawi. Take for example Shalkiyiz. He is the person who adheres to Islam, sang about the fact that his Creator is Allah, and not the sky. Let's give examples: «In the hearth of the Creator, was Ibrahim-Hal ilalla, Jebrail was led to an apple» or «There was a scientist once, he opened the book White». It is not known only how close his poetry came to the Koran, to the religion of Islam, but precisely that he was a clever man.

Known zhyrau in his poetry filled with courage and strength, patience and power, he did not forget to mention Allah, and his authority over everything in the poetry of «Madan» he said: «The moon opened beyond the clouds, The sun opened the moon, Muslims and atheists, For I discovered religion by opening, I - Suyinshiuly Kaztugan!». One word of the zhyrau shows how much they respected religion. You can look carefully, then in this work zhyrau you can see that he does not sit idly by the way of Islam, that he is ready to sacrifice his life for the sake of religion. Kaztugan considered it proper to follow the path of the Kozha Ahmet Yassawi and serve the people, for the people. Even the fact that he said his name at the end says thathe took a step closer to Yassawi.

Let us dwell on Bukhara's view of the religion of Islam. «She, the narrator, speaks about Allah, Speak the words of Allah, she speaks about the scientist who discovered Mustafa and Muskapa, with the permission of the Lord speak about Allah, speaks to Kalim Allah-Quran, talks about a friend of the present pro-am». This line shows how zhyrau was close to religion. Bukhar is undoubtedly religious. His first desire from his well-known 11 is not to do the deeds which the Lord wants: «Make the first wish, do not go against Allah!» And the religiousness of Bukhara is righteous. He wholeheartedly believed that «God is one, the prophet is his messenger». I believed that the mercy of Allah is great to those who adhered to religion, and not only worshiped Allah. All Zhyrasu believed in one God, served for their people with the sweat of their brow. One distinguishing side of the legends is that they have a religious-sophistical direction. Zhyraus studied in religious schools and evolved. Therefore, in their stories, there is a religious - sophistical tone. We will say that all Zhyraus supported the religion of Islam, and contributed to preserving the people's religious unity. Religion is absolute truth, and Sufism is the basis of knowledge created for the wide spread of religion among the nomadic people. Thus, using sophistic theology in their stories, the Zhyrau were the distributors of religion among the people. In particular, the idea that one should love Allah, and did not doubt that he exists, turned into the main leitmotif of sophistic poetry, and Zhyraus explained this in an accessible way to the people. For example, Bukhar Zhyrau said: «There is no conscience like Allah, there is no black and white strip», Dulat akyn said: «The error of one who supports polytheism, and not only Allah».

It is undoubted that the legends of representatives of sophistic literature based on the worldview of the nomadic people are much more pleasant than the preaching of the mullah. Using the deep meanings in the philosophy of Islam, as the humanity, gratitude, justice, caring in their poetry, the proponents received the support of the people. Each of their words penetrated into the consciousness of each person with complete certainty.

Ал, атақты жырау Қазтуған өзінің ерлік пен өрлікке, қажыр мен қайратқа толы жырларында Алланы естен шығармаған, оның құдіретін барынша сезінген, ол «Мадақ» жырында былай: «Бұлыт болған айды ашқан, Мұнар болған күнді ашқан, Мұсылман мен кәпірдің, Арасын бұзып дінді ашқан, Сүйіншіұлы Қазтуған!» – деп толғаған. Бір ауыз сөзінің өзі жыраулардың дінді қаншалықты құрмет тұтқаны жайлы мағлұмат береді. Жыраудың осы туындысына зер сала қарасақ, оның Ислам жолында еш тайынбайтынын, өз діні үшін ғазиз өмірін де арнайтынын көреміз. Қазтуған ақын Қожа Ахмет Яссауи жолымен жүріп, көпке қызмет етуді, ел үшін игілікті іс атқаруды борышым деп санайтын сияқты. Тіпті, өлеңінің соңында өз аты-жөнін айтуы да сопы ақынға бір табан жақындай түскендей әсер қалдырады.

Бұқардың Ислам дініне көзқарасына тоқтала кетейік. «Ей, айтушы, Алланы айт, Тәңірім сөзі бұрқанды айт, Төрт шадияр Мұстафа, Мұсқап ашқан ғаламды айт, Тәңірім салса аузыңа Аты жақсы құдайды айт, Кәлима Алла – Құранды айт, Жан жолдасың иманды айт!». Бұл жолдардан жыраудың Ислам дінің жай-жапсарына қаншалықты қанық болғандығы көрінеді. Бұқар, сөз жоқ, діншіл. Оның атақты он бір тілегінің ең біріншісі – құдай қаламайтын іске аяқ баспау: «Бірінші тілек тілеңіз, Бір Аллаға жазбасқа!». Және Бұқардың діншілдігі жай тақуалық емес. Ол – «Құдайдың – бір, пайғамбардың – хақ» екендігіне шын көңілімен сенген жан. Құдайға құлшылық етіп отыру парыз ғана емес, дінді берік ұстанған адамға Алланың рахматы көп екеніне сенген. Кешегі өткен жырауларымыздың қай-қайсысы да Алланы бір деп таныған, ел-жұртына адал қызмет істеуге, көптің көңілінен шығуға таңдайынан жар, маңдайынан терін төккен. Толғаулардың өзекті қырларының бір саласы ондағы діни-сопылық танымдардың жырлануында жатыр. Жыраулар діни мектептерде білім алған, діни сауатты адамдар болды. Сондықтан олардың мұраларында діни-ұғымдар мен сопылық бағыттар анық сезіліп тұрады. Жыраулардың барлығы дерлік Ислам дінін қолдап, дінді халық арасындағы бірліктің сақталуына мұрындық еткені анық. Дін – абсолюттік шындық. Ал, сопылық – Ислам дінін көшпенді халық арасында кең уағыздауға құрылған ілімдердің негізі. Олай болса, қайбір жыраудың осы тақырыпқа орай арнаған жыр өрнектерінде сопылық ілімнің түйдек-түйдек көрініс алуы – Ислам дінін қазақ арасында уағыздауда әдебиеттің алар орнын анықтаса керек. Әсіресе, Алланы шексіз сүю, оның бар екеніне шек келтірмеу идеясы сопылық поэзияның негізгі лейтмотивіне айналса, ал жырау мұраларында бұл идея халықтық түсінікке сай жырланып отырған. Мысалы, Бұқар жырауда: «Алла деген ар болмас, Ақтың жолы тар болмас». Дулат ақында: «Бір «Алладан басқаның, Көпті қылған ғайыбы».

Көшпенді халық дүние танымына негізделген сопылық әдебиет өкілдерінің мұралары күнделікті уағыз айтушы молдалардың сөзіне қарағанда анағұрлым жұғымды болғандығы сөзсіз. Сопылардың адамгершілік, қанағат, әділет, қайырымдылық сияқты ислам философиясындағы терең ұғымдардың ақын-жыраулар поэзиясында кең жырлануы халық тарапынан қолдауға ие болды. Осы бағыттағы олардың әр сөзі құмған сіңген судай халық санасына жұтылып жатты.

Рассмотрим суждения Бухар жырау об исламской религии. «Ей, айтушы, Алланы айт, Тәңірім сөзі бұрқанды айт, Төрт шадияр Мұстафа, Мұсқап ашқан ғаламды айт, Тәңірім салса аузыңа Аты жақсы құдайды айт, Кәлима Алла – құранды айт, Жан жолдасың иманды айт!» Из этих строк можно понять, насколько жырау был сведущ в исламе. Несомненно, Бухар жырау верующий человек. Первое из его одиннадцати пожеланий – не совершать не богоугодное дело: «Скажите первое пожелание, Будьте верным Богу». Вместе с тем, религиозность Бухар жырау не просто набожность. Он глубоко и искренне верит в то, что «Всевышний – един, пророк – истинен». Он верит, что поклонение Богу не только обязательное требование, что Аллах всегда милостив глубоко верующему человеку. Все поэты-жырау, жившие в былые времена, признавали единого и единственного Бога – Аллаха, служили верой и правдой своему народу.

Актуальная сторона толгау – воспевание религиозно-суфийского познания. Поэты-жырау были религиозно грамотными людьми, получившие знание в религиозных школах. Поэтому в их наследии ясно прослеживаются религиозные понятия и суфийское направление. Все поэты-жырау поддерживали ислам, религию считали основой сохранения единства народа. Религия – абсолютная истина. А суфизм - основа учений, созданные для проповедования исламской религии среди кочевого народа. В таком случае, весьма наглядные проявления суфийского учения в стихах некоторых жырау, повсященных этой теме, определяют значение литературы в проповедовании исламской религии среди казахов. Если в поэзии суфийского направления безмерная любовь к Богу, несомненная вера в его существования являются ее лейтмотивом, то в наследии жырау это идея воспевается в соответствии с народным пониманием. Например у Бухар жырау есть такие строки: «Алла деген ар болмас, Ақтың жолы тар болмас». Дулат акын отмечает, что: «Бір «Алладан басқаның, Көпті қылған ғайыбы».

Безусловно, по сравнению с ежедневными проповедями мулл наследие представителей суфийской литературы, основанное на мировоззрении кочевого народа, было более постигаемое. Широкое воспевание в поэзии поэтов-жырау таких основопологающих понятий исламской философии как нравственность, справедливость, милосердие, удовлетворенность суфийев получило одобрение со стороны народа. Каждое их слово в этом направлении словно вода впитываемая песком полностью усваивалось в сознании народа.



# ШАРИҒАТҚА СҮЙЕНГЕН ДАЛА ЗАҢДАРЫ
## СТЕПНЫЕ ЗАКОНЫ, ОСНОВАННЫЕ НА ШАРИАТЕ
## LAWS OF THE STEPPE RELIED ON SHARIAT

Әбілқайыр хандығынан көшіп келген тайпалардан едәуір әскери күш жинаған Керей мен Жәнібек Әбілқайыр хандығы мен Моғолстанның құлдырауын пайдалана отырып, Шығыс Дешті Қыпшақ пен Жетісуді мекендеген көшпелі тайпаларды біріктіру жолындағы күреске емін-еркін араласып кетеді. Дегенмен, Қазақ хандығының қуаты артып, күшейе түскен кезеңі Қасым ханның билікке отырған шағына тура келеді. Қасым ханның тұсында қазақтардың саны миллион адамға жеткен. Оның билігі кезінде Қазақ мемлекеті туралы Батыс елдері де білді. Қасым хан Ұлы князь Василий III (1505-1533 жж.) кезіндегі Мәскеу мемлекетімен дипломатиялық қатынас орнатып, Мәскеуге бірнеше рет (1517 ж., 1526 ж.) сапар шеккен. Австрия дипломаты Сегизмунд Герберштейн де өзінің дипломатиялық жазбаларында Қазақ хандығы туралы деректер қалдырған.

Қасым хан кезінде Қазақ хандығындағы Ислам дінінің де мәртебесі жоғарылап, дамудың жаңа сатысына көтеріле түсті. Бұл орайда кейінгі ұрпаққа «Қасым ханның қасқа жолы» деген атаумен жеткен қазақ қоғамындағы құқықтық нормаларды реттеу мақсатымен алғашқы қазақ заңдар жинағының рөлін ерекше айтуға болады. Қазақ рулары арасында бұрыннан қалыптасқан әдеп-ғұрып ережелері негізінде жасалған бұл заң сол кезде мұсылман елдерінде жаппай қолданылып жүрген Ислам дінінің (шариғат) заңынан өзгеше, көшпелі қазақ өміріне үйлесімді байырғы заң болды. Билердің кеңесінде көппен ақылдасып, «Жарғы ережелеріне («ақсақалдар ережесі», «ата-баба жолы», «жөн-жосықтар») мәнді өзгерістер енгізіледі. Қалың бұқара Қасым ханның ежелден қалыптасқан билер заңы – Жарғыны жаңадан көтергенін ұнатып, оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атап кетеді.

Керей и Жанибек, собравшие преимущественно большое количество племен по военной силе, чем у ханства Абулхаира, воспользовавшись моментом падения ханства Абулхаира и Могулистана, стали своевольно вмешиваться в воссоединение племён Дешти-и-Кипчаков и племён, населявших территорию Семиречья. Тем не менее, увеличение мощности казахского ханства пришло на время правления в период власти Касым хана. Число казахов под его руководством составила 1.000.000 человек. Во время его правления о казахском ханстве слышали и западные страны. Касым хан во время правления князя Василия III (1505 – 1533 гг.) установил государственно–дипломатические отношения с Москвой. Кроме того, о Казахском ханстве упоминает в своих дипломатических записях австрийский дипломат Сегизмунд Герберштейн.

Во время правления Касым хана в Казахском ханстве ислам приобрёл высокий статус и достиг нового этапа развития. Кроме этого, в период правления Касым хана был написан свод законов «Жеты жаргы», который представлял очень важную ценность для следующих поколений. Этот свод законов был построен на основе кочевого образа жизни, сопоставляя все обычаи и традиции с исламом. С помощью советов старейшин в закон вносились («путь предков», «правила старейшин», «обряды–традиции») различные изменения. Народ, приветствуя такое новшество своего предводителя, определил название как «правильный путь Касым хана».

Having collected a solid army of tribes who left the Khanate of Abilhayir, Kerey and Janibek, taking advantage of the dissolution of the Khanates as Uzbek and Mogulstan, embarked on the battle path in order to unite the tribes inhabited in Zhetis and Deshti Kypchak. Nevertheless, the Kazakh khandyk became more powerful as a state during the reign of Kasim Khan. At the time of Kasim Khan, the number of people reached the figure of one million. During his reign, the Kazakh khandyk was heard even on the western edges. Kasim Khan established diplomatic relations with the Great Moscow State to Prince Vasily III (1505-1533) and visited Moscow several times (1517-1526). Diplomat of Austria Segmund Gerberstein in his diplomatic records left information about the Kazakh khandyk.

Under Kasim Khan, the honor of religion Islam rose and rose to a new stage of development. Here we can note the role of the first collection of laws created to streamline the legal norms in the social life of the Kazakhs, and reached the next generation called «The Valiant Road of Kasim Khan.» This law came out on the basis of the rules of being and traditions formed in the early times among the Kazakhs differed slightly from the laws (Sharia) of the religion of Islam, which was used by all Muslim countries of the time, and the ancient law became a life under the Kazakh nomadic people's life. On the advice of the biys, having consulted with all, changes were made in the «Rules of Jarga» («Rules of ancestors», «the way of ancestors», «the path and the conductor». The people who liked the fact that the council of the bays of Kasym Khan was renewed by the Jargy formed from ancient times and Gave him the name «Valiant way of Kasin Khan». Kasym khan decided to issue a law demanding from people iron discipline. This law was approved and promulgated.

Бұрынғы заң-қағидаларға енгізген ережелері мынау:

1. Мүлік заңы (мал-мүлік, жер-су, қоныс дауларын шешу ережелері).
2. Қылмыс заңы (кісі өлімі, ел шабу, мал ұрлау, ұрлық т.б. қолданылатын жазалар).
3. Әскери заң (қосын құру, аламан міндеті, қара қазан, тұлпар ат, ердің құны т.б.).
4. Елшілік жоралары (шешендік, әдептілік, халықаралық қатынастардағы сыпайлық, сөйлеу мәнері).
5. Жұртшылық заңы (шүлен тарту, ас-той, мерекелер мен жиындардағы ережелер, жылу, асар т.б.).

Правила и уставы, внесённые в свод законов:

1. Закон о власти (имущество, земельно-водные ресурсы, решение проблем кочевых территорий).
2. Закон о преступлениях (наказание за убийство человека, за нападение, за кражу скота, кражу имущества и другие).
3. Военные законы (образование полков, обязанность защиты, чёрный казан, скакуны, ценность мужчины и др.)
4. Качество посла (красноречие, воспитанность, вежливость в международных отношениях, искусство речи).
5. Законы для народа (свадьбы-похороны, правила организации праздников и собраний, помощь и т.д.).

The law consist of five chapters:

1 chapter (Property law) the problems of lawsuits, land, clan, family relations, as well as payment of redemption and taxation are examined.
2 chapter- the terms of punishment for specific crimes are defined (The criminal law).
3 chapter covers the issues of military service and discipline. Any violation is punished without fail depending on the gravity of the crime (The Military law).
4 chapter is devoted to the issues of the diplomatic service and its ethics. (The ambassador's law in custom).
5 chapter to the holding of holidays, funereal, etc. (Law of the Public).

Ереже заңдары өзгеріссіз XVII ғасырға жетіп, Есімнің кезінде (1598-1645) «Есім ханның ескі жолы» деп аталып, Әз Тәукенің «Жеті жарғысына» жалғасты. Әрине, қазақы далалық демократияның құқықтық негізіне айналған «Жеті жарғы» дәл қазіргі кездегі Конституция сияқты жалпы мемлекеттік кешенді сипатта болған жоқ, ол өзінің дәуіріндегі көшпелі қоғамның жалпы және ерекше құрылысына толық сәйкес келетін құқықтық норма еді.

«Жеті жарғы» бір жағынан Қасым ханның «Қасқа жолы» мен Есім ханның «Ескі жолы» заңдарының заман талабына сай қайта толықтырылған, елеулі өзгерістер енгізіліп, дамытылған туындысы іспетті. Ал, жаңадан қосылған екі тарау жесір дауы мен құн дауына қатысты болды. Бұл кезде Қазақ хандығының шығыс жағындағы жайылымдарды ойрат-жоңғар феодалдарының басып алуына байланысты жердің тарылуы, мал жайлылымдарына таласқан жанжалдардан адам өлімінің жиі болуы себепті жер дауын мүлік заңынан, құн дауын жалпы қыл-

Правила и свод законов без изменений дошли до XVIII века и при правлении хана Есима (1598-1645) законы именовались «старый путь Есим хана», таким образом дополняя свод законов Тауке хана «Жети жаргы».

Конечно, основанные на принципах демократии законы кочевого народа нельзя сравнивать с нынешней Конституцией независимой страны. Эти законы в свое время функционировали для кочевого народа и полностью соответствовали их быту. «Жети жаргы» дополняло и вводило новшества в законы с одной стороны в «Правильный путь» Касым хана, а с другой стороны такие же изменения вводило в «Старый путь» Есим хана. В те времена земли Казахского ханства с восточной стороны завладели феодалы ойрат-жонгары. Многие пастбища тех краев перешли в их руки и по этой причине на востоке уменшились отгонные территории, а борьба за эти земли приносила много убытков и смертей людей. В связи с этим в сводах закона «Жети жаргы» пришлось отделить земельный закон

The rules of the law came to the XVIII century unchanged, in the time of Yesim Khan (1598-1645 became known as «The old way of Yesim Khan», then continued as «Zheti Zhargy» («Seven ordinances») Az Tauke. Naturally, «Zheti Zhargy» The basis of the democracy rights of the Kazakh steppe was not in accordance with the format of state standards of the current Constitution, it was a legal norm fully consistent with the general and peculiar structure of the nomadic society of that time.

«Seven ordinances» complied with the requirements of the law «The Valiant Way Kasim Khan» and «The Old Way of Yesim Khan», but he made changes and he was a more advanced work. And two new chapters were about the problem of widows paying the problem. We had to introduce a separate chapter on the problem of payment separately from the law of crime, as the killings increased because of problems with pastures, in turn, because the feudal lords of the Oirat-Zhungars took lands in the east of the Kazakh khandyk. The basis of the rights of the new state - «Jeti Jargy» turned

мыс заңынан бөліп алып, жеке-жеке тарау енгізуге тура келді. Жаңа мемлекеттің құқықтық негізіне айналған «Жеті жарғы» далалық демократияның рухына сай Ата заң болды. Бұл қазақ халқына тән дәстүр сабақтастығын басшылыққа алған, елдің саяси өмірі мен бұқара халықтың тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктеріне сай бейімделген салиқалы заңнама ғана емес, ел ынтымағы мен бірлігін көздейтін саяси идеологияның құқықтық негізі еді. Қазақ хандығы үшін зор маңызы бар осы тарихи құжаттың астына ұлттың барлық игі жақсылары топтасты, барша халық мойындап, бірауыздан басшылыққа алынды. Бұл тұрғыда «Жеті жарғыны» бүкіл ел болып мойындап, күнделікті өмірде кеңінен қолдануын демократияның алтын заңына айналған легитимділіктің жарқын көрінісі десек те болады.

от имущественного закона, закон об убийстве человека отделить от закона нанесения ущерба. «Жеты жаргы» приобрел статус основного закона степной демократии и стал Конституцией для всех казахов. Эти своды законов являлись не только основными законами, определяющими быт, традиции и политику народа, но и определяли единство и дружбу, являясь политической идеологией. Они служили важным документом, который сплотил под одной идейной крышей лучших представителей народа, принявшего эти своды в качестве путеводителя. Таким образом «Жеты жаргы» признал весь народ, используя его в повседневной жизни, что является демократичным и демонстрирует легитимность закона.

into «Ata Zan» corresponding to the spirit of democracy of the Kazakh steppe. This law became the legal basis of political ideology on the path of unity and interrelations of the people, and not only by legislation that adapts the country's political life and simple people, taking as a basis a chain link between the traditions peculiar to the Kazakh people. The document, which was such an important writing of the Kazakh people, was recognized by the whole people, and it was used led by the consent of all people. It is important to say that the picture is legitimate of the golden law of democracy, which is used in everyday life after the recognition of «Seven ordinances».

■ Қоқан билеушісі Абдурахимханның Тәуке ханға жазған хаты.

■ Письмо правителя Хоканда Абдурахимхана Тауке хану.

■ A letter from Kokan's governor Abdurahim, to Tauke Khan.





■ Қазақ даласындағы билер соты.

■ Суды биев в казахской степи.

■ The court of judges of the Kazakh steppe.



# ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙ КЕЗЕҢІНДЕГІ ИСЛАМ
# ИСЛАМ В ПЕРИОД ЦАРИЗМА В РОССИИ
# ISLAM AT THE TIME OF IMPERIAL RUSSIA

XVIII-XIX ғасырларда Қазақстан жерін отарлай бастаған Ресей империясының Ислам дініне деген қарым-қатынасы да қазақтардың исламдану үрдісінде шешуші рөл атқарды. Отаршылдықтың алғашқы жылдары, яғни XVII ғасырда Ресей өкіметі көшпелі халық арасына христиан дінін тарата бастады. Алайда, кейіннен нәтиже бермегендіктен, Ислам дінін өздеріне сенімді болып көрінген татар-башқұрт молдалары арқылы бақылауға алады. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақтар мұсылманша оқудың негізімен таныс болған әрі осы кезеңдегі шариғат негізінде балаларын мұсылман мектептеріне беріп, өздері мешіттерге барып тұрған. Бұл өз кезегінде қазақ халқының даму тарихында «XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде ислам үстірт, яғни мазмұны тұрғысынан етене бойлай алмады» деген пікірді теріске шығарады. Патша өкіметінің қазақтарға христиандықты күштеп ендіру саясаты осы кезеңде Ислам ұстанымдарының керісінше беки түсуіне айтарлықтай әсер етті.

Изменения обычаев быта казахов привело к ограничению религиозных традиций и формированию атеистического мировозрения среди большинства населения. Не смотря на это заглушенные на семейно-бытовом уровне религиозная вера и обычаи нашли свое продолжение в казахском обществе.

Советская власть, торжественно объявляя своим гражданам о свободе вероисповедания и совести, вместе с этим проводила непримиримую атеистическую политику, она показала пример крайнего варварства в борьбе с религией, все нормы морали и права были в открытую растоптаны. Были разгромлены мечети и церкви, сожжены кораны и религиозные книги.



■ Патшалық Ресей тұсындағы миссионерлік саясаттың жүзеге асырылуы.

■ Осуществление миссионерской политики при царской России.

■ Implementation of the missionary policy during the reign of the Royal Russia.

■ 1868 жылы Ресей императоры Александр II қол қойған құжаттан үзінді сурет. Орыс шаруаларын қоныстандыру саясаты.

■ Отрывок снимка документа с подписью Российского императора Александра II в 1868 году. Политика заселения русских крестьян.

■ An extract from the document signed by the Russian emperor Alexander II in 1868. Policy of Russian peoples' resettlement.



Патша үкіметінің әкімшілігі өзінің отаршылдық саясатын жүргізе отырып, қазақ халқын шоқындырып, христиан дініне көшіруге зор көңіл бөліп, Қазақстанның байырғы халықтарын Ресей империясына шын берілген жандар етіп шығаруды ойластырды. Ал, XIX ғасырдың бас кезіне қарай қазақ даласындағы әлеуметтік-саяси өзгерістер патша үкіметінің қазақтарды шоқындырып, христиан дініне көшіру жөніндегі жаңа саясатын жүзеге асыру үшін өте қолайлы жағдай туғызды. Осы кезде Қазақстанның Ресеймен шектес аудандарында ашаршылық күшейген еді. Патша үкіметінің әкімшілігі қазақтардың балаларын көптеп сатып алып, оларды православие дініне кіргізуге кірісті. XIX ғасырдағы белгілі орыс зерттеушісі А.Добросмысловтың хабарлағанындай, «Қазақтардың балаларын шенеуніктер, помещиктер, казактар, офицерлер, көпестер, тіпті дін қызметкерлерінің өздері де сатып ала бастады».

Царская власть, проводя свою политику по колонизации, придавала большое значение крещению и обращению казахского народа в христианскую религию с намерением сделать коренные народы Казахстана преданными подданными Российской империи. Социально-политические перемены в казахской степи начала XIX века создали благоприятные условия для претворения в жизнь новой политики царской власти о крещении и обращения казахов в христианство.

В это время в приграничных с Россией районах Казахстана усиливался голод. Администрация царской власти принялась выкупать казахских детей и обращать их в православную веру. Как сообщает известный русский исследователь XIX века А.Добросмыслов: «Казахских детей начали покупать чиновники, помещики, казаки, офицеры, купцы и даже священнослужители».

Алайда, қазақ даласында христиан дінін қабылдағысы келетіндер іс жүзінде мүлде жоқтың қасы еді. Мұның өзіндік себептері де болатын. Біріншіден, Қазақстанның далалық бөлігінде тұратындар негізінен қазақтар еді. Екіншіден, қазақ халқының тарапынан православиелік дін таратушы миссионерлердің қызметіне қарсылық, тіпті, күшті болды. Үшіншіден, Бұл кезде қожалар мен татар молдаларының қызметі арқылы Ислам дінінің мәртебесі едәуір нығайған еді. Сондықтан да қазақтарды шоқындырып, христиан дініне көшірудің нәтижесі XIX ғасырдың ортасына дейін тіпті де мардымды болған жоқ. Мәселен, аса ауқымды Омбы өлкесінде небары 25 қазақ, Томск губерниясында – 4, ал Тобыл губерниясында – 66 қазақ қана шоқынған екен.

Христиан дінін қабылдаған қазақтардың барлығы да әдетте қазақ қоғамының әлеуметтік төменгі кедей тобының өкілдері еді. Олардың ең алдымен өздерінің материалдық жағдайын жақсартуды көздегені сөзсіз. Бұл жағдайды Сібір қырғыздарын басқару жөніндегі жалпы облыстық басқарма кеңесінің 1868 жылғы 20 ақпандағы деректерінен айқын көруге болады. Онда былай деп ашық айтылған: «... бұған дейін православие дінін қабылдаған қазақтардың бәрінің де шекара шебіне жақын жерлерде көшіп-қонып жүрген сіңірі шыққан кедейлерге жататыны жақсы мәлім... Сондықтан да мына жағдайға күмән келтіруге болмайды: олардың өз дінін ауыстыру себебі өздері ұстанып келген діннің түкке тұрғысыз екендігіне кәміл көз жеткізгендігінде емес, көпшілік жағдайда материалдық есепте жатыр...». Мұны дін таратушы миссионер Филарет Синьковскийдің жазбалары да дәлелдей түседі: «... Жаңа шоқындырылғандардың өмірін бақылаудан көрініп отырғанындай, олар өздері қабылдаған дінге барынша немқұрайлы қарайды және оны тереңірек игеруге мүлде құлықсыз».

Шоқындырылған қазақтар әдетте өзінің бұрынғы қауымында қала алмайтын. Христиан дінін қабылдаған қазақтар «діннен безгендер» деп айыпталып, өте қатаң қуғын-сүргінге ұшырайтын, тіпті оларды өлтіріп те жіберетін. 1869 жылы бұрынғы аға сұлтан Құнанбай Өскенбайұлының бастамасы бойынша Қарамола деген жерде Семей облысы Қарқаралы уезі аумағындағы қазақ билерінің съезі өткізіледі. Онда қазақ ақсүйектері христиан дінін таратушы миссионерлердің қызметіне жол бермеу үшін қолдан келген шаралардың барлығын да қабылдау керектігі туралы шешім қабылдады. Атап айтқанда, қазақтың әдет заңының шоқынған қазақтарды ешқандай да қорғамайтыны жарияланды. Өз дініне опасыздық еткендерді тонап кеткені, өлтіріп кеткені үшін ешкім де жауапты болмайтыны айтылады.

Тем не менее, в казахской степи желающих принять христианство, в реальности, было ничтожно мало. Этому были свои причины. Во-первых, в степной части Казахстана жили в основном сами казахи. Во-вторых, сопротивление казахского народа против деятельности православных миссионеров было мощным. В-третьих, к этому времени благодаря деятельности ходжей и татарских мулл авторитет Исламской религии значительно укрепился. Поэтому христианизация казахов до середины XIX века не возымела должного эффекта. Например, на территории Омского края было крещено всего 25 казахов, в Томской губернии – 4, в Тобольской губернии - 66.

Все казахи, принявшие христианство, были выходцами из бедного, низкого социального сословия казахского общества. Безусловно, они в первую очередь стремились улучшить свое материальное положение. Это ситуация ясно прослеживается из сведений собрания всеобластного ведомства об управлении Сибирскими Киргизами от 20 февраля 1868 года. Там открыто говорится: «Хорошо известно, что все казахи, до сих пор принявшие православие, являются бедняками, кочующими неподалеку от пограничных районов... Несомненно, причина смены веры ими кроется не в том, что они убедились, что религия, которой они придерживались, была никчемной, а в большинстве случаев причина кроется в материальной выгоде...». Это подтверждают записи миссионера Филарета Синьковского: «... Как можно видеть из наблюдения за новокрещенными, они халатно относятся к принятой ими религии и не имеют желания глубже освоить ее».

Обычно крещенные казахи не могли оставаться в своем прежнем окружении. Казахов, принявших христианство, обвиняли в «отречении от веры», подвергали жестокому гонению и даже убивали. Под началом бывшего ага-султана Кунанбая Оскенбайулы в 1869 году в местечке Карамола Семипалатинской области на территории Каркаралинского уезда был проведен съезд казахских биев. На нем казахские аристократы приняли решение о принятии всевозможных мер необходимых для оказания препятствия деятельности христианских миссионеров. В частности, было объявлено, что казахские законы более не защищают права крещёных казахов. Никто не будет нести ответственность за ограбление и убийство тех, кто предал свою религию.



■ 1854 жыл 19 мамыр «Империяның жалпы заңын қазақтарға тарату туралы» ереже. Үзінді сурет.

■ 19 мая 1854 года. Правило «О распространении общих законов империи среди казахов».

■ May 19, 1854. «The Provision on Dissolution of the Imperial Law to Kazakhs.

Патша үкіметі христиан дінін тықпалаумен қатар, Ислам дінін әлсірету саясатын да ұстанды. Қазақтардың Шығыс елдерінде, мәселен, Түркияда оқуына тыйым салынды. Молдалардың қызметіне үкімет әкімшілігі тарапынан қатаң бақылау орнатылды. 1867-1968 жылдары қазақтардың дінге байланысты мәселелері Ішкі істер министрінің қарауына берілді. Әр болыста бір ғана молда ұстауға рұқсат етілді. Көшпелілер арасындағы молда Ресей империясына шын берілген қазақ болуы тиіс делінді. Молдаларды әскери губернатор ғана тағайындайтын және жұмысынан босататын болып белгіленді. Мешіт салу үшін генерал-губернатордың рұқсатын алу қажет болды. Молдалардың жергілікті тұрғындардың сауатын ашып, оқытуы және оның мешіт жанында жұмысқа жайғасуы үшін уезд бастығының рұқсаты керек еді. Мешіттер мен олардың жанындағы медреселерді қазақ қоғамдарының өз есебінен ұстау керек деп шешілді. Вакуфтердің, яғни мешіттердің жылжымайтын мүлкін ұстауға үзілді-кесілді тыйым салынды.

Наряду с пропагандой христианской религии царская власть придерживалась политики по ослаблению Ислама. Казахам было запрещено учиться в восточных странах, таких как Турция. Был установлен строгий контроль администрацией власти за деятельностью мулл. В 1867-1968 годах проблемы относительно веры казахов были переданы министру внутренних дел.

В каждой волости разрешалось иметь лишь одного муллу. Было сказано, что мулла из числа кочевников должен был быть преданным Российской империи казахом. Мулл назначал и снимал с должности только военный губернатор. Для постройки мечети было необходимо разрешение генерал-губернатора. Для обучения местного населения и устройства на работу при мечети мулле было нужно разрешение начальника уезда. Имелось решение, что казахи будут содержать мечети и медресе при них за свой счет. Содержание вакуфов, то есть недвижимость мечетей было строго запрещено.

Дегенмен, қоғамдағы дін ықпалының қаншалықты күшті екенінің негізгі көрсеткіші ғибадатханалар мен діни білім беру жүйелері екендігін ескерсек, тыңнан табылған тарихи деректер таң қалдыра түседі. Мысалға, XIX ғасырдың 60 жылдары Түркістан қаласында 20-ға жуық мешіт, 2 медресе болған. Ал, 1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін Ақтөбе аймағында 200-дей, Жетісу өлкесінде 269, Бөкей ордасында 78, Әулие Ата қаласында 15 мешіт болған.

Зерттеулер орыс отарлауына дейін Түркістан өлкесінде берудің негізгі түрі дәстүрлі мектептер мен медреселер болғандығын көрсетеді. Тіпті, кейбір зерттеулерде XX ғасырдың басында өлкеде 5892 мектеп пен 353 медресе болғандығын мәлімдейді. Осы жерде көңіл аударарлық жайт – бұл білім беру орындарының басым бөлігі «заңнан тыс», яғни орыс отаршыл үкіметінің рұқсатынсыз ашылғандар еді. Бұл жайында тарихшы К.Рысбай XX ғасырдың басында қазақ даласындағы білімнің дамуы туралы жаза келе: «1913 жылы кең байтақ қазақ даласында не бары 157 орыс-қазақ мектебі бар еді, олардың көпшілігінде оқушылар саны 50-ден аспайтын. Оның есесіне, жер-жерде бастауыш діни оқу орындары «заңсыз» (нұсқау бойынша отарлық өкімет орындарының жазбаша рұқсаты талап етілетін) жұмыс істеді. Олардың саны дәл есептеуге келмейтін, өкіметтен жасырылатын. Толық емес мәліметтерге қарағанда, Сырдария облысының Шымкент оязындағы бір ғана Түркістан учаскесінде мыңнан астам осындай мектеп болған», – деп жазады.

Тем не менее, учитывая, что основным показателем влияния религии в обществе являются храмы и религиозные образовательные системы, удивляют найденные исторические данные. Например, в 60 года XIX века в городе Туркестан было около 20 мечетей, 2 медресе. До Октябрьской революции 1917 года на территории Актобе было около 200, в Семиречье 269, в Букейской орде 78, в городе Аулиеата 15 мечетей.

Исследования показывают, что до русской колонизации на территории Туркестана основным видом образования были традиционные школы и медресе. В некоторых исследованиях сообщается, что в начале XIX века в этом краю было 5892 школы и 353 медресе. Стоит отметить, что большинство этих учебных заведений были открыты «незаконно», то есть без разрешения русской колониальной власти. Вот что пишет историк К.Рысбай о развитии образования казахской степи начала XIX века: «В 1913 году в казахской степи было всего 157 русско-казахских школ. В большинстве из них число учеников не превышало 50 человек. Зато в разных местах «незаконно» (по инструкции требовалась письменное разрешение представителей колониальной власти) работали начальные религиозные учебные заведения. Их количество невозможно было точно определить, так как они скрывались от властей. По неполным данным, в одном только Туркестанском участке Шымкентского уезда Сырдарьинской области было более тысячи таких школ».

■ Сол замандағы мұсылман мектептері.

■ Мусульманские школы того периода.

■ Muslim schools of the same period.





■ 1911 жылы Оралда 59 мешіт, Жетісуда 288 мешіт болып, онда тиісінше 50 ден 189-ға дейін молда қызмет етсе, 1930 жылдардың соңында ол жерлерде бірде-бір мешітте, молда да қалмаған.

■ В 1911 году в Уральске насчитывалось 59 мечетей, в Семиречье 288 мечетей, там служило от 50 до 189 имамов, в конце 1930-х годов не осталось ни одной мечети и ни одного муллы.

■ There were 59 mosques in Uralsk in 1911 and 288 mosques in Zhetysu where there were 50 to 189 males, respectively, and in the late 1930's there were no mosques and mullahs.

Түркістан өлкесінде жергілікті халықты ұлттық ерекшеліктерінен, тілі мен дінен айыра отырып, сол арқылы қазақтарды этностық тұрғыдан ыдыратып жіберуге тырысқан патша әкімшілігі 1868 жылы өлкеде Ислам діні қызметкерлерінің құқықтарын шектейтін «Уақытша ереже» қабылдайды. Ереже бойынша енді сұраусыз мешіт салуға, жаңа медреселер ашуға тыйым салынады. Керісінше, осы «Ережеге» Қазақстанда христиан дінін таратуға бағытталған бірнеше тармақ енгізіледі. Христиан дініне кіріп, қандай да болсын бір селолық қоғамға жазылған қазақтарға жеңілдік берілді. Христиан дініне кіргендігі үшін қазақ өлтірілсе, оның ісі әскери сотта қаралды.

Өлкедегі түркі-мұсылман халықтарының саяси және рухани өміріне жасалған басқыншылық шабуыл жергілікті халықтың отарлыққа қарсы бірігуіне алып келетін жағдайларды қалыптастырды. Олар патша үкіметінің отарлық саясатына қарсы күреске бірігіп шықты. Ал, Ислам діні бұл күрестің идеологиялық туына айналды. Бұл күрес тарихқа «мұсылмандық қозғалыс» деген атпен енді. Этнографиялық құрамы күрделі Түркістан халқын патша үкіметінің отарлаушы саясатына қарсы біріктірген бірден-бір күш – мұсылманшылдық болды.

Лишая народ, проживающий в Туркестанском краю, национальных особенностей, языка и религии, и этим самым стремясь ликвидировать казахов как этнос, в 1868 году царская администрация принимает «Временное положение», ограничивающее права Исламских священнослужителей в краю. Положение запрещало без разрешения строить мечети и открывать медресе. К этому «Положению» добавляют еще несколько глав, которые направлены на распространение христианства в Казахстане. Казахам, принявшим христианскую веру и вступившим в любое сельское сообщество, предоставлялись льготы. Если казах принявший христианство был убит, его дело рассматривалось на военном суде.

Политическая и духовная интервенция тюрко-мусульманских народов привела к объединению местного народа против колонизации. Они объединились в борьбе против колониальной политики царской власти. Исламская вера стала идеологическим знаменем борьбы, которая вошла в историю под названием «мусульманское движение». Единственной силой объединившей сложный по этнографическому составу Туркестанский народ было мусульманство.

# ISLAM AT THE TIME OF IMPERIAL RUSSIA

D Changing the lifestyle of the Kazakhs has led to the restriction of religious traditions and the formation of atheistic outlook among the majority of the population. In spite of this the depressed religion-concepts, traditions and customs found their continuation in the Kazakh society on family-household level.

The soviet authorities apart from solemnly proclaiming their citizens freedom of conscience and religion, it underpinned uncompromising atheistic policies, which demonstrated an example of excessive barbarity in the fight against religion, and all norms of morality and law were openly exposed. Mosques and churches were damaged; holy Koran and religious books were burned.

The only and reliable way for the Kazakhs to relocate to the inner provinces of the provinces on the border with Russia was the adoption of the Orthodox religion. In addition, in this case, they were exempt from passport fees. Newly-baptized Christians in search of work could move around the cities and villages of western Siberia, without any problems. Thus, the idea of colonial government to give discounts and benefits to those who converted to Christianity, that is, the baptized came to success. Since the «baptized» were exempted from state taxes and from the execution of recurrent duties. In addition, they had the right to borrow a huge amount.

Among the Kazakhs, Orthodoxy was taken by people from socially low groups, the poor. First of all, they wanted to improve their material condition. This can be seen in the information of the general regional governing council of the Siberian Kirghiz on January 20, 1868. There it is openly written: «… everyone knows that the Kazakhs who became Orthodox were those who moved on the borders and were poor … so there can be no doubt about this situation: they accepted Orthodoxy not because they thought their religion was useless, but rather from For material calculations. « This will prove the writings of the missionary of the distributor of religion, Filaret Sinkovsky: «Newly baptized godchildren, as we saw, treat religion inappropriately and have absolutely no interest in studying it».

Baptized Kazakhs usually did not stay in their old environment. The Kazakhs who converted to Christianity were accused of «refugees from religion» and were exiled, some even killed. In 1869, under the leadership of the former Sultan of Kunanbai Usbekayuly in Karamol, a congress of the Kazakhs of the Karkaraly county of the Semey region was held. There they made a decision that the Kazakh nobility should not allow the missionaries' service in spreading the Orthodox religion and take all measures for this. More precisely, they announced that the Kazakhs who accepted Christianity will not defend. No one is responsible for the murders and the theft of those who betrayed their religion

Christianization of the Kazakhs took new turns in 1881. Since the mission of the Kirghiz was created. Prior to this, the mission of the Kirghiz, based on the mission of the Altai religion, which led to the religion of the Kalmyks of Biysk district in Tomsk province, began the baptism of Kazakhs on the spacious land in the Semey region. The reason for creating a mission in this locality is that in the 19th century the housing of the poor was multiplied. The society of the nomadic Kazakh people resisted the Kyrgyz mission. The Kazakhs began a search and a relative of their godson who went to the villages and cities to work. In their report of 1886, missionary distributors wrote: «The environment of Muhammad» does absolutely everything so that their relatives are not baptized, even resorted to various tricks, resorted to violence, and to revenge. «To be good at teaching the religion of the new baptized were sent to missionary camps. They learned Russian, and learned the basics of a new religion».

Despite the intensive service of missionaries, there were very few who accepted Orthodoxy. In addition, among the baptized were those who converted back to Islam. Therefore, it is not surprising that, according to the material of the All-Russian People of 1870, the number of baptized in Kazakhstan reached only 660.

The government instead of strengthening the religion of Christians, also engaged in politics, to weaken Islam. They forbade Kazakhs to study in Eastern countries, for example, in Turkey. The mullahs were strictly supervised. Problems of the Kazakhs concerning religion in 1867-1968, he gave to the Ministry of Internal Affairs. The service of only one mullah in each region was allowed. Mullah among the nomads, was to be a Kazakh devotee of the Russian Empire. To build a mosque, it was necessary to take the permission of the governor-general. It was necessary to permit the head of the county to Mulla was able to train local residents and that they could work next to the mosque.

It was decided that madrassas and mosques will be kept out of the pocket of the Kazakh society. It was forbidden to have property of mosques, waqfs.

Nevertheless, we were surprised by the historical information found in virgin lands, considering the systems of religious instruction and prayer places, the main indicators of how powerful religious influence over society is. For example, in Turkestan there were 20 mosques and 2 madrassas in the 60s of the 19th century. Before the Kazan uprising in 1917, 200 mosques were counted in Aktobe, 269 in Zhetis, 78 in the area of Bokeja, 15 in the town of Aulie ata.

Studies have shown that before the Russian colonization, in Turkestan, training took place in traditional schools and madrassas. In some studies, there is even evidence that at the beginning of the 20th century there were about 5,892 schools and 353

madrasahs in the country. It is necessary to pay attention to the fact that all these educational institutions worked «out of the law», that is, they were opened without the permission of the Russian authorities. K. Rysbai wrote about the development of learning in the XX century: «In 1913 there were about 157 Russian-Kazakh schools in the Kazakh steppe and in each of them there were no more than 50 pupils. In addition, the primary religious schools worked «outside the law» (the law on obtaining written permission in the government). Their number is unknown, they tried to work without the knowledge of the authorities. According to incomplete information, the section of Turkistan oyaz Shymkent, the Syrdarya region was more than a thousand such schools».

Trying to alienate local residents in the region of Turkestan, from their custom and traditions, from national values, language and religion, the Russian government in 1868 adopted the «Provisional Law» which limited the rights of religious ministers. By law, the structure of mosques and madrassas without permission is prohibited. On the contrary, «the law» was made with chapters on the adoption of Christianity in Kazakhstan and became one of the society of a village, and discounts were given. If a Kazakh was killed because he became a Christian, then his case was examined in a military court.

In the course of the struggle against Islam in the report of 1899, the Turkestan Governor-General Dukhovsky said that the main necessary measures that the State must solve are the problems of Islam and the fight against this epidemic.

He explains this by saying that «Islam is a hostile code not only for our religion, but for our entire culture.

To eliminate the focus of Islam within the Empire, Turkestan and the spiritual, military-civilian life of his people were taken under special control.

The attack, on the political and spiritual life in the region of the Turkic-Muslim peoples, led the people to unite against the occupation. They entered into a struggle against the policy of the tsarist government. Islam became the ideological flag of this struggle. This struggle has remained in history under the name, as the «Muslim movement». One of the forces that serves as a uniting of the ethnographic composition of the population of Turkestan against the policy of the tsarist government has become - Islam.

Since the Kazakh became a Kazakh, Turkestan is known to be a religious, spiritual capital. But the tsarist government, on the basis of its religious policy, opened the Government of Islam in Orenburg in order to attract the religious affairs of the Middle and Younger Zhuz. However, under the opening of the Orenburg Mufti created by the tsar's charter in 1789, there was a big policy. The tsarist government knew that the very first obstacle to penetration into Central Asia would be religion. They made a shield that supposedly we are not against the religion of Islam, having created a mufti in Orenburg, financing it from the state treasury and used the clergy of the Tatars for the occupation service. The main goal was to scare off the Kazakhs from the religious leaven and take religious authority. As a result, Kazakhs, who lost khan and religious power, became slaves. But the Kazakhs did not agree. And for five Kazakh genera Syban-Naiman in 1824. Will put forward the following requirements: «... all the cases, except for the murder with which our people face to provide the Muslim Sharia». After the historian Yermukhan Bekmakhanov expressed his opinion on this matter: «... when the Kazakhs gathered under the banner of the Kenesary, fought heroically, they thought about this availability of the demand».




■ Орынбор муфтилігі.

■ Муфтият Оренбурга.

■ Orenburg mufti.

# ХАН КЕНЕНІҢ҆ ҒАЗАУАТЫ

# ГАЗАВАТ ХАНА КЕНЕ

# GAZAWAT OF KENE KHAN



Қазақ тарихында Кенесары хан (1802-1847) Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бұқаралық сипат алған күрестің жетекшісі ретінде сомдалады. Хан Кене Ресей патшалығының басқыншылығына қарсы күресумен қатар, Орта Азиядағы Қоқан хандығымен Сыр бойындағы Қазақ жерлері үшін де күрес жүргізді. Сыртқы жауларға қарсы Қытай, Хиуа және Бұқар хандықтарымен дипломатиялық байланыс орнатты. Хақназар, Есім, Әз-Тәуке хандардың кезіндегі қазақ-қырғыз бірлестігін жаңғыртпақ болды.

Кенесары хан мемлекеттік басқару реформасында өзі жоғары билеуші болғанымен, «Хан Кеңесі» органы жұмыс істеді. Осы кеңеске дін адамдары да енді. Мысалы, Кенесарының бас уәзірі Сайдақ қожа Оспанов Самарқан мен Бұхарада діни білім алған. Сондай-ақ, ханның кеңесшісі әрі дипломат татар Әлім Ягудиннің де архивтік деректерде дін адамы екені айтылады. Зекет жинаушы қызметін атқарған Ғабдулсаттар да молда еді.

В казахской истории Кенесары хан (1802-1847) известен как предводитель народной борьбы против колониальной политики России. Хан Кене на ряду с борьбой против захватничества царской России, вел борьбу с Хокандским ханством в Средней Азии за казахские земли на побережье Сырдарьи. Он установил дипломатические отношения с Китаем, Хивинским и Бухарским ханствами против внешнего врага. Хотел возобновить казахско-киргизкий союз времен Хакназар, Есим, Аз-Тауке ханов.

Хотя Кенесары хан сам являлся высшим правителем в государственной реформе управления, работал орган «Ханский совет». В этот совет входили и богословы. Например, старший визирь Кенесары хана Сайдак ходжа Оспанов получил религиозное образование в Самарканде и Бухаре. Так же в архивных сведениях говорится, что советник хана и дипломат Алим Ягудин был богословом. Занимавший должность сборщика закята Габдулсаттар так же был муллой.

In the history of the Kazakhs Kenesary (1802-1847) was the leader of the mass struggle against the colonial policy of Russia. Khan Keesary, in addition to fighting against the Russian kingdom, also fought for the Kazakh land in Central Asia with the Khanate Kukan. Also against external enemies, he established diplomatic relations with China, Khanate Bukhar and Khiva. He wanted to modernize the Kazakh-Kyrgyz association with the Khans like Haknazar, Yesim and Az-Tauk. One of the problems, of which he was silent, was the insurrection of the Gazavat character. And in truth, «Kenesary did not propagate Gazavat appeal against the Central Asian khans and religious heads» - said historians who wrote about him, they showed the revolts of Kenesary only as a national liberation uprising.

Although Kenesary was the head of the government reform, then the organ «Council of Khans» worked. This council included believers. For example, the chief ambassador of Kenesary Saidak, Ospanovkozhas, received religious knowledge in Samarkand and Bukhara. And also, as they say in the archival data, counselor Khan and diplomat Alim Khan was also a man of religion. The zakat collector Gabdulsattar also worked as a mullah.

Қазақ тарихында Кенесарыға дейін отаршылыққа қарсы Сырым Датұлы (1782-1797), Тіленші Жоламанов (1822-24), Исатай-Махамбет (1836-1847) бастаған және т.б. соғыстар болып өтті. Бұл соғыстардың әрбірі қазақтың бүгінгі мемлекеттілігі мен ұлттық болмысының қайтадан тарих сахнасына шығуы үшін берілген қасиетті қантөгіс болатын. Ұлтымыздың еркіндігі жолындағы күрескерлік тарихын тұтастай қарастырудың маңыздылығы өз алдына, әрбір киелі тарих беттерін жеке-жеке танып, түстей білгеніміз абзал.

Хан Кенесары қазақ ұлтының еркіндігі, қазақ мәдениеті мен қазақ мемлекеттілігінің сақталуы үшін орыс отаршылдығына қарсы қасиетті соғыс жариялады. Хан Кенесары соғысымен қатар 1830-1850 жылдары Патшалы Ресей отарлығына қарсы Кавказда Имам Шәміл бастаған жиһад ортаға шықты. Хан Кенесарының қасиетті соғысының мұраты - Қазақ елін ежелден өсіп-өнген жерінде бейбіт, азат өмір кешуіне, тартып алынған жерлерін - қазақтың отанын қайтарып алуына, қазақ жеріндегі отарлық билікті жойып, қазақты бірлігі мен баянды тіршілігіне қауыштыру. Осы жолда саяси әрі әскери тәжірибеден өтіп, шыңдалды. Хан Кенесарының алғаш қасиетті соғысы XIX ғасырдың 20-30 жылдары болған ағасы Саржан мен Жоламан Тіленшиевтің әрекетінен басталғаны белгілі. Саржан Ташкент құсбегімен бірге тез арада біршама көп мөлшерде әскер жинап, қазақтарды қасиетті соғысқа шақыратын хат (рисалат) пен үндеулер (дағуат) таратып, патша өкіметіне қарсы ғазауат жариялаған. Хан Кенесарының қасиетті соғысы да ұлттық болмыс үшін отарлыққа қарсы жарияланған ғазауат болатын.

В казахской истории имеют место войны против колонизации, которые до Кенесары возглавили Сырым Датулы (1782-1797), Тиленши Жоламанов (1822-1824), Исатай-Махамбет (1836-1847) и др. Каждая из этих воин была священной кровопролитной войной ради сегодняшней государственности казахов и национального возрождения на исторической сцене. Само собой, важно рассматривать историю борьбы нашей нации на пути к свободе в целом, в первую очередь мы должны изучить каждую страницу священной истории.

Хан Кенесары объявил священную войну против русской колонизации ради свободы казахской нации, ради сохранения казахской культуры и казахской государственности. Вместе с войной хана Кенесары в 1830-1850 годах против колонизации царской России на Кавказе начал джихад Имам Шамиль. Целью священной войны хана Кенесары было – мирное, вольное существование казахского народа на своей земле, возвращение отнятых земель, возвращение казахам родины, уничтожение колониальной власти на казахской земле, вернуть казахам целостность и стабильное существование. На этом пути он получил политический и военный опыт и закалку.

Известно, что впервые священная война хана Кенесары началась с действий его брата Саржана и Жоламана Тленшиева в 20-30 годах XIX века. Саржан с Ташкентским кушбеком собрал довольно большое войско за короткий срок, распространил письмо-приглашение казахам на священную войну (рисалят) и призывы (дауат), объявил газават против царской власти. Священная война хана Кенесары тоже была объявлением газаватом за национальную идентичность против колонизаторства.

Before Kenesary Khan against colonialism, there was the war of the Syrym Datulu (1782-1797), Tilenshi Zholamanov (1822-24), Isatay-Makhambet (1836-1847). Each of the wars was a feed, a sacred bloodshed for the emergence of the current national and state nature of the Kazakh people in history. On the way of freedom of the Kazakh people, historical struggle is of prime importance. Each page of sacred history deserves a special approach.

Khan Kenesary declared a holy war against Russian colonization for the security of the Kazakh people, milking the freedom of the Kazakh culture of the people and nationality. Together with the war of Kenesary Khan in 1830-1850, against the colonization of the Russian empire, a Zhihad under the leadership of Imam Shamil in the Caucasus came out. The legacy of the holy war of Kenesary Khan was to focus on ensuring that the Kazakh people peacefully lived in the ancient land of their ancestors to return the country that was colonized, destroying the colonial system on Kazakh land, and to restore unity and a long life to the people. On this road they passed political and military practice. The first holy war of Kenesary Khan was carried out under the actions of the brother of Sarzhan and Zholaman Tileshev in the 20-30s of the XIX century. Sarzhan assembled a small army in a short time with the falconer Tashkent, distributed letters (rusalaty) and appeals (daguats) to the Kazakhs calling for a holy war, and declared gazavat against the empire. And the war of Kenesary Khan was a gibbet against colonization on national existence.



■ Кенесары ханның мөрі.

■ Печать хана Кенесары.

■ Seal of Kenesary Khan.



■ Кенесары ханның қылышы.

■ Меч хана Кенесары.

■ Kenesary khan's sword.

# ҚАЗАҚТЫҢ ДІНИ АҒАРТУШЫЛАРЫ
# КАЗАХСКИЕ РЕЛИГИОЗНЫЕ ПРОСВЕТИТЕЛИ
# KAZAKH RELIGIOUS ENLIGHTENERS

Ресей империясы ғазауаттардың алдын алу үшін өзіне бағыныштымұсылман халықтарының діни сеніміне ашық тиым сала алмады. Исламнан бас тартқызу саясатын астарлы түрде жүргізді. 1864-68 жылдарғы әкімшілік реформасында молдаларды тағайындау жүйесін енгізді. Нәтижесінде Ресейдің отаршылдық саясатын қолдайтын немесе соған қызмет ететін дүмше молдалар дінбасылық қызмет атқарды. Десе де, отаршылдық саясатқа жем болмас үшін қазақ қоғамын ілім-біліммен қаруландыру керектігін ұғып, діни ағартушылық жолмен халықты бұғаудан алып шыққысы келген Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Шәді Жәңгірұлы және т.б ұлт зиялылары ортаға шықты.

Чтобы ограничить появление газаватов Российская империя открыто не запрещала подвластным ей мусульманским народам придерживаться своей религии. Политика отчуждения от Ислама велась скрытно. В 1864-1868 годы в результате административной реформы была внедрена система распределения муллов. В итоге во главу мусульманской общины назначены липовые духовные руководители, которые служили в интересах колониальной политики российской империи.

В это время появились Алтынсарин Ы., Кунанбаев А., Кудайбердыулы Ш., Жангирулы Ш. и другие выдающиеся представители национальной интеллигенции. Они понимали – чтобы избавить казахский народ от оков колониальной политики, его необходимо вооружить знанием посредством духовного образования.

To limit the emergence of gazawa, or holy wars, the Russian Empire did not openly forbid the Muslims under their power to adhere to their religion. The policy of alienation from Islam was conducted secretly. In 1864-1868, the system of distribution of mullahs was introduced as a result of the administrative reform. Consequently, the head of the Muslim community appointed fake spiritual leaders who served in the interests of the colonial policy of the Russian Empire.

At that time Ybirai Altynsarin, Abay Kunanbaev, Shakarim Kudaiberdyuly, S. Zhangiruly and other outstanding representatives of the national intelligentsia appeared. They understood that the way of saving Kazakh people from the shackles of colonial policy could only be paved through arming them with the knowledge maintained by spiritual education.



## Ыбырай Алтынсарин (1841-1889)

1841 жылы қазіргі Қостанай облысының аумағында дүниеге келген. Әкесінен ерте айырылған ол атасы Балқожа бидің қолында тәрбиеленді. Ыбырай бала кезінен бастап білімге және өз бетінше оқып білуге бейім екенін байқатты. Көп оқыды, өзге халықтардың қол жеткен табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандады. Алған білімін өз халқының пайдасына асыруға талпынды. Торғайда 1864 жылы алғаш қазақ мектебін ашты. Ыбырай 1879 жылы Торғай облысы мектептерінің инспекторы қызметіне тағайындалды. Ол 1879-1883 жылдар аралығында Торғай облысының төрт уезінде (Торғай, Ырғыз, Троицк, Ақтөбе) жаңа мектептер ашады. Осы мектептерге арнап «Бір Аллаға сыйынып, Кел балалар оқылық» деп басталатын «Қазақ хрестоматиясын» және негізгі діни мағлұматтар қамтылған «Мұсылмандық тұтқасы» атты еңбегін жазып шықты.

Родился в 1841 году в Костанайской области. Рано потерял отца. Получил воспитание в семье своего деда Балгожи бия. С малых лет Ыбырай тянулся к знаниям. Много читал и стремился познать больше о достижениях других народов. Полученные знания старался применить во благо процветания своего народа. Открыл в 1867 году в Тургае первую казахскую школу. В 1878 году назначен школьным инспектором в Тургайской области. В 1879-1883 годы в четырех уездах Тургайской области (Тургайский, Иргизский, Троицкий, Актюбинский) открыл новые школы. Для них Алтынсарин написал «Казахскую хрестоматию», которая начинается со стихотворения «Только на Аллаха уповая, давайте, дети начнем учиться», а также «Опору мусульманства» - книга содержит сведения об основах религии.

Was born in 1841 in the Kostanay region. He lost his father in his early age. He was educated in the family of his grandfather Balgozha biy. From his childhood years Ybiray was eager to attain knowledge - he read a lot and tried to learn more about the achievements of other nations. He tried to apply the received knowledge for the prosperity of his people. He opened the first Kazakh school in Turgay in 1867. In 1878, he was appointed a school inspector in the Turgay region. In 1879-1883, he initiated opening of new schools in four districts of the Turgay region (Turgay, Irgiz, Troitsk and Aktobe). Altynsarin wrote the "Kazakh anthology" which begins with the poem " Calling Upon Allah, Let's Begin Learning, Children", as well as "The Support of Islam" the book that contains information about the fundamentals of religion.





# Абай Құнанбаев (1845-1905)

1845 жылы қазіргі Семей облысының Шыңғыс тауларында Қарқаралының аға сұлтаны Құнанбайдың отбасында дүниеге келді. Абай бала күнінде әжесі Зеренің аңыз ертегілерін естіп өсті. Ол әуелі ауылдағы Ғабитхан молдадан сауатын ашады да, 10 жасқа толған соң 3 жыл Семейдегі Ахмет Риза медресесінде оқиды. Бұл медреседе араб, парсы тілдерінде, негізінен, дін сабағы жүргізілді. Құрбыларынан анағұрлым зейінді бала оқуға бар ықыласымен беріліп, үздік шәкірт атанады. Ол енді дін оқуын ғана місе тұтпай, білімін өз бетінше жетілдіруге ұмтылады. Шығыстың Низами, Науаи, Сәғди, Қожа Хафиз, Фузули сияқты ұлы ғұлама, классик ақындарына бауыр басады. Медресенің үшінші жылында Семей қаласындағы "Приходская школаға" да қосымша түсіп, орысша сауатын ашады. Құнанбай сұлтан басқа балаларынан қарағанда Абайдың алымдылығын аңғарып, оны елге шақырып алып, әкімшілдік-билік жұмыстарына араластырады. Сөйтіп 13 жастағы Абай ел билеу ісіне араласады. Бірнеше рет болыс болып сайланады. Кейін билікке араласуды қойып, шығармашылықпен айналысады. Ол діни жанрда өлеңдер мен дастандар және «Қара сөздерден» тұратын діни-философиялық трактат жазды. Әсіресе, «Тасдиқ» атты ғақлиясында терең діни доктриналық мәселелерді көтерді.

Абай Кунанбаев родился в Чингизских междугорьях Семипалатинской области в 1845 году в семье крупного бая Кунанбая Оскенбаева. В воспитании Абая большую роль сыграла его бабушка Зере. Он вырос под впечатлением от ее сказок. В детстве Абая обучал мулла Габитхан, а когда мальчику исполнилось 10 лет, его отправили на три года в медресе к мулле Ахмет-Ризы в Семипалатинск. Здесь преподавали арабский, персидский языки и что самое главное, основы религии. Значительно отличавшийся по уму от своих сверстников, Абай учился с большим усердием и в итоге стал лучшим воспитанником медресе. Он уже не просто довольствуется изучением религии, но и стремится совершенствовать и расширить свои знания самостоятельно. Абай глубоко интересуется Низами, Навои, Саади, Ширази, Физули и другими выдающимися поэтами Востока. На третий год обучения в медресе Абай одновременно посещает русскую «Приходскую школу». Увидев в сыне потенциал, Кунанбай привлекает его к административно-производственным делам рода. Таким образом, Абай с 13 лет начинается заниматься управленческими делами. Он неоднократно избирается волостным, но со временем отходит от управленческих дел и целиком предается творчеству. Абай пишет религиозные стихи и поэмы. Из-под его пера выходит знаменитый философско-религиозный трактат «Слова назидания». Особенно в гаклия «Тасдик» мыслитель поднимает глубокие религиозные доктринальные проблемы.



# Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931)



Құнанбай сұлтанның Құдайберді атты ұлының баласы, Абайдың туыс інісі әрі ізбасары. Шәкәрім бес жасында ауыл молдасына оқуға беріледі де онда жеті жасына дейін оқиды. Жеті жасында әкесінен жетім қалған ол бұдан былайғы кезде Абайдың тікелей тәрбиесінде болады. Абай ағасының жетекшілігімен жан сарайын байытқан Құдайбердіұлы заманында қазақ арасындағы аса білімдар адамдардың бірі болды. Ол араб, парсы, түрік, орыс тілдерін жетік меңгерді. Құнанбай сұлтанның бел ұрпағы болғандықтан, Шәкәрім билікке араласып, болыс болып та сайланады. Бірақ, қырықтан асқаннан кейін дінге біржолата бет қойып, екі рет Меккеге қажылыққа барып қайтады. Ол «Иманым», «Мұтылғанның өмірі», «Үш анық», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» және «Қалқаман-Мамыр», «Нартайлық-Айсұлу», «Еңлік-Кебек» атты дастандарды жазды. 1917 жылы Алаш Орда үкіметі құрылғанда, алаштықтардың батагөй ақсақалы болды. Кеңес үкіметінің тұсында биліктен шетқақпай көріп, соңында жазықсыз жазаланды.

Шакарим племянник Абая. Его отец Кудайберды старший сын султана Кунанбая. С пяти до семи лет Шакарим обучается у аульного муллы. В семь лет теряет отца и воспитывается непосредственно у Абая. Шакарим познает от великого дяди знания, которыми обогащает свой внутренний мир и становится одним из видных деятелей казахского общества того времени. В совершенстве владел арабским, персидским, турецким и русским языками. Являясь потомком султана Кунанбая, Шакарим начинает заниматься управленческими делами, избирается волостным. После сорока лет начал серьезно заниматься творчеством и религией. Два раза совершил хадж в Мекку. Автор произведений «Моя вера», «Жизнь забытого», «Три истины», «Родословная тюрков, киргизов, казахов и ханских династий», поэм «Калкаман-Мамыр», «Нартайлак и Айсулу», «Енлик-Кебек». В 1917 году Шакарим был избран почетным аксакалом сформировавшегося в то время правительства Алаш. При советской власти подвергался притеснениям и в итоге невинно погиб.



■ Жидебайдағы Абай мен Шәкәрім кесенесі.

■ Мавзолей Абая и Шакарима в Жидебай.

■ The mausoleum of Abay and Shakarim.

Was born in the valleys among Chingiz mountains of the Semipalatinsk region in the family of rich feudal Kunanbay Oskenbayev. His grandmother Zere played a great role in the upbringing of young Abay. He grew up under the impression of her fairy tales. As a child, Abai was taught by Mullah Gabithan and when the boy was 10 years old he was sent to the Ahmet-Riza Madrassah in Semipalatinsk. Here he obtained the fundamental knowledge of Arabic, and Persian languages and, most importantly, the foundations of religion. Abay, who differed in his mind from his peers, studied with great zeal and eventually became the best pupil of the madrassah. He no longer simply satisfied with the study of religion, but also seeked to improve and expand his knowledge on his own. Abay is deeply interested in Nizami, Navoi, Saadi, Shirazi, Fizuli and other prominent poets of the East. At the same time, Abay attends the Russian Parish School in the third year of study at the madrasah. Noticing his son's potential capasities, Kunanbay attracts him to the administrative and business affairs of the family. Thus, from the age of 13, Abay begins to engage in managerial affairs. He is repeatedly elected as bolys, or governor, but eventually departs from managerial affairs and is entirely devoted to creativity. Abay writes religious poems. Such famous philosophical and religious treatise as "Book of Words"are the product of Abay's genius. The thinker raises profound religious doctrinal problems in the chapter "Tasdiq

Is Abay's nephew. His father Kudaiberdy is the eldest son of Sultan Kunanbay. Shakarim was educated by the local mullah wen he was 5-7 years old. At the age of seven, he lost his father and was brought up directly by Abay. Shakarim's study under his wise uncle's supervision enriches his inner world and he becomes one of the prominent figures of the Kazakh society of that time. He perfectly mastered Arabic, Persian, Turkish and Russian languages. Being a descendant of Sultan Kunanbay, Shakarim begins to engage in managerial affairs, and later on was elected bolys, the governor. In his forties, Shakarim seriously started to engage in poetry and theology. He made a hajj to Mecca two times. The author of the works «My Faith», «The Life of the Forgotten», «Three Truths», «The Pedigree of Turks, Kirghiz, Kazakhs and Khan Dynasties», poems «Kalkaman-Mamyr», «Nartaylak and Aisulu», «Enlik-Kebek». In 1917, Shakarim was elected an honorary aksakal of the then formed government of Alash. Under Soviet rule, he was subjected to oppression and, as a result, innocently died.

■ Абай Құнанбайұлы 1855-1859 жылдар аралығында білім алған Семей қаласындағы «Ахмет Риза» медресесі.

■ Медресе «Ахмет Риза» в городе Семипалатинске в котором учился Абай Кунанбаев в 1855-1859 годах.

■ Medrese «Ahmet Riza», in the city of Semipalatinsk, where he studied Abay Kunanbaevich in the years 1855-1859.



# Мәшһүр Жүсіп Көпеев
# (1858-1931)



1858 жылы Баянауылдың Қызылтау деген жерінде дүниеге келген. Тоғыз жасында қисса-дастандарды айтып, ел көзіне түскен кезде бала Жүсіпті Мұса Шорманұлы ұнатып, тақиясына үкі таққызып: «Өз заманында халқына Мәшһүр болатын бала екен», - деп лепес қылуымен Мәшһүр Жүсіп атанып кетеді.

1861 жылы әкесі Көпейдің малы жұтқа ұшырап, «ақ сирақ» болып шығады. Сонда Көпей Сермұхаммедұлы: «Адамға мал жолдас болмас, ғылым жолдас», - деп, ұлы Адам Жүсіпті Баянауыл медресесінде Қамар (Хамариддин) хазыреттен білім алуға жібереді. Жүсіп сол медреседе алғаш тіл сындырып, 1872-1874 жылы Бұхарадағы «Көкілташ» медресесінде ортағасырлық араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгереді. Еліне оралған соң екі жылдай (1833-1835) өз ауылында балаларды оқытып, табыс табады. Тұрмысы түзелген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы 1887, 1885, 1907 жылдары үш мәрте Түркістан, Ташкент, Бұхара, Самарқанд қалаларына сапар шегіп, шығыстың мұсылмандық білімін молайтады.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы патша манифесінің арқасында үш бірдей кітабын ( «Тірлікте көп жасағандықтан көрген бір тамашамыз», «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі?» ) 1907 жылы жарық бетке шығарып үлгерді.

Родился в 1858 году в Кызылтау, что в Баянаульском районе. Муса Шорманулы, заметив девятилетнего мальчика, слава о стихотворном таланте которого разнеслась далеко за пределы родного края, вручил ему свой головной убор такия со словами: «Этот мальчик станет махшуром (знаменитостью) для своего народа». С тех пор казахский народ прозвал его Машхур Жусуп. В 1861 году скотина, которой владел отец Жусупа, ужасно исхудала от жута. Копей Сермухаммедулы тогда, сказав сыну: «Не скотина товарищ человеку, а знания», отправил его учиться в медресе хазрета Камара (Хамариддин). После приобретения начальных знаний в 1872-1874 Жусуп обучается в медресе Кокильдаш в Бухаре, где постигает арабский, персидский и чагатайский языки. После возвращения на родину около двух лет работает учителем. Собрав средства Машхур Жусуп три раза - в 1885, 1887 и 1907 году посещает Туркестан, Ташкент, Бухару и Самарканд, где знакомится с жизнью и культурой мусульман Востока. Благодаря царскому манифесту Копееву удалось опубликовать в 1907 году сразу три книги «Увиденное за долгую жизнь», «Положение» и «Кому принадлежит Сарыарка».

Was born in 1858 in Kyzyltau, in the Bayanaul region. Musa Shormanuly, noticing a nine-year-old boy, whose fame about the verse talent spread far beyond the borders of his native land, handed him his headdress taqiya with the words: "This boy will become a mahshur (celebrity) for his people." Since then, the Kazakh people nicknamed him Mashhur Zhusup. In 1861, the cattle, which was owned by Jusup's father, was terribly thin from the jut-deficiency of forage . Kopey Sermukhammeduly then, saying to his son: «Not cattle is a friend to man, but knowledge," sent him to study in the madrasah of Khazrat Khamrat (Hamariddin). After acquiring the initial knowledge in 1872-1874 Zhusup studied at the Kokildash Madrassah in Bukhara, where he comprehended the Arabic, Persian and Chagatai languages. After returning home for about two years working as a teacher. Gathering funds Mashhur Zhusup three times - in 1885, 1887 and 1907 visited Turkestan, Tashkent, Bukhara and Samarkand, where he became acquainted with the life and culture of the Muslims of the East. Thanks to the tsar's manifesto Kopeev managed to publish in 1907 three books «Seen for a long life», «Regulations» and «Who owns Saryarka».

# АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ АРПАЛЫСЫ
## БОРЬБА ДВИЖЕНИЯ «АЛАШ АРЫСТАРЫ»
## THE STRUGGLE OF THE KAZAKH NATIONAL INTELLIGENTSIA «ALASH»

Отаршыл жүйенің басқыншылығына қарсы шығып, басын бәйгеге тіккен Кенесары көтерілісінен жарты ғасырдан астам уақыт өткенде барып, 1897 жылы Өзбекстандағы Әндіжан қаласының дін қызметкерлері «кәпірлерге қарсы қасиетті соғыс – ғазауат» жариялайды. Мұсылмандардың елді отаршылдардан азат етуін мақсат еткен көтеріліске Түркістан өлкесінің байырғы тұрғындары (қазақ, қырғыз, өзбек, т.б.) бас қосып атсалысқанмен, көтеріліс бұқаралық сипат ала алмай, тез арада қатыгездікпен басып-жаншылады. Бұл жағдай дінбасыларға да, көкірегі ояу барша оқығанға да ғазауаттың бостандыққа жету жолы бола алмайтынын көрсеткен көрнекі саяси сабақ болған еді. Содан барып зиялылардың саяси тұрғыда өркениетке сәйкестене ояну кезеңі басталды. XX ғасырдың бас кезінде отаршылдардың озбыр зорлық-зомбылығы қалжыратып, шарасыздықтан маужыраған халықты саясатқа сергіту, саяси күрес амалдарын түрлендіру әрекеттері белсендірек жүргізілді. Солардың ішінде Көкшетау мешітінің діни қызметкерлері, атап айтқанда, дінбасы Наурызбай Таласов пен медресе мұғалімі Шәймерден Қосшығұлов айрықша даралanады. Олар 1903 жылы қазақтың белгілі зиялыларын ел мұқтажын талқылайтын басқосуға шақырды. Сол орайда өзекті саяси-құқықтық идеялар мен ойлар тұжырымдалған үндеу-хат (прокламация) әзірледі. Оны гектографпен көбейтіп, халық арасына жасырын тара бастайды.

Пройдет больше полувека с восстания Кенесары, который рисковал своей головой, выступая против агрессивной колониальной системы, когда в 1897 году священнослужители города Андижан в Узбекистане объявят «газават – священную войну против неверующих». Несмотря на то, что в восстании мусульман, целью которого было освобождение страны от колонизаторов, давние жители региона Туркестана (казахи, киргизы, узбеки, и др.) участвовали вместе как один, восстание, не имевшее широкого распространения, быстро и жестко подавляется. Это был политический урок, как для главных религиозных священнослужителей, так и для просвещенных, наглядно показывавший, что газават не может привести к свободе. В начале XX века вовлечение народа, пострадавшего от жестокости колонизаторов и ослабевшего от безысходности способы политической борьбы велись активнее. В этих действиях отличились религиозные служители мечети в Кокшетау, а именно – главенствующий Наурызбай Таласов и учитель медресе Шаймерден Косшыгулов. В 1903 году они взывали к собранию известных казахских интеллигентов для обсуждения нужд страны. Тогда же подготовили письмо-обращение (прокламацию) со сформулированными политически-правовыми идеями и мыслями. Размножив их с помощью гектографа, они начинают тайно распространять их среди народа.



Шәймерден Қосшығұлов (1874-1932)

Coming out against the seizure of the colonial system, risking their own lives half a century after the rebellion of Kenesary, in 1897 in Uzbekistan the priests of the city of Andijan declared «a war against the Gentiles (non-Muslims) - gazavat (holy war for the sake of religion)». Despite all the efforts of the Muslims and long-established residents of Turkestan (Kazakhs, Kyrgyzs, Uzbeks, etc.) to make their homeland independent of the colonialists, the insurrection was not widespread and was soon put down with particular cruelty. This case was a clear political lesson, both for the religious head, and for all educated people that this can not be the way to freedom of gaswat. After that, the intelligentsia began the stage of bringing civilization in accordance with the political point of view. At the beginning of the 20th century, the violence on the part of the colonialists was weakened, the slumbering people encouraged the politicians from hopelessness, actions were more actively taken to transform the methods of political struggle. Including the staff of the Kokchetav mosque confession, namely, the head of the blessings Nauryzbai Talasov and the teacher of the madrasah (the highest Muslim spiritual school) Shaimerden Koshygulov were especially highlighted. In 1903 they invited famous intellectuals of the Kazakh people to a meeting to discuss the needs of their homeland. In connection with this, a proclamation was prepared on current political and legal ideas and thoughts. It began secretly spreading among the people, multiplying (making copies) with the help of a hectograph.



■ Солдан оңға қарай отырғандар: бірінші Ахмет Бірімжанов, үшінші Шәймерден Қосшығұлұлы, бесінші Темірғали Нұрекенов (1907 жылғы Екінші Дума депутаттары, бұл үшеуі Мұсылман фракциясының мүшелері).

■ Слева направо: первый Ахмет Биримжанов, третий Шаймерден Косшыгулулы, пятый Темиргали Нурекенов. (1907 год, депутаты второй Думы, все трое члены мусульманской фракции).

■ Left to right: first Ahmet Birimzhanov, third from Shaimer Kosshygululy, fifth Temirgali Nurekenov.(The second Duma deputies of 1907, the three members of the Muslim Faction).

■ Солдан оңға қарай отырғандар: бірінші Бақытжан Қаратаев, төртінші Тілеулі Аллабергенов (1907 жылғы Екінші Дума депутаттары, бұл екеуі Мұсылман фракциясының мүшелері болған).

■ Слева направо: первый Бахытжан Каратаев, четвертый Тлеули Аллабергенов. (Депутаты второй Думы 1907 года, члены мусульманской фракции).

■ Left to right: first Bakhytzhan Karataev, fourth Tleule Allabergenov. (The second Duma deputies of 1907, both of whom were members of the Muslim Faction).





■ Екінші Дума депутаттары думаның анкетасын толтырып отыр. Солдан оңға қарай Қаратаев, ортада М.Шахтахтинский, оң жақта Нұрекенов.

■ Момент заполнения анкет депутатами второй Думы. Слева направо: Каратаев, в центре М.Шахтинский, справа Нурекенов.

■ The second round of the poll was filled by deputies of the Duma. Left to right, Karataev, in the center M. Shakhtinsky, on the right Nurekenov.

Патша әкімшілігінен құпия түрде әзірленіп, өлкедегі көзі ашық азаматтарға жолдаған үндеу хатта патша үкіметінің қазақ жерінде зымиян мақсат көздеген ағарту ісі талданған болатын. Онда қазақ балаларына арнап ашылған ресми ауыл мектептеріндегі заалды бағыт сыналды. Ғасырлар бойы қолданылып келген араб әліпбиін оқытуға тыйым салып, оны, тіпті, ұмытқызуға тырысқан әрекет әшкереленді. Балаларды тек орыс әріптерімен оқып-жазуға үйрету шараларының астары ашылды. Билік тарапынан мұсылмандық ілімді оқытуға рұқсат берілмей отырғаны, қазақтардың өз тілінде жазған өтініштерін әкімшілік буындарының ешбірі қабылдамауы да нақты мысалдармен талданды. 1902 жылы Ақмола облысында «шаруа (крестьян) бастықтары» атты жаңа лауазымды шенеуніктер тағайындалғаны, осы шаруа бастықтары институтының өмірге енгізілуіне орай қазаққа қатысты белең алған қатерлі іс-дағды ашып айтылды. Шаруа бастықтары әміршілдігінің салдарынан қазақтардың дәстүрлі қожалықтары жаңа күйзеліске ұшырағаны көрсетілді. Аталған келеңсіздіктің бәрі үкімет тарапынан саналы түрде жүргізілуде деп қорытылды. Прокламация авторлары бұларды үкіметтің қазақтарды орыстандыру, Ислам дінінен айырып, шоқындыру, тұрмысына кәдімгі орыс тіршілігін таңып, мұжықтандыру бағытына бет алған арамза саясатының салдары деген ой айтты. Осыларды баяндай келе, елін де, жерін де алған отаршылдардың жымысқы пиғылына қарсы тұруға барша жұртшылықты шақырды.

В прокламации, подготовленной в тайне от царской администрации и обращенной к просвещенным гражданам, рассматривалась просвещенческая деятельность царского правительства, что имела злые намерения. В нем критиковалась ущербное направление официальных аульских школ, открывшихся специально для детей казахов. Разоблачались действия, направленные на запрет и даже забвение арабского алфавита, что использовался в течение веков. Раскрылись намеренья приучения к письму и чтению детей лишь русскими буквами. Так же подвергалось разбору то, что со стороны власти не давались разрешения на мусульманские учения и непринятие административных отделениями заявлений, написанных на родном языке казахами. Открыто говорилось и о том, что в Акмолинской области в 1902 году назначались должностные чиновники, именовавшиеся «крестьянскими начальниками», и о плачевных последствиях для казахов касательно претворения в жизнь института этих крестьянских начальников. В письме раскрывалось - из-за власти крестьянских начальников традиционные хозяйства казахов подверглись новому кризису. Обращение заключалось тем, что вышеупомянутые возмутительства выполнялись властью осознанно. Авторы прокламации размышляли об этом как о последствиях недобросовестной политики власти: русификация казахов, лишение их религии Ислама, их крещение, принятие ими русского быта. Излагая все это, они призывали весь народ противостоять коварным замыслам колонизаторов, что захватили и страну, и землю.

Preparation was a secret from the authorities. It was sent to the educated people of this region, in which it was written about the enlightenment of the insidious goals of the tsarist government in the Kazakh land. It criticized the flawed direction for official village schools, specially open for Kazakhs. It was forbidden to learn the Arabic alphabet used for centuries, even the action on the desire to make him forget was revealed. The aspects of teaching children to write and read only Russian letters were revealed. The ban on teaching of Islam by the government, and even that no one from the administration accepted the requests of the Kazakhs, all this was disassembled by precise examples. In 1902 in the Akmola region were appointed new posts of the «peasant», in connection with the institution introduced by the peasant leader in relation to the Kazakhs, the case that broke out at that time was opened. Later, the traditional farming of the Kazakhs fell into a new decline. It was summed up that all the inappropriate statements are held by the government on a conscious level. The authors of the proclamation expressed the opinion that this russification of the Kazakhs on the part of the government, separation from the Islamic religion and the adoption of the Christian faith, involvement in the life of Russian life, is the consequence of a dishonest policy aimed at pressure of the Kazakh people. In stating this, the whole public is called upon to stand up against the cunning plans of the colonialists, who have taken home and land.



Әрине, империя әкімшілігін прокламацияның саяси идеясы шошытты. Қазақ даласына лезде тарап кеткен астыртын үндеу хатты жандармерия шарқ ұрып іздестіріп, соған байланысты елге сыйлы әлденеше ондаған зиялылардың үйлеріне тінту жүргізілді. Кітапханаларын, жеке бастарының жазбаларын, сақталған хаттарын тәркіледі, өздерін тергеуге алды. Көпшілігін түрлі әкімшілік жазаға тартты. Бірқатарын өзге өлкелерге жер аударды. Басты айыпкерлер деп табылған діни қызметшілер Наурызбай Таласов – Сібір өлкесіндегі Енисей губерниясына, Шәймерден Қосшығұлов Якут облысына айдалды. Міне, осы оқиға жаңа түрпатты Алаш қозғалысының бастауына айналды деуге болады.

Разумеется, администрация империи ужасалась политической идеи прокламации. Жандармерия бросилась искать письма-обращения, подпольно и мигом распространившиеся в казахской степи, в связи с этим в домах десятков уважаемых народу интеллигентов велись обыски. Их библиотеки, личные записи, сохраненные письма конфисковались, самих брали под следствие. Многих подвергли административным наказаниям. Некоторых изгнали в другие регионы. Объявивших главными виновниками религиозных служителей Наурызбая Таласова и Шаймердена Косшыгулова изгнали в Енисейскую губернию в Сибири и в Якутскую область, соответственно. Таким образом, это событие, можно сказать, явилось началом нового типа движения «Алаш».

Of course, the empire was frightened by the political idea of the proclamation. In a moment, a widespread proclamation among the Kazakh people forced the gendarmerie to rush about in search of houses of people respected for the people. Libraries, personal records, saved letters, all this were confiscated, and they themselves were taken into custody. Many were brought to various administrative punishments. Some were exiled to other regions. The religious servants who were the main culprits were expelled: Nauryzbai Talasov - to the province of the Yenisei of the Siberian region, Shaimerden Koshygulov to the Yakutsk region. Thus, we can say that this story was the beginning of the Alash uprising.

■ Көкшетау қаласындағы «Науан хазірет» мешіті шамамен 1903 салына бастаған. Шаһардағы Шаяхмет, Баязит есімді байлардың қаржысымен тұрғызылған құлшылық ордасы 1920 жылы жабылып, Кеңес үкіметі тұсында қойма, мұражай, көрме залы сияқты қызметтерге пайдаланылған. Ал, Ұлы Отан соғысы жылдарында онда әскери бөлім орналастырылды. Ал, 1947 жылдан 1974 жылға дейін Көкшетау облыстық тарихи өлкетану мұражайы, 1975 жылдан республикалық көркем сурет дирекциясының Көкшетаудағы көрме залы болып келген.

1989 жылы мешіт мұсылмандар иелігіне қайтарылып, 1991 жылы күрделі жөндеуден өткізіледі. Ғимараттың мешітке қайтарылуына қазақ елінде қазият төрағасы қызметін атқарып, кейін Көкшетау қаласының бас имамы болған Жақия қажы Бейсембайұлының сіңірген еңбегі зор. Осыған орай, 2016 жылы сәуір айында мешітке Жақия қажының есімі берілді.

■ В 1903 году началось строительство мечети «Науан хазрет» в Кокшетау. В 1920 году мечеть, построенная на пожертвования баев Шаяхмета, Баязита была закрыта, при Советской власти использовалась в качестве склада, музея, выставочного зала. В годы Великой Отечественной Войны в ней размещалась военная часть. С 1947 годы по 1974 год использовалась в качестве Кокшетауского областного историко-краеведческого музея. С 1975 года – являлась выставочным залом дирекции республиканской художественной галереи в Кокшетау.

В 1989 году мечеть перешла в ведение мусульман, в 1991 году подверглась реконструкции. Большой вклад в возвращение мечети внес председатель казията казахской земли, а после главный имам города Кокшетау Жакия кажы Бейсембайулы. В связи с этим в апреле 2016 года мечеть была названа в честь Жакия кажы.



■ The mosque «Nauan Hazret» in Kokshetau began to be built in 1903.The Shaykhmet mosque, built by wealthy Bayazit, was closed in 1920 and used for services such as a warehouse, museum, and exhibition hall during the Soviet era.And during the Great Patriotic War there was a military unit. And from 1947 to 1974 it was the regional historical museum of Kokshetau, and since 1975 has become an exhibition hall of Kokshetau, the republican department of art painting.

In 1989, the Mosque was returned to the Muslims and was renovated in 1991.The chief imam of Kokshetau, Zhakiya hajji Beysembaiuli, who was the chairman of Kazakh kaziyat, had a great influence in return of the building to the mosque. Because of this, in April 2016, the Mosque was given the name of Zhakiya hajji.



■ Науан хазірет есімі 2015 жылы Көкшетау қаласында ашылған жаңа мешітке беріліп, тарихи тұлғаның Көкше өңіріне сіңірген өлшеусіз еңбегі ел жадында қайта жаңғырды.

■ В 2015 году, открывшейся в городе Кокшетау мечети, дано имя Науан хазрета. Тем самым имя исторической личности, внесшего неоценимый вклад в регион Кокше возродилось в памяти народа.

■ The name of Nauan Hazret was given to a new mosque in Kokshetau in 2015, and the historic personality of the Kokshe region has been reborn in the memory of the country.





Көкшетаудағы ел-жұртқа аса қадірді дінбасы Наурызбай Таласовты халық айрықша құрметтеп, «Науан хазірет» деп атап кеткен-ді. Ол XIX ғасырдың 60–70-жылдары шамасында, жас кезінде, басына түскен үлкен қиыншылықтарға мойымай, Бұқараға оқуға барған. Өзінің қабілеттілігі мен дарынының арқасында сол жақта 15 жылға жуық уақытын жұмсап, мектеп, медресе тәмамдаған. Діни ілімді терең игеріп, жоғары мектепте дәріс беріп жүрген. Сол шақта, Түркістан өлкесінде ғұлама ғалым ретінде шыққан атақ-даңқынан хабардар көкшетаулық жерлестері оған қайта-қайта арнайы елші аттандырып, елге шақыртады. Ол шақыруды қабыл алады да, Көкше өңіріне оралған бетте халықты мұсылманша сауаттандыру ісіне кіріседі. Мешіт, медресе ашып, бала оқытады. Науан хазіреттен дәріс алып, оның лайықты ізбасары бола білген, білімін Бұқарада жетілдіріп келген діни қызметші және медресе мұғалімдердің бірі – Шәймерден Қосшығұлов еді. Міне, осы екі зиялының – Көкшетау мешітінде қызмет ететін асқан білімді, өмір тәжірибесі мол дінбасы мен оның отыздардағы жігерлі шәкіртінің аталған үндеуді жазушы, негізгі саяси ойды тұжырымдаушы тұлғалар болуы мүлдем табиғи жайт еді.

Шәймерден Қосшығұлов үндеуде патшалық биліктің сұрқия саясатын әшкереледі, соған байланысты алға тартылған саяси идеяны тұжырымдады. Сондай-ақ, өзіндік пікірі бар зиялы азаматтарды күн тәртібіндегі зәру де өзекті мәселеге орай бас қосып кеңесуге шақыруды тікелей ұйымдастырып, жүргізді. Толғандырған жәйт бойынша ол өз қолымен кемеңгер ақын және ағартушы Абай Құнанбаевқа арнайы хат жазды. Қосшығұловтың сол хатын жандармдар ұлы ойшыл Абайдың ауылын, хәкім Абайдың өзі мен қасындағы адамдардың қойын-қоныштарын еш қысылмастан тінткілеп, тауып алған.

Высокопочитаемого жителями Кокшетау религиозного главу Наурызбая Таласова народ с особым уважением прозвал «Науан хазретом». В 60-70 годах XIX века он, будучи молодым и не согнувшись под обрушившимися трудностями, отправился учиться в Бухару. Благодаря своим способностям и таланту в течение проведенных там 15 лет оканчивает школу, медресе. Глубоко изучив религиозные учения, вел лекции в высшей школе. В ту пору земляки Кокшетау, прослышавшие о его известности в Туркестане в качестве выдающегося ученого, снова и снова отправляли к нему посла, приглашая на родину. Он принимает приглашение и по возвращении в Кокшетау принимается просвещать людей мусульманству. Открывает мечеть, медресе, учит детей. Шаймерден Косшыгулов являлся тем, кто слушал лекции Науан хазрета, был его последователем, улучшив знания в Бухаре, он вернулся религиозным служителем и стал одним из учителей медресе. То, что эти двое – имевший большой жизненный опыт высокообразованный служитель в мечети Кокшетау и его тридцатилетний активный ученик – явились теми, кто написал вышеупомянутое письмо-обращение и сформировал основную политическую мысль, было естественно.

Шаймерден Косшыгулов в обращении изобличал лицемерную политику царской власти, касательно этого сформулировал выдвигаемую политическую идею. К тому же, организовывал и вел собрания в связи со срочными для рассмотрения проблемами, приглашая интеллигентных граждан, имеющих собственное мнение. По волнующим вопросам он собственной рукой написал письмо гениальному поэту и просветителю Абаю Кунанбаеву. То письмо Косшыгулова было найдено жандармами, которые без стеснения обыскали хакима Абая и его приближенных в ауыле поэта.

Very respectable in Kokchetau religious chapter of Nauryzbay Talasov people respected in a special way. He was nicknamed «Nauhan Khazret (Prophet)». In the 60-70s of the 19th century, as a young man, he went to Bukhara for education, despite all the difficulties. Thanks to his talent and abilities, he stayed there for about 15 years, finishing school and madrasah. Deeply mastering the knowledge of religion, he lectured in high school. At that time, having heard about his achievements in Turkestan, Kokchetav's compatriots sent him a messenger again and again, inviting him to his homeland. Accepting their invitation, on arrival in the vicinity of Kokshe, he immediately began to teach the people in a Muslim way. Opening mosques and madrassas, he taught children. Having acquired knowledge from Nauan Khazret, he was able to be his worthy successor, having improved his knowledge in Bukhara and being one of the teachers of the madrasah was Shaimerden Koshygulov. Here, these two educated people worked in the mosque of Kokchetau, the religious leader who had a huge life experience and his 30-year-old energetic student who wrote the appeal, being the founders of the political idea, became a natural phenomenon.

Shaimerden Koshygulov, in his address, exposed the hypocritical policy of the tsarist government, and in this connection he summed up the political idea advanced. Also, to discuss the actual problem, he brought together all people who have their own opinion. In this situation, the outstanding akyn and enlightener personally wrote a special letter to Abay Kunanbayev. Without any embarrassment the gendarmes searched the village of the great thinker Abai and the people who were nearby, in search of a letter written by Koszgygulov, was later found.

Бірінші орыс революциясының тегеуірінi императорды біршама шегіністерге мәжбүрлегені белгілі. Атап айтқанда, 1905 жылғы 18-ақпанда ішкі істер министріне рескрипт жолдап, халық өкілдері қатысатын Мемлекеттік дума құру жайында заң дайындауды тапсырды, халықтың өз мұң-мұқтаждықтары, талап-тілегі жөніндегі өтініш хаттарын үкімет басшысы атына жолдауына билеуші сенат арқылы рұқсат берді, ал 21-сәуірдегі рескриптімен ар-ождан бостандығын жария етті. Осы құжаттарды арқа тұтқан қазақ қайраткерлері петиция науқанына белсене атсалысты. Жер-жерден билікке жұрт тілегі жазылған хаттар жолдау ұйымдастырылып, жаңа сипатты азаттық қозғалысын өрістей түсті. Мәселен, 1905 жылдың маусымында Қоянды жәрмеңкесіне келген қалың халық Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновтың басшылығымен жазылған Қарқаралы петициясында қол қойған еді. Онда үкіметтің қазаққа дін істерінде жасап отырған қиянаты, Көкшетау діни қызметшілері Науан хазірет пен медресе мұғалімі Шәймерден Қосшығұловтың айдалып кеткені атап айтылды. Ар-ождан еркіндігі, діни істерге кедергі келтірмеу, ұлттық мектеп-медреселер ашуға шектеу қоймау мәселелері петицияда үкіметке қойылған талаптардың негізгілері қатарында тұжырымдалды. Отаршыл күш озбырлықпен тұншықтырып отырған рухани мәселелерді қалпына келтіру мәселесі Үкімет басына батыс өлкеден жолданған петицияда да сұралды. Өлкенің дінбасылары мен бас адамдары енген қазақ делегациясын қоғам қайраткері Бақытжан Қаратаев 1905 жылғы жазда Санкт-Петербургке бастап барды. Делегация генерал Ғұбайдолла Жәңгірхановтың көмегімен II Николай патшаның қабылдауында болып, діни ахуалға қатысты мұңдарын жеткізді. Сол сапарларында қазақ жоқшылары Мемлекеттік думаға қазақ өкілдерін де сайлау мүмкіндігі ескерілуіне қол жеткізуге тырысты.

Известно, что первая русская революция заставила императора несколько отступиться. В частности, 18 февраля 1905 года отправив рескрипт министру внутренних дел, поручил подготовить закон о создании Государственной думы, в которой будут участвовать представители из народа, через сенат разрешил присылать на имя главы правительства письма с просьбами о нуждах и желаниях народа, а рескриптом 21 апреля объявил о личной свободе. Опираясь на эти документы, казахские деятели приняли активное участие в кампании петиции. Была организована отправка писем с желаниями народа из разных регионов, набирали обороты освободительные движения нового типа. Например, в июне 1905 года народ, пришедший на ярмарку Коянды, подписал петицию Каркаралы написанную под руководством Алихана Бокейханова и Ахмета Байтурсынова. Там говорилось о злоупотреблениях власти в религиозных делах казахов, об изгнании религиозных служителей Науана хазрета и учителя медресе Шаймердена Косшыгулова. В числе основных требований правительству в петиции были сформулированы вопросы личной свободы, не препятствования делам религии и открытия национальных школ-медресе. В петиции главе правительства, отправленной из западного региона, так же просилось решить вопросы по восстановлению духовных ценностей, что были удушены жестокой колониальной силой. Летом 1905 года в Санкт-Петербург во главе с общественным деятелем Бахытжаном Каратаевым отправилась казахская делегация, в числе которой были религиозные главы и другие главные личности региона. Делегация при помощи генерала Губайдоллы Жангирханова были на приеме у Николая II и донесли ему свои жалобы относительно религиозной ситуации. В этой поездке казахские просители пытались достигнуть возможности участия в выборах казахских представителей в Государственную думу.

It is known that the first wave of the Russian revolution forced the emperor to step back a little. More precisely, on 18 February 1905 a rescript was sent to the Minister of the Interior. It was entrusted to prepare a law on the establishment of the State Duma with the participation of representatives of peoples. Through the Senate, the people were allowed to send a letter about their needs and wishes to the head of government, and a rescript of April 21st was announced on the freedom of conscience. Relying on these documents, Kazakh figures participated in the petition. The sending of letters from governments written with wishes was organized, and a new form of insurrection for freedom gained wide scope. For example, in June 1905, at the Koyandy fair, a large number of people came to sign the Karkaraly petition written under the direction of Alikhan Bokeikhanov and Ahmet Baitursynov. It was written about the harm done by the Kazakh government in religious affairs and the expulsion of the Kokchetav religious servants Nauan Khazret and the teacher of the madrassah Shaimerden Koshygulov. One of the main demands put to the government, written in the petition, were: freedom of conscience, not to interfere in religious affairs, not to limit the opening of national schools-madrassas. The question of restoring moral tasks self-muted by colonial power was also sent to the government in a petition from the western region. In the summer of 1905 a delegation consisting of district religious heads and special people was sent to St. Petersburg under the leadership of a public figure Bakytzhan Karataev. With the help of General Gubaydol Zhangirkhanov, the delegation visited a reception with Tsar Nicolas II and reported on problems related to the religious situation. In that trip, Kazakh defenders tried to achieve the possibility of electing Kazakh representatives to the State Duma.

Шәймерден Қосшығұлов айдаудан революция дүмпуімен туған 1905 жылғы «17 қазан манифесі» жария болысымен босанып, Ақмола облысына оралды да, діни-ағартушылық қызметіне қайта кірісті. Патша үкіметінің қыспағы мен қуғын-сүргіні оның ел ішіндегі беделін одан ары арттыра түскен еді. Халық оны сүйіспеншілікпен Шәйке молда деп атап кетті. Шәйке молда Саха елінде айдауда жүргенде, орыс революциясы рухтандырған мұсылман қозғалысы империяда өрістей түскен болатын. Қозғалыс барысында, 1905 жылғы тамызда, Ресей мұсылмандарының алғашқы съезі болды. Оның азаттық идеясын Шәймерден молда бірден қолдады. Ұзамай кезекті ІІ Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне делегат болып сайланды. Съезде мұсылмандардың халықтық саяси партиясын құру мәселесі көтеріліп, Шәймерден Қосшығұлов осындай қажеттілік жайында оң пікір білдірушілер қатарынан табылды. Құрылмақ мұсылман партиясының бағдарламасын жасау жөніндегі комиссия құрамына сайланған Шәйке молда осылай ол мұсылман қозғалысының белсенді қайраткеріне айналды.

Как только объявили «манифест 17 октября» 1905 года – следствие революции, из изгнания освободился Шаймерден Косшыгулов, он вернулся в Акмолинскую область и к своей религиозно-просветительной деятельности. Изгнание и давление, которым он подвергся со стороны царского правительства, еще выше вознесли его авторитет в народе. Народ с любовью прозвал его Шайке мулла. Пока Шайке мулла был в изгнании в Саха, вдохновленное русской революцией мусульманское движение набирало обороты. Во время движения, в августе 1905 года прошел первый съезд мусульман России. Шаймерден мулла сразу одобрил его освободительную идею. Его избрали делегатом в следующем II Всероссийском съезде мусульман. В съезде поднимался вопрос о создании народной политической партии мусульман, Шаймерден Косшугулов был в числе тех, кто был за такую потребность. Так, избравшийся в состав комиссии по подготовке программы создающейся партии мусульман Шайке мулла явился активным деятелем движения мусульман.

Shaimerden Koshygulov returned from exile after the explosion of the October 17, 1905 Manifesto Revolution, returning to the Akmola region, again undertaking religious education. The vice from the side of the tsarist government and repression further increased his reputation among the people. People with love nicknamed him Shaike mullah. When Shaike mullah was in exile in Sakha's homeland, the Muslim uprising, inspired by the Russian revolution, began to develop in the empire. During the development of the uprising, in August 1905, Russia was the first congress of Muslims. Initially, his idea of freedom was supported by Shaimerden mullah. Soon he was elected a delegate to the II All-Russian Muslim Congress. The congress raised the issue of the creation of a Muslim people's political party. Shaimerden Koshygulov was one of ten spokesmen of opinion on such a need. Thus, Shayke Mulla, who was elected to the commission for the creation of the program of the future Muslim party, became an active figure in the Muslim uprising.





■ Атақты Қоянды жәрмеңкесі.

■ Ярмарка в Коянды.

■ The famous Koyandy Fair.



■ Қоянды жәрмеңкесі 1848 жылы Қарқаралыдан 52 шақырым қашықтықтағы Қоянды деген жерде басталған болатын. Алғашында небары 2 шаршы шақырым аумақты қамтыған қызу сауда алаңының ұзындығы 11 шақырым, ені 5 шақырымға созылған.

■ Патша өкіметіне саяси қарсылық ретінде 14 мың адам қол қойған атақты «Қарқаралы петициясы» осы жәрмеңкеде жазылған.





■ Ярмарка Коянды появилась в 1848 году в местности Коянды, что в 52 км от Каркаралы. Изначально ярмарка была площадью 2 км, но после расширения торговли увеличилась до 11 км в длину и 5 км в ширину.

■ Именно на этой ярмарке 14 тысяч человек подписали известную «Каркаралинскую петицию» в знак политического протеста против царского правительства.



■ The Koyandy fair started in 1848 at Koyandy, 52 km from Karkaraly.Initially, the fair trade area of only 2 square kilometers was 11 kilometers long and 5 kilometers wide.

■ The famous Karkaraly petition, which was signed by 14,000 as a political opposition to the king's rule, was written at the fair.

■ Қырғыз-қайсақ депутаттарының 1859 жылы Санкт-Петербург қаласында патша қабылдауындағы сурет. (И.Сүлейменовтың жанұялық мұрағатынан).

■ Изображение аудиенции царя кыргыз-кайсакским депутатам в 1859 году в Санкт-Петербурге (из семейного архива И.Сулейменова).

■ The picture taken at the reception of the Kyrgyz-Kaisak deputies in St. Petersburg in 1859. (From the family archive of I. Suleimenov).

■ Ресей императорымен кездесуге келген дала делегаттары.

■ Степные делегаты, прибывшие для встречи с российским императором.

■ The field delegates who came to meet with the Russian emperor.







■ Қазақ даласындағы Ресей зерттеушілерінің экспедициясы.

■ Экспедиция российских исследователей о казахских степях.

■ The expedition of Russian researchers in Kazakh steppes.

■ Қазақтың билері мен сұлтандары.

■ Казахские бии и султаны.

■ Kazakh judges and sultans.







■ Қоңылқұлжа (1793-1865) — полковник, Ақмола округінің аға сұлтаны. Қазақ даласындағы ірі байлардың бірі. 20 ұлы бар (А. Янушкевич дерегі бойынша).

■ Коныркулджа (1793-1865) – полковник, старший султан Акмолинского округа. Зажиточны казахский бай. Имел 20 сыновей (согласно источникам А.Янушкевича).

■ Konyrkulzha (1793-1865) - Colonel, senior Sultan of Akmola district. One of the large wealthy in the Kazakh steppes. He had 20 sons (according to A.Yunushkevich).

■ Айғаным ханша (1783-1853) — Шоқан Уәлихановтың анасы.

■ Айганым ханша (1783-1853) – мать Шокана Уалиханова.

■ Aiganym khansha (1783-1853) - mother of Shokan Valikhanov.





■ Ақмола округі және Қарқаралы уездінің басшылары.
■ Главы Акмолинского округа и Каркаралинского уезда.
■ Akmola district and Karkaraly county.

# Дудин суреттері. 1899 жыл.
# Фотографии Дудина. 1899 год.
# Dudin's photos. 1899 year.



■ Даладағы намаз.

■ Намаз в степи.

■ Prayer on the field.



■ Дәреттен кейінгі қолды сүрту.

■ Вытирание рук после омовения.

■ Washing hands after ablution.



■ Дәрет алу.

■ Омовение.

■ Wearing.



■ Қой соярдан алдын дұға жасауда.

■ Молитва перед закланием барана.

■ The prayer before slaughtering the sheep.





■ Кунсткамера жинағындағы қазақ әйелі.

■ Казахская женщина в собраниях кунсткамеры.

■ The Kazakh woman in the Kunstkamera collection.

■ Қазақ әйелдері.

■ Казахские женщины.

■ Kazakh women.









■ Шормановтар әулеті.

■ Семья Шомановых.

■ The Shorman's Dynasty.





■ Қазақ сұлтандары.

■ Казахские султаны.

■ Kazakh sultans.



■ Шығай сұлтан отбасымен.

■ Шыгай султан с семьей.

■ The Shygai Sultan with his family.



# БҮКІЛРЕСЕЙЛІК МҰСЫЛМАНДАР СЬЕЗДІ
# ВСЕРОСИЙСКИЙ СЪЕЗД МУСУЛЬМАН
# CONGRESS OF ALL-RUSSIAN MUSLIMS

Мұсылмандардың жағдайы, оның отаршыл үкімет тарапынан көріп отырған қысымшылықтары, соның ішінде діни істері жөнінде көріп отырған қысымшылықтары империя мұсылмандарының XX ғасыр басында Бүкілресейлік дәрежеде өткізген бірнеше съездерінде де талқыланды. Мысалы, 1914 жылы маусымда Ресей Мемлекеттік Думасы Мұсылман фракциясының ұйымдастыруымен өткен Бүкілресейлік мұсылман съезінде мұсылман халықтарының рухани істерін ретке келтіру мәселесі талқыға түседі. Съезде қазақтар орталық орыс өкіметінен қазақтардың мүфтилік мәселесін шешуді өтініп жеделхат жолдады. Съезде қазақтар арасындағы рухани істер жөнінде баяндама жасаған Б.Қаратаев: «қазақтар бұрын Орынбор мүфтилігіне қарайтын, өткен ғасырдың 60-шы жылдары үкімет орындары оларды Орынбор мүфтилігінен шығарып тастағанда, қазақтар енді православиеге өтеді деп үміттенді. Сондықтан әр болысқа бір мешіттен артық мешіт салуға рұқсат бермеді. Алайда, қазақтар бір мешіттің орнына ондаған мешіттер салып, жасырын әрекет етті», – дей отырып, қазақтарды ендігі жерде Орынбор мүфтилігіне қайта қосу керектігін айтады.

Мұсылмандық қозғалыстың саяси күш, саяси қозғалыс ретінде тарихта қалдырған ең ірі жетістіктері – Бүкілресейлік мұсылман съездерін өткізу болды. Империялық державаның түкпір-түкпірінен мұсылман өкілдерінің басын қосқан бұл жиылыстарда империя шеңберіндегі мұсылман халықтарына ұлттық немесе мәдени автономия беру, олардың тіл, дін, мәдениет салаларында Ресей азаматтарымен тең құқықта болуы, жергілікті езілген халыққа саяси бостандықтар әперу, олардың әлеуметтік мәселелерін шешу сияқты ауқымды және ұлт тағдырындағы маңызды мәселелер көтерілді.

В начале XX века на нескольких Всероссийских съездах мусульман было обсуждено состояние мусульман, которые подвергались давлению со стороны колониального правительства в вопросах религии. Например, в июне 1914 года на Всероссийском съезде мусульман, которое было организованно Мусульманской фракцией Государственной Думы России, были обсуждены вопросы упорядочения дел, связанных с духовными требованиями мусульманских народов. На съезде казахи отправили телеграмму в центр с требованием решит проблему с муфтиятом. Выступая с докладом на съезде Б. Каратаев сказал: «Казахи раньше были в составе Оренбургского муфтията, но в 60-х годах прошлого века правительство надеясь, что казахи станут православными, исключило их из Оренбургского муфтията. Правительство не разрешало строительство более одной мечети в каждой волости. Однако казахи, действуя тайно, вместо одной мечети строили десятки».

Всероссийский съезд мусульман стал самым огромным достижением с точки зрения политической силы в истории мусульманского движения. На данное мероприятие собрались со всех уголков империалистической державы люди, которые желали поднять вопросы о жизни мусульманского населения страны. Рассматривались вопросы автономии, национального характера, языка, религии, культуры. Звучали требования быть наравных правах с российским народом, предоставить свободу местным угнетенным народам, решить их социальные проблемы в целом.

This was the first congress which was held in all Russian extend in the beginning of XX century, where the condition of Muslims and pressure from the governments' side, especially pressure on religious affairs on the Muslims of the empire was discussed. For example, the State Duma of Russia in June 1914, organized by the Muslim faction of the Russian Muslim Congress, discussed the regulation of spiritual affairs of Muslim peoples. At the congress, the Kazakhs sent a telegram to the central Russian authorities with a request to solve the problem associated with the Kazakh muftiproblems. B.Karataev, who made a report on spiritual issues at the congress, said: The Kazakhs had previously been subordinate to the Orenburg Mufti, in the 60s of the last century the government excluded them from the Orenburg Mufti hoping that the Kazakhs would move to the Orthodox faith. Therefore, they did not allow the construction of a mosque in every parish of more than one mosque. Nevertheless, taking into account the fact that «instead of a single mosque the Kazakhs secretly built dozens of mosques», therefore, they told about the need to include Kazakhs in the Orenburg mufti.

The «Holding of the Russian Muslim congress» was the greatest achievement in the history of the Muslim movement, both as political power and the political movement. In the meeting, all representatives of Muslims united from all corners of the Empire, considered important questions about giving thepeopleal or cultural autonomy to Muslim people within the framework of the empire, as well as the equality of the language, religion and culture with the Russian citizens, solution of the problem of granting political freedom to depressed residents, and other important issues decisive for the fate of people.

ХХ ғасыр басындағы Ресей империясы көлеміндегі мұсылмандық қозғалыс тарихында жалпыресейлік алты бірдей мұсылман съездері өткізіліпті. Олардың алғашқы үшеуі – 1905-1907 жылдар аралығында, төртіншісі – 1914 жылы және бесіншісі – 1917 жылы 1-11 мамыр аралығында Мәскеуде, алтыншысы – осы жылы 21-31 шілде аралығында Қазан қаласында өткізіледі. Алғашқы үшеуіне 1905 жылғы Бірінші орыс революциясы ықпал етсе, соңғыларына патшаны тақтан құлатқан ақпан төңкерісінің ықпалы болғандығын жоққа шығара алмаймыз.

В начале ХХ века всего было проведено шесть всеросийских съездов мусульман. Первые три из них состоялись в период 1905-1907 годы, четвертый 1914 году и пятый в 1917 году 1-11 мая в Москве, шестой 21-31 июля того же года. На первые три съезда повлияла первая русская революция 1905 года, на остальные - октябрьская революция, свергнувшая царя.

In the historyof the Muslim movement, six Russian congresses were held on the scale of the Russian empire in the early XX century. The first three congresses were held in 1905-1907 years, fourth and fifth congress was held in the 1st-11th of May in 1917 year in Moscow, and the sixth one was held this year between the 21st-31st of July in the Kazan city. The first three congresses were influenced by the First Russian Revolution of 1905, and the latter were influenced by the February Revolution in which the tsar was overthrown.



■ Бүкілресейлік мұсылмандар I съезді.

■ I Всеросийский съезд мусульман.

■ The I Russian Muslim Congress.




■ Бүкілресейлік мұсылмандар ІІ съезді.

■ II Всеросийский съезд мусульман.

■ The II Russian Muslim Congress.

Мұсылман халықтары бас қосқан бірінші бүкілресейлік мұсылмандар съезі 1905 жылы Нижний Новгород қаласында өтеді. Үкімет орындарының рұқсат бермеуіне байланысты, бұл алғашқы съезді жасырын түрде қала маңындағы Ока өзенінде «Густав Струве» кемесінде өткізуге тура келеді. Татар, әзербайжан, қазақ және тағы басқа мұсылман халықтарының өкілдері қастысқан съезге И.Гаспринский төрағалық етеді. Съезде делегаттар діни, мәдени, саяси талаптарын империяның шет аймақтарындағы езілген мұсылман халықтарының құқықтары тұрғысынан тұжырымдап, «Ресей империясының мұсылмандары жалпы мемлекеттік мүддеге сай, сондай-ақ Ресей өмірі жағдайында бүгін және болашақта бірігіп қимыл жасауы үшін бір саяси партияға бірігуі керек» деген қаулы қабылданады. Осы съезде мұсылман партиясы («Иттифақ-ул-муслимин» – «Ресей мұсылмандары одағы») бағдарламасының жобасы мен 23 тармақтан тұратын жарғысы қабылданады. Жарғы бойынша 16 қалада, оның ішінде Омбыда, Оралда, Орынборда, Семейде, Верныйда, Перовскіде, Қызылжарда, Ташкентте партияның бөлімшелері ашылатыны көрсетіледі.

Первый всеросийский съезд мусульман 1905 года, где собрались мусульманские народы, был проведен в Нижнем Новгороде. Так как не было разрешения со стороны правительственных структур на проведение такого мероприятия, его тайно првели его на корабле «Густав Струве» на реке Оке вблизи города. Руководил съездом татар, азербайджанцев, казахов и других мусульманских народов, И. Гаспринский. На съезде делегаты решили, что мусульманские народы, населяющие окраины империи, должны объединиться в одну политическую партию, чтобы с сегодняшнего дня и в будущем вместе идти в ногу с жизнью России. На данном съезде мусульман подписали декларацию, состоящую из 23 пунктов и проект программы партии «Иттифақ-ул-муслимин» - «Союза мусульман России». Согласно документу филиалы политического объединения должны открыться в 16 городах таких как Омск, Уральск, Оренбург, Семей, Верный, Перовск, Кызылжар, Ташкент.

The Russian Muslim congress joined all Muslim peoples and was held in 1905 in the Nizhny Novgorod. Since government agencies did not permit the first congress, it was held secretly near the city on the «Gustav Struve», near the Oka River. The congress was chaired by I.G.Gasprinski, in which Tatar, Azerbaijani, Kazakh and other representatives of the Muslim people took part. The congress delegates took into account the religious, cultural and political goals of the oppressed Muslims in the periphery of the empires on the basis of the rights of Muslim peoples. They decided to accept the following: «The Muslims of the Russian Empire in the public interest, and the formation of political parties in order to act in the conditions of Russia's life today and in future». At this congress, the Muslim party («Ittifak-ul-muslimin» - «Union of Muslims of Russia») adopted a charter consisting of 23 items and a draft program. In accordance with the law, it was decided to open the party's branch in 16 cities: Omsk, Uralsk, Orenburg, Semipalatinsk, Perovsk, Petropavlovsk, and Tashkent.

Ресей империясы мұсылмандарының басын қосқан «Ресей мұсылмандары одағының» бағдарламасын қабылдауда 1906 жылы тамыздың 16-21 аралығында Нижний Новгород қаласында 800-ге жуық делегаттың қатысуымен өткен үшінші жалпыресейлік мұсылман съезінің тарихи маңызы зор болды. Оған қазақ елінен делегат боп барған Шәйке Қосшығұлов съездің төралқасы құрамына сайланып, жиынды басқаруға қатысты. Ағымдағы саяси ахуал, оқу және дін істері жөніндегі съездің талқылауларына үн қосып, тиісті қаулылар мәтіндерінің ақырғы редакциясын жасауға, ағымдағы саяси сипаты бар талқылауларға белсене атсалысты. Съезде бүкілресейлік мұсылман партиясы ұйымдық тұрғыда «Ресей мұсылмандар одағы» болып рәсімделді. Оның жұмысын жүргізу үшін жабық дауыспен орталық комитет жасақталып, Шәймерден Қосшығұлұлы да бір ауыздан мүше боп сайланады.

72 тармақтан тұратын бағдарламалық құжат дәл осы съезде қабылданды. Съезд делегаттары оқу мәселесі бойынша 33 тармақтан тұратын қарар қабылдады. Онда мұсылман балалар үшін барлық елдімекендерде бастауыш және орта мектептер ашу, оқуды араб графикасы негізінде ана тілінде жүргізу мәселелері қарастырылды. Мұсылмандар бірлігін арттыра түсу мақсатында съезд «ортақ түркі тілі» барлық мектептерде оқытылсын деген шешім қабылдады. Делегаттар «барлық мүфтилер сайлансын; қазақ облыстарының діни істері Орынбор мүфтилігіне тапсырылсын; Түркістанда өз алдына жеке мүфтилік ашылсын» деген қорытындыға келді. Халық ағарту мәселесінде, ана тілінде сабақ жүргізетін бастауыш мектептерін ашу, орыс тілін орыс мектептерде тек қосымша пән ретінде оқыту, бастауыш мектептерді үкімет тарапынан қаржыландыру сияқты мәселелер көтерілді.

Исторически значимым был третий съезд всероссийского съезда мусульман Росийской империи, прошедший с 16 по 21 августа 1906 года в Нижнем Новгороде, на котором собрались 800 делегатов чтобы принять программу «Союза мусульман России». На съезде от казахского народа участвовал Шаймерден Косшыгулов, которого избраили в состав коллегии и председателем мероприятия. Он активно участвовал в решении вопросов сложившейся политической конъюктуры, образования и религий, дискутировал на прениях по повестке съезда. Косшыгулов работал над редакцией последнего варианта декларации. На съезде партийная организация сформировалась как «Союз мусульман России». Для дальнейшего функционирования был создан центральный аппарат партии, членом которого единогласно избрали Шаймердена Косшыгулова.

На этом съезде был принят програмный документ, состоящий из 72 разделов. Делегаты приняли решение по вопросам обучения, состоящий из 33 разделов. Расмотрели вопросы ведения занятий на родном языке с использованием арабской графики и письменности и возможности открывать начальные и средние школы везде для детей мусульманской части населения. Съезд принял решение о том, что во всех школах будут обучать «общему тюркскому языку» в целях усиления единства мусульман. Делегаты приняли решения «Все муфтии должны избираться; дела по вопросам религии казахских областей должны быть переданы в ведение Оренбургского муфтията; должен быть открыть отдельный муфтият в г.Туркестан». Также были рассмотрены вопросы касательно просвещения и финансирования начальных школ правительством, преподавания русского языка как дополнительного предмета, открытие начальных школ с преподаванием на родном языке.

The third Russian Muslim congress had a great historical significance and was held on 16th-21st of August 1906, on the approval of the program proposed by «Russian Muslims union» united all Muslims of Russian empire in Nizhny Novgorod, where approximately 800 delegates were participating. The Shaike Kosshygulov went as a delegate from the Kazakh nation, and was elected to the presidium of the congress, to manage the meeting. He took an active part in the discussions of the current political situation, contributed to the discussions of the congress on educational and religiousissues, as well as to the creations of the latest versions of the decrees. In the congress Russian Muslim party was adjusted as «Russian Muslims union» from the point of organizations. A central committee was formedby secret ballot in order to carry out the instructions, and Shaimerden Koshgygululy was unanimously elected as a member of this committee.

The document of the program that consists of 72 articles was accepted in the same congress. The delegates of the congress accepted the resolution which consists of 33 articles on the issue of education. There were discussed issues about opening schools for Muslim children's in every settlement, about teaching native language on the basis of Arabic alphabet. The congress decided that every school should have «common Turkic language» in order to make better unity between Muslims. The congress came to the conclusion that «all mufti should be elected; the religious affairs of Kazakhs' regions should be passed to Orenburg's mufti; there should be open private mufti in Turkestan». They also considered the issue of public education, as opening primary schools conducting classes in their native language, to make the Russian languagein Russian schools as an optional subject and to make primary schools funded by the government.



■ II Думадағы Мұсылман фракциясы депутаттарының бір тобы. Отырғандардың сол жақтан біріншісі – Шәймерден Қосшығұлов. Түрегеп тұрғандардың сол жақтан екіншісі – фракция төрағасы Құтлұмұхамед Тевкелев.

■ Группа депутатов от мусульманской фракции II Думы. Из сидящих первый слева – Шаймерден Косшыгулов. Из стоящих второй слева – глава фракции Кутлумухаммед Тевкелев.

28 ноября 1958 года по решению о запрете и закрытии для посещения, ночлега и паломничества священных родников, пещер и могил, именуемое «О мерах по предотвращению посещения так называемях святых мест» Президиума центрального комитета коммунистической партии, закрыли 13 из 26 святых мест зарегистрированных в Казахстане в 1958 году. В Южно-Казахстанской области тенденция была такова, что из 16 «святых могил» в 1958 году по списку закрыли 14 и в 1964 году вовсе не остался ни одного подобного места. Некоторых из них разрушили при помощи тракторов, а кирпичи разобрали чиновники и увезли для строительства свиноферм. Таким образом, как смогли так и уничтожили святые места казахов.

Decision of the Presidium of the Central Committee of the CPSU of 28 November 1958 decided that the decision to abolish visiting the so-called «places of saints» and visiting and going to the night to the «sacred places»(springs, caves, mazar) by religious believers would be forbidden, and the mass closure of these places would begin. In 1959, the13 of the 26 of «sacred places» registered in Kazakhstan were closed. In1958, according to the register of the South Kazakhstan region, the 14 of the 16 «sacred mazars» were closed in 1960, and none of them remained in 1964. In this way, some of them smashed by a tractor and their bricks were distributed by so called bosses, to build up pig bars. Thus, the holy places for the Kazakh people, transferred from one person to another.



■ Райымбек даңғылы мен Қазан көшесі қиылысында салынған Алматыдағы алғашқы «Татар мешіті».

■ Первая «Татарская мечеть» в Алматы, построенная на пересечении улиц Райымбека и Казанской.

■ The first «Tatar mosque» in Almaty, built at the crossroads of Raiymbek Avenue and Kazan Street.

Халықтың рухани санасының тірегі болып табылатын, көненің көзі, өркениеттіліктің ізі, тарихи ескерткіштер мен мешіттерді жою, әсіресе, Алматы, Жезқазған, Қызылорда, Маңғышлақ, Талдықорған облыстарында масқаралықпен жүргізілген. Бір ғана Алматы облысында мемлекет қарамағына алынбаған 635 ескерткіш болған. 1960 жылы республика бойынша қоғамдық жұмыстан босатылған қызметкерлердің 10 штаты ашылып, (үшеуі Қаз КСР Министрлер Кеңесінде және жетеуі облаткомдар жанында) дінбасылар мен діни қоғамдастықтардың Кеңес өкіметі заңдары мен өкімет қарарларын орындауын қатал бақылауға алып қадағалайтын болған. Батыс Қазақстан облысында 1930 жылы – 45 мешіт болса, 1960 жылғы жалғыз мешіт қалып, «айт намазына» 100-150 адам, жұма намазына 15-20 адам баратыны анықталған.

Алматы қаласында 1960 жылы жалғыз мешіт қалып, ол Пушкин көшесіндегі №6 үйде орналасқан. Ол мешітке намазға 3000 адам баратын болған. 1960 жылы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің жанындағы ескі мешіттің орнынан салынбақшы болған жаңа мешіттің құрылысы Мәскеуден келген уәкілдің араласуынан кейін тоқтаған.

1971 жылғы 17-желтоқсанда Қаз КСР Министрлер Кеңесінің «Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөнінде» қаулысының Қазақстандағы ескерткіштерді қорғауда жаңа бетбұрыс болды. Осы қаулының негізінде бір ғана Қызылорда облысындағы 14 «қасиетті орын» тарихи-мәдени ескерткіш ретінде қайта тізімделіп, мемлекеттік дәреже деңгейіне көтерілді. Ал, діни ұйымдар осы шараға белсене араласа отырып, тарихи және архитектуралық ескерткіштерді қорғау қорына ақша аудара бастаған.

Особому уничтожению были подвергунты памятники культуры и цивилизации, исторические мечети, которые являлись духовной опорой и сознанием народа в Алматы, Жезказгане, Кызылорде, Мангышлаке и Талдыкорганской области. Только в одной Алматинской области было 635 исторических памятников, которые не были взяты под охрану государства. В 1960 году по республике освободили от общественных работ и открыли 10 штатных единиц (три из них при Совете министров КазССР и семеро в областных комиссариатах) для работы со священнослужителями и строгим надзором над исполнением религиозными объединениями решении и указов советской власти.

В Западно-Казахстанской области в 1930 году было зарегистрировано 45 мечетей, а в 1960 году – одна, куда приходило на праздничную молитву 100-150 человек, а на пятничную (жума намаз) 15-20. В Алматы в 1960 году осталась одна мечеть, которая расположена по улице Пушкина в доме под номером 6. В эту мечеть на молитвы ходили 3000 человек. В 1960 году после вмешательства представителя из Москвы приостановлено строительство новой мечети вместо старой рядом с мавзолеем Ходжи Ахмеда Яссауи в городе Туркестан.

17 декабря 1971 года стал поворотным в истории охраны памятников Казахстана по постановлению совета кабинета министров КазССР по «Охрана памятников истории и культуры». На основе этого постановления были возвращены и снова зарегистрированы в госархивы только по Кызылординской области 14 «святых мест» как историко-культурных памятников. Религиозные организации на данные мероприятия привлекались активно и вносили денежные средства для фонда сохранения и передачи исторических и архитектурных памятников.

The eradication of thehistorical monuments and mosques, which are the source of the spiritual consciousness of the people, traces of civilizations have taken place in many regions, especially, in the Almaty, Zhezkazgan, Kyzylorda, Mangyshlak and Taldykorgan regions. Only in the Almaty region there were 635 unregistered monuments. There were opened 10 states of the public employees, who dismissed from the country in 1960 (three in the Council of Ministers of the Kazakh Soviet Socialist Republic and seven near the regional councils) and they had strictly controlledthe execution of Soviet laws and government resolutions by mullahs and religious communities. In 1930, there were 45 mosques in West Kazakhstan region, and in the 1960, the only mosque left. It was identified that only 100-150 people attend the «Eid prayers» and 15-20 «Friday prayers».

The only mosque remained in Almaty in 1960, was located in Pushkin Street №6 There were going 3000 people in order to pray. The construction of a new mosque in Turkestan in 1960, after the extermination of the old mosque under the mausoleum of Khoja Ahmed Yassauiwas stopped, after the intervention of the delegate from Moscow.

On December 17, 1971, the Council of Ministers of the KazSSR adopted a resolution «On the Protection of Historical and Cultural Monuments» was the new turning point for the protection of the monumentsin Kazakhstan. According to this resolution, only in Kyzylorda region 14 «holy places» were relisted as historical and cultural monuments, and wereraised to the state level. The religious organizations have been actively involved in this event and have begun to fund the historical and architectural monuments.

# Қалжан ахун
# (1862-1916)



■ Қалжан Бөлекбайұлы Хиуадағы діни медреседе төрт жыл білімін шыңдап, он жеті жасында айтулы «Көкілташ» медресесіне оқуға қабылданады. «Көкілташ» медресесінде он жыл, яғни жиырма жеті жасына дейін тапжылмастан білім алған Қалжан Бөлекбайұлы негізгі оқуы шариғат және заң саласын толығымен тәмамдап, оларға қоса философия, астрономия, математика, биология ғылымдарын тауыса оқып, шаруашылық басқару ісін игеріп шығады. Араб, парсы, шағатай тілдерін еркін меңгерген Қалжан атамыз сол медреседен «Ахун» атағын иемденеді. «Көкілташ» медресесінің заң факультетін 1889 жылы 27 жасында аяқтайды.

■ Калжан Болекбайулы получил четырехгодичное образование в медресе Хивы и в 17 лет был принят на обучение в медресе «Кокильташ». В медресе «Кокильташ» он обучался десять лет. К 27 года Калжан Болекбайулы изучил основы шариата и права, освоил философию, астрономию, математику, биологию, обучился делу по управлению хозяйством. Калжан Болекбайулы овладел арабским, персидским и чагатайскими языками, после чего получил звание «ахуна». В возрасте 27 лет в 1889 году окончил факультет права медресе «Кокильташ».

■ Kalzhan Bulekbayuly was studying at the religious school in Khiva for four years and at the age of seventeen has been accepted to the madrasa of Kokltash. The Kalzhan Bulekbaiuly, who has been educated at Kokltash madrasah for ten years, until the age of twenty-seven, completes his primary education in Sharia and Law, and studies philosophy, astronomy, mathematics, biology, economics and farmstead managment. The Kalzhan Ata, who freely mastered the Arabic, Persian, Chagatai languages, receives the title «Akhun» from that madrasa. In 1889, he graduated from the law school of the Kokltash madrasah in the age of 27.

■ Қалжан ахун сағанасы. XIX-XX ғғ.

■ Надгробье Калжана ахуна. XIX-XX века.

■ Kalzhan Ahun gravestone. XIX-XX centuries.






■ Қалжан ахун мешіт-медресесі XIX ғасырдың аяғында салынған. Қалжан ахун Бұхарадан білім алып келіп, төменгі Сырдария аймағында өз қаражатына мешіт тұрғызады. Кейін ахунның бастамасымен 1916 жылы мешіт жобасының зерттеу нысаны болған медресе тұрғызылды. Мемлекет қорғауына алынған тарихи нысан 1922-1930 жылдары «Ақжол» мектеп-интернаты, кейін жеті жылдық мектеп қызметін атқарған. 1937 жылы совет белсенділері ғимаратты бұзып тастаған. Дін апиын деп насихатталған дәуірде Қалжан ахун мешіт-медресесінде совет үкіметінің жергілікті белсенділері шошқа да баққызған көрінеді.





■ Мечеть-медресе Калжан ахуна была построена в XIX веке. Калжан ахун получил знания в Бухаре и построил на собственные средства мечеть в низовьях Сырдарьи. По инициативе ахуна в 1916 году был изучен проект мечети и при ней возведена медресе. Историческое здание, взятое под государственную охрану, в 1922-130 годы работало как школа-интернат «Акжол», и в дальнейшем, как семилетняя школа. В 1937 году советские активисты разрушили здание. В эпоху, когда религию объявили «опиумом для народа», не исключено, что в мечете-медресе Калжан ахуна местные активисты советской власти разводили свиней.

■ The Kalzhan Akhun mosque-madrasah was built in the end of XIX century. Kalzhan Akhun gained his knowledge in Bukhara and then built a mosque at his own expense in the Lower Syrdarya region. Then, on the initiative of Ahoun, a madrasah was built in 1916 as a research object of the mosque project. The historic site that was under the protection of the state was used as the Akzhol boarding school and then as a seven years school in 1922-1930. In 1937 Soviet activists destroyed the building. Even in the era of religious prejudice, Kalzhan Akhun mosque and madrasah was used as the pasture for the pigs by a local activists of the Soviet government.





■ Шақпақ Ата мешіті, 1969 жыл (жаңғыртуға дейін).

■ Мечеть Шакпак ата, 1969 год (до обновления).

■ Shakpak Ata Mosque, 1969 (Before upgrading).



■ Мешіттің кіреберісіндегі суреттер мен жазбалар

■ Надписи и рисунки у входа в мечеть.

■ Images and notes at the mosque entrance.



■ Шақпақ Ата мешітінің төбесі (аспан асты терезе).

■ Крыша мечети Шакпак Ата (окно под небом).

■ The roof of Shakpak Ata Mosque (underground windows).



■ Қараман Ата мешіті. Экспедиция мүшелері. 1971 жыл.

■ Мечеть Караман ата. Члены экспедиции. 1971 год.

■ Karaman Ata Mosque. Expedition members. 1971.



■ Шақпақ Ата мешітінің ішкі көрінісі

■ Вид мечети Шакпак ата изнутри.

■ The interior of the mosque Shakpak Ata.



■ Каспий теңізінің Маңғыстау шығанағына жақын орналасқан тау жыныстарында қашалған Шақпақ ата жерасты мешітінің кешені құрылысы бойынша қызықты және күрделі болып келеді. Бұл жерде Хоремнен Хазарияға, Булгарияға апаратын сауда жолындағы айлақ болған. Мешітке кіретін басты есік жел мен теңіздің қызықты қылып өңдеген тік жартас жақтан келеді.

■ Подземная мечеть Шакпак ата, расположенная недалеко от Мангыстауского залива в Каспийском море и выдолбленная в горной породе, является интересной и сложной с точки зрения строительства. Здесь была бухта, через которую пролегал маршрут из Хорема в Хазарию и Булгарию. Главные входные ворота мечети находятся со стороны крутого утеса, интересный вид которому придали ветер и море.





■ The underground complex of the mosque Shakpak Ata is interesting and complicated, and located on the rocks of the Caspian Sea near the Mangystau Gulf. There was a harbor of the trade route leading from Horem to Hazariya and Bulgaria. The main entrance to the mosque comes from the vertical cliffs processed by the wind and sea.



Строительство мечети с двумя минаретами в городе Семей началось в 1858 году и завершилось в 1862 году. В документе-прошении, сохранившимся в государственном историческом архиве города Санкт-Петербурга, жители города Семея магометане просят построить вместо сгоревшей деревянной мечети каменную. Строительство этой мечети не принесет вреда городу, а напротив украсит его.

Construction of a double minarets mosque in Semipalatinsk began in 1858 and ended in 1862.In the application contained in the State Historical Archives of St. Petersburg, states that residents of the city of Semey who belongs to the believe of the prophet Muhammad (s.a.w.) ask about the construction of a stone mosque instead of the burned wooden mosque, which will not damage the city and will beautify it.

Семей қаласындағы қос мұнаралы мешіттің құрылысы 1858 жылы басталып, 1862 жылы аяқталған. Санкт-Петербург қаласының мемлекеттік тарихи архивінде сақталған өтініш құжатта Семей қаласының Мұхамет діндегі тұрғындары бұрын өртеніп кеткен ағаш мешіттің орнына тас мешіт салу туралы сұрайтыны, бұл мешітті салу қалаға зиян келтірмейтіні, қайта оны көріктендіре түсетіні жазылған.



Этнограф Завалишин: «Егер Ертіс жақтан қараса, ол (Семей) өте сұлу және құрылыстары да жақсы. Бірақ бұл нағыз азиаттық қала, онда екі шіркеу ғана бар, екеуі де тастан салынған, есесіне жеті мешіт тұрғызылған, оның біреуі тастан салынған соборлы екі мұнаралы архитектурасы тамаша мешіт, ол тек 1862 жылы ғана аяқталған», – деп жазады.

Этнограф Завалишин пишет: «Если взглянуть со стороны Иртыша, то он (Семей) очень красив и имеет прекрасные строения. Однако это настоящий азиатский город. В нем есть только две церкви построенные из камня, зато воздвигнуто семь мечетей, одна из которых из камня, соборного типа, с двумя минаретами, мечеть имеет прекрасную архитектуру. Ее строительство закончилось только в 1862 году».





Семей қаласындағы мешіттер. XX ғ.

Мечети города Семея. XX век.

Mosques in Semey city. XX century.

Ethnographer Zavalishin said: «If we look at it (Semipalatinsk) from the side of the Irtysh, it's very beautiful and its buildings are beautiful too». But it's a real Asian town where there are only two churches, both of which are built of stone, but at the same time, there are seven mosques are built, one of which is a magnificent mosque with two towers of stone, completed only in 1862».

Дінге дұрыс көзқарас тек 80-жылдардың аяғынан бастап өзгере бастады. Бертін келе «Қазақ КСР мәдениет министрлігінің тарих және мәдениет ескерткіштерін қалпына келтіру және пайдалану туралы» қарары қабылданып, көптеген ескі мешіттер жөнделе бастады. 1989 жылы 724 тарихи, мәдени ғимараттар тізімделіп, мемлекет қарамағына алынды.

Объективный взгляд на религию наступил с конца 80 годов. Со временем по решению Министерства по делам культуры КазССР «Об открытии и реставрации памятников истории и культуры» началось восстановление мечетей. В 1989 году под охрану государства было взято 724 исторических и культурных памятника.

The right attitude towards religion began to change from the late 80's. Lately, the resolution «On restoration and use of historical and cultural monuments of the Ministry of Culture of the Kazakh SSR» was adopted and many old mosques were repaired. In 1989, 724 historical and cultural buildings were listed and taken over by the state.



№ 4

■ Көпес М. Давлеткильдеевтің қаржысына 1870 жылы (қазіргі Киров ат. зауыттың аумағында) № 4 мешіт салынды.

■ За счёт купца М. Давлеткильдеева в 1870 году (на территории современного завода им. Кирова) была построена мечеть № 4.

■ A mosque № 4 was built (on the territory of the modern plant named after Kirov) with the help of the merchant M. Davletkildeev in 1870.

■ 1860 жылы көпес А. Мусатаевтың ақшасына алғашқы 2 қабатты №1 мешіт салынды (қазіргі нан зауытының аумағында).

■ С 1860 года на деньги купца А. Мусатаева была построена первая (№ 1) и единственная 2-х этажная мечеть (на территории современного хлебокомбината).

■ Since 1860, the first (№ 1) and the only two-storied mosque (on the territory of the modern bakery) were built with the money of the merchant A. Musataev.



№ 1

1938 жылы Петропавл қаласындағы барлық мешіттер жабылып тынды. Құлшылық ордаларының ғимараттары басқа мақсатқа пайдаланып, кейбірі түгелімен жойылып кеткен. № 6 мешіт алғашында пионерлер клубына берілсе, кейіннен жастар спорт мектебіне айналдырылған. № 2 және № 4 мешіттер өндірістік қойма ретінде пайдаланылған. Ал, № 3 мешіт пен жанындағы мұсылмандар зираты орнына Облыстық партия комитеті салынған. Сүріліп тасталған № 1 мешіттің қазіргі орнында нан комбинаты орналасқан.

К 1938 году в Петропавловске были закрыты все мечети. Здания мечетей приспосабливали под хозяйственные нужды, а некоторые вовсе были уничтожены. Мечеть № 6 была передана пионерскому клубу, затем — детско-юношеской спортивной школе. Мечети № 2 и № 4 стали в дальнейшем подсобными помещениями промышленных предприятий. На месте разобранной мечети № 3 и прилегающего к нему мусульманского кладбища располагался обком партии, на месте разрушенной мечети № 1 — хлебокомбинат.

By 1938 all mosques were closed in Petropavlovsk. The buildings of mosques were adapted for economic needs, and some were completely destroyed. The mosque № 6 was given to the pioneer club, then to the children's and youth sports school. The mosques № 2 and № 4 became later auxiliary premises of industrial enterprises. On the site of the disassembled mosque № 3 and the adjacent Muslim cemetery, was located the regional committee of the party, on the site of the destroyed mosque № 1 - the bakery.



■ Көпес Бичуриннің қаржысына салынған № 5 «Дин-Мухамет» мешіті Советский мен С. Мұқанов көшелерінің қиылысында орналасқан. Қайта жөндеуден өткен ғимарат мешіттің қызметін атқарып келеді әрі сәулет ескерткіші болып табылады.

■ Мечеть № 5 «Дин-Мухамет» построена на деньги купца Бичурина, находится на пересечении улиц Советской и С. Муканова. Она восстановлена и является действующей мечетью и памятником архитектуры.

■ The mosque № 5 «Din-Mukhamet» is built on the money of the merchant Bichurin and located at the intersection of Sovetskaya and S.Mukanov streets.It is restored and is an active mosque and a monument of architecture.



■ Жартылай қираған Касымовская мешіті – жекеменшік саунаға айналған.

■ Полуразрушенная Касымовская мечеть – частная сауна.

■ The dilapidated Kasymov mosque is used as a private sauna.



■ 1882 жылы көпес Халит Янгуразовтың қаржысына салынған № 6 мешіт ел арасында Халитовской деп аталып кеткен.

■ Мечеть № 6 построена в 1882 году на средства купца Халита Янгуразова, в народе называлась Халитовской.

■ The mosque № 6 was built in 1882 by the means of merchant Khalit Yangurazov, popularly called Khalitovskoy.

# КҮРТ ЖЫЛЫНҒАН КЕҢЕСТІК ЖҮЙЕ
## РЕЗКАЯ ОТТЕПЕЛЬ В СОВЕТСКОЙ СИСТЕМЕ
## THE SUDDEN CHANGE IN SOVIET SYSTEM

Қарамағындағы халықтың діни сеніміне тұсау салып, қаншама жылдар бойы «Құдай жоқ» дегенді санаға сіңіруге тырысқан Кеңестік жүйе 1943-жылы кенеттен жылынып сала бергендей болады. Қылышынан қан тамған Кеңес үкіметінің аяқастынан мұсылмандарға мейірімділік таныта қалуының басты себебі – соғыс даласындағы жиілеп кеткен жеңілістер болатын. Баса-көктеген жау әскері Сталинград түбіне дейін келіп, басқа майдан алаңдарында да бас көтертпей тұрған еді. Тығырыққа тірелген Иосиф Виссарионович Сталин сол кездегі коммунистік идеологияны ысырып қойып, қит еткен қылығы үшін қынадай қырып келген мұсылман қауымының көмегіне жүгінуді жөн санайды. Осы себепті де 1943-жылы өзбек халқынан шыққан белгілі ғұлама Эшон Бабахан Кремльге шақырылып, Одақ басшысының жеке қабылдауында болады. Қабылдау барысында Сталин Эшон Бабаханға Ташкент қаласында мұсылмандар құрылтайын өткізіп, діни басқарма құру жайында бұйрық береді. «Құдайсыз қоғамның» бірінші басшысы бұл «жомарттығының» ақысы ретінде мұсылмандар тарапынан соғыс даласына салмақты көмек көрсетілуі тиіс екендігін ерекше екпінмен жеткізеді.

В Советской системе, которая душила религиозные верования находящихся под ее властью народов, и твердившая в течение нескольких лет «Бога нет», пытаясь укоренить это в сознаниях людей, в 1943 году неожиданно наступила оттепель. Причиной негаданной доброты к мусульманам Советского правительства, с чьего меча сочилась кровь, было зачастившее поражение в поле брани войны. Вражеские войска приблизились к Сталинграду, не давая возможности поднять голову и на других майданах. Иосиф Виссарионович Сталин был в тупике и, отринув коммунистическую идеалогию того времени, решает правильным обратиться к помощи мусульманского общества, которое до этого пытался искоренить. По этой же причине в 1943 году призвали в Кремль известного ученого выходца из узбекского народа Эшона Бабахана на личный прием у главы Союза. Во время приема Сталин приказывает Эшону Бабахану провести курылтай мусульман в городе Ташкент и создать религиозное управление. Первый глава «Безбожного общества» ценой своего «великодушия» с особым ударением объявил весомую помощь со стороны мусульман на поле войны.

In 1943, the Soviet system, which were trying to confuse religious belief of the people under their department, forcing them to believe that «God doesn't exist», seem changing their opinion. One of the main reasons of the Soviet government's sympathy for Muslims was the frequent defeats in the battlefield. The giant army of troops that suddenly break in, came close to Stalingrad, and did not yield on the other front of the battlefield too.The Joseph Vissarionovich Stalin at a dead end makes a decision to leave his communist ideology and rely on the help of Muslim community, whom they were torturing for many years. That is why, in 1943, well-known Uzbek scholar Eshon Babakhan was summoned to the Kremlin, and was in a personal reception of the Head of the Union. During the reception, Stalin gave the order to Eshon Babakhan to organize a Muslim congress in Tashkent and establish a religious administration. The first head of the «godless society» emphasizes that the honorary for this «generosity» will be the help given by Muslims in the battlefield.



■ Иосиф Виссарионович Сталин.

■ Иосиф Виссарионович Сталин.

■ Joseph Vissarionovich Stalin.

■ Берілген тапсырма негізінде Эшон Бабаханның ұйымдастыруымен Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Түркменстан елдерінің беделді дін ғұламаларынан жасақталған дайындық комитеті құрылып, дереу іске кірісіп кетеді. Ұйымдастыру жұмыстарына сол кездегі Ресейдегі беделді дін қайраткерлері – Мұсылмандардың Орталық Діни Басқармасының төрағасы Абдуррахман Расули, Мәскеу Орталық мешітінің имамы Халил-Рахман Насретдинов, Қазан қаласындағы «Марджания» мешітінің имамы Қияметдин Қадыров секілді білікті мамандар жұмылдырылады. Осы жылдың тамыз-қыркүйек айларында комитет мүшелері бес республика бойынша ел аралап, алғашқы мұсылмандар құрылтайы мен құрылғалы жатқан діни басқарма туралы насихат жұмыстарын жүргізеді. «Алла» деген сөзі үшін атылып кеткендерді көзімен көрген халықты бұл жаңалыққа сендірудің өзі оңайға соқпайды. Дегенмен, түсіндірме жұмыстары бес республика бойынша облыс, аудан орталықтарында толығымен өткізіліп, құрылтайға қатысатын делегаттар тізімі де түзіледі.



■ Ишан Бабахан ибн Абдулмажидхан – Орта Азия мен Қазақстан мұсылмандарының Діни басқармасының бірінші төрағасы.

■ Эшон Бабахан ибн Абдулмажидхан – первый председатель Духовного управления мусульман Средней Азии и Казахстана.

■ The first chairman of the Spiritual Administration of Muslims of Central Asia and Kazakhstan-Eshon Babakhan ibn Abdulmajidhan.

■ 1943 жылы 15-20 қазанда Ташкенттегі Ишан Бабаханның үйінде Мұсылман ғұламаларының бірінші құрылтайы өтті.

■ Первый Курултай мусульманских улемов проходил 15–20 октября 1943 года в Ташкенте в доме Эшона Бабахана.

■ The first Kurultai of Muslim Ulema was held on October 15-20, 1943 in Tashkent in the house of Eshon Babakhan.





■ Қазақ делегациясын бастап барған Абдул Ғаффар Шамсутдинов.

■ Казахская делегация во главе с Абдул Гаффар Шамсутдинов.

■ The person who led the Kazakh delegation-Abdul Gaffar Shamsutdinov.



■ Мұсылмандардың діни басқармасы мен ревизиялық комиссияның мүшелері САДУМ пленумының отырысында. Ташкент, 1943 жыл.

■ Члены Духовного управления мусульман и ревизионной комиссии во время заседания Пленума САДУМ. Ташкент, 1943 год.

■ Members of the Spiritual Board of Muslims and the Audit Commission during the meeting of the SADUM Plenum.Tashkent, 1943.

Основываясь на данной задаче, под организацией Эшона Бабахана создали подготовительный комитет, состоящий из известных религиозных ученых Казахстана, Киргизстана, Таджикистана и Туркменистана, комитет быстро приступает к работе. В организационные работы были вовлечены такие высокопоставленные религиозные деятели как – председатель Центрального Религиозного Управления Мусульман Абдуррахман Расули, имам Центральной Московской мечети Халил-Рахман Насретдинов, имам мечети «Марджания» в Казани Кияметдин Кадыров. В месяцах август-сентябрь члены комитета, посещая пять республик, ведут пропагандную работу о первом курылтае мусульман и о создающемся религиозном управлении. Народ видевший тех, кого за сказанное «Алла» расстреливали, не поддавался с такой уж легкостью пропаганде. И все же, объяснительные работы ведутся в областях и районах по пяти республикам, даже создается список делегатов в курылтай.

On the basis of this assignment, a preparatory committee of prestigious religious scholars from Kazakhstan, Uzbekistan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Turkmenistan will be established by Eshon Babakhan and will start their work immediately. The organizers of the event were the well-known specialists of Russia's leading religious figures - Abdurrahman Rasuli the Chairman of the Central Religious Board of Muslims, Khalil Rahman Nasretdinov the Imam of the Moscow Central Mosque, and Kiymetdin Kadyrov, the Imam of the mosque «Mardzhaniya» in the Kazan.In August-September of this year, members of the Committee traveled through five countries and gave an information about holding the first Muslim congress and the establishment of religious administration. It was not easy to convince the people thatsaw those, who were killed because of saying the word «Allah». However, the explanatory work was held in five regional and district centers, and a list of delegates participating in the congress was composed.



■ Эшон Бабахан және Абдул Гаффар Шамсуддинов.

■ Эшон Бабахан и Абдул Гаффар Шамсутдинов.

■ Eshon Babakhan and Abdul Gaffar Shamsutdinov.

1943-жылдың 15-20 қазан аралығында Ташкент қаласындағы Эшон Бабаханұлының үйінде аталмыш бес республика бойынша 160 делегат қатысуымен алғашқы Құрылтай өтеді. Құрылтай нәтижесінде Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы құрылып, Эшон Бабахан Абдулмажидханұлы төраға болып сайланады. Сондай-ақ, оған бірден бес республиканың мүфтиі деген атақ беріледі. Құрылтайға қатысушылардың таңдауы бойынша Мурадходжа Салихов төраға орынбасары, ал Эшон Бабаханұлы Зияуддинхан жауапты хатшы қызметіне тағайындалады. Сондай-ақ, жаңа құрылған діни басқарманың жұмыс жүйесі талқыланып, Құрылтай шешімімен 11 адамнан тұратын басқарма және 5 адамнан тұратын ревизиялық комиссия құрылады. Әр республика бойынша діни басқарма бөлімі ретінде қазият ашылып, олардың басшылары сайланды. Құрылтай шешімімен Қазақстан республикасының қазиы болып Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов, Өзбекстанға – Эшон Бабахан, Тәжістанға – Салех Бабакалан, Қырғызстанға – Олимхан Тура Шакир, Түркменстанға – Анна Ишан тағайындалады.

В 15-20 октября 1943 года в Ташкенте в доме Эшона Бабахана проводится первый Курылтай с участием 160 делегатов из пяти республик. В результате Курылтая основывается религиозное управление мусульман Средней Азии и Казахстана, председателем назначается Эшон Бабахан Абдулмажидханулы. А также ему присуждают звание главного муфтия сразу пяти республик. Участники Курылтая выбрали заместителем председателя Мухамоджа Салихова, а на должность ответственного секретаря – Эшона Бабаханулы Зияуддинхана. Так же обсуждались работы нового религиозного управления, решением Курылтая управление состоит из 11 человек и 5 человек ревизионной комиссии. В каждой республике в качестве отделения управления открылись казияты, были выбраны их главы. Решением Курылтая первым кази республики Казахстан стал Абд аль-Гаффар Шамсутдинов, в Узбекистане – Эшон Бабахан, в Таджикистане –Салех Бабакалан, в Киргизстане – Олимхан Тура Шакир, в Түркменстане – Анна Ишан.

On October 15-20, 1943, the first congress with the participation of 160 delegates from five republics will take place in Tashkent in Eshon Babakhanuly's house. At the end of the congress, the religious authorities of Central Asia and Kazakhstan were established and Eshon Babakhan Abdulmajidkhanuly was elected chairman. At the same time, he was awarded the title of Mufti of five republics. The participants of the congress appointed Muradkhoja Salihov as the Deputy Chairman and Eshon Babakhanovich Ziyauddinhan was appointed as the Executive Secretary. In addition, the working system of the newly established religious administration will be discussed and the Constituent Decision will consist of a Board consisting of 11 persons and an Audit Commission consisting of 5members. As a division of religious authority in each republic, kaziyat was opened and their heads were elected. According to the decision made by congress, Abd al-Gaffar Shamsutdinov was appointed the first kazi of the Republic of Kazakhstan and Eshon Babakhan in Uzbekistan, Saleh Babakalan in Tajikistan, Olimkhan Tura Shakir in Kyrgyzstan and Anna Ishan in Turkmenistan.

Бес күн ішінде барлық жұмыс жүйесін талқылап, бес республика ғұламаларының басын қосқан Құрылтайда атқарылған басты шаруалардың бірі – Кеңес үкіметі мұсылмандарына арналған Үндеудің жариялануы еді. Сталин жүктеген негізгі тапсырма да осы болатын.

«Біздің қадірлі бауырларымыз бен ұлдарымыз! Біз, мұсылман ғұламалары және Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркменстан және Қазақстан мұсылмандарының атынан сіздерге Үндеу жариялаймыз! Зұлым басқыншыларға қарсы айбатты арыстандай шайқасыңдар! Барша халықтың ұлдары бір сапқа тұрып, жауыз фашисттерді жер бетінен жойып жіберіңдер! Туған жеріміздің әрбір сүйемін жау аяғына таптатпай, қатарларыңды қатаң тәртіппен шыңдаңдар! Барлық иман келтіргендерді Аллаға жалбарынып, әскерімізге жар болып, жеңіске жетуімізді сұрап, дұға етуге шақырамыз!» деген мәтіндегі Үндеу аздаған күннен соң майдан алаңы мен тылдағы ел арасын шарлап кетті.

Соғыс жылдарындағы Діни басқарма бөлімдерінің негізгі жұмысы майдан даласына көмек жұмыстарын ұйымдастыру болып табылды. Соғыс даласындағылар үшін жылы киімдер мен қару-жарақ жасауға қажетті қаржы жинақтау жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп отырды. Сондай-ақ, майданда қаза тапқандардың отбасыларына да жәрдем көрсетіп, жергілікті халықты жеңіске жігерлендіру жолында қазият мүшелері қарқынды жұмыс атқарды. Осылайша, күрт жылынған Кеңестік жүйе қиын-қыстау күндерде мұсылмандар қолдауына сүйене отырып, коммунистік көзқарасын өзгертуге мәжбүр болған еді.

В течение пяти дней все система работы проходит через обсуждение, главным решенным вопросов в Курылтае, объеденившем религиозных ученых пяти республик, это – объявление Обращения мусульманам Советского правительства. Это и было основной задачей данной Сталиным.

«Наши почетные братья и сыны! Мы, мусульманские ученые и от имени мусульман Узбекистана, Киргизстана, Таджикистана, Туркменистана и Казахстана шлем вам свое Обращение! Сражайтесь бесстрашно против нечестивых завоевателей! Сыны всех народов, встаньте все в один строй, сотрите с лица земли зло – фашистов! Не дайте им растоптать и пяди родной земли, держите строй крепко! Всех верующих призываем молится Аллаху, просить о победе!» Этот текст Обращения через несколько дней облетит фронты и тылы по стране.

В годы войны главной работой отделений Религиозного управления была организационная работа оказанию помощи на фронте. Стабильно велись работы по снабжению теплой одеждой находившихся на поле битвы и по сбору необходимых финансов для продукции оружия. Помощь оказывалась и семьям, погибших на войне, члены казията вели активные работы по подбадриванию местного населения. Таким образом, резко потеплевшая Советская система, опираясь в эти трудные дни на поддержку мусульман, вынуждена была изменить коммунистическую точку зрения.

The announcement of the call for the Muslims of the Soviet Union wasone of the most important issues that bring together scientists from five republics and and from behind which theymake discussion about the entire system of work in five days. The main task of the Stalin was also the same.

The appeal with the writing «Our dear brothers and sons! We, Muslim scholars on behalf of all Muslims of Kazakhstan, Uzbekistan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkmenistan announcing an appeal! Fight like the lion against the enemy! The sons of all the nations should fight side by side, and to put the end to the terrible fascists! Do not let to trample every inch of our earth and strengthen your ranks! We ask all believers to pray to Allah, asking for help and victory!» was distributed throughout the entire front and throughout the country.

The main work of the Religious Administration during the war was the organization of assistance on the battlefield. The fundraising works for the warm clothing and the weapon for the battlefieldswere regularly collected. Also, members of the kaziyat have worked hard to help the families of those killed in the frontier and to encourage the local people to win. Thus, the Soviet system was forced to change its communist views on the backdrop of the Muslims' support in difficult times.



■ Зияуддин Бабаханов (1957—1982).

■ Зияуддин Бабаханов (1957—1982).

■ Ziyauddin Babakhanov (1957—1982).



■ Шамсиддин Бабаханов (1982—1989).

■ Шамсиддин Бабаханов (1982—1989).

■ Shamsiddin Babakhanov (1982—1989).




■ Мухаммед Садық Мухаммед Юсуф (1989—1993).

■ Мухаммед Садык Мухаммед Юсуф (1989—1993).

■ Muhammed Sadyk Mohammed Yusuf (1989—1993).

Сұм соғыстың әлегі саясатын өзгертуге мәжбүрлеген Кеңес үкіметі Орта Азия және Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасына сол кездегі бес республика аумағында 200-ден астам құлшылық ордаларын қайта ашуға да рұқсат берген еді. Дегенмен, ашылған мешіттердің көбісі өз жұмыстарын тек Ұлы Отан соғысындағы жеңістен кейін ғана тұрақты түрде жүргізе бастайды. Қасиетті Құран мен Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың сүннетіне сүйене отырып жасалған Жарғы бойынша сол кездегі бес руспублика қазиятына төмендегідей тапсырмалар жүктелген болатын.

Война вынудила пересмотреть политику и тогда Советское правительство разрешило религиозному управлению мусульман Средней Азии и Казахстана вновь открыть более 200 центров поклонения в пределах пяти республик. Однако, множество из открывшихся мечетей начали стабильно функционировать лишь после победы в Великой Войне. Опираясь на Священный Коран и на сунны пророка Мухаммеда, издали Указ с нижеперечисленными задачами для казиятов того ремени в пяти республиках:

Because of the war, Soviet government was forced to change their policy, and therefore, they allowed the Central Asian and Muslim Religious Administration of Kazakhstan to reopen more than 200 mosques in the five republics of that time. Nevertheless, many mosques start their jobs only after the victory in the Great Patriotic War. According to the law, based on the Sunnah of the Holy Quran and the Prophet Muhammad (s.a.w), the following five tasks were included in the Decree of the five kaziyat of the Republic.

– Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжістан, Түркменстан республикаларындағы діни бірлестіктер арқылы елдегі діни іс-шаралар мен рәсімдерді атқару;

– Халық арасындағы дін насихатын күшейту;

– Діни рәсімдерге қатысты туындаған даулы мәселелер шешімін қазият құрамындағы имамдардың қолға алуы;

– Қоғам мүшелерін адалдыққа, әділетті болуға, еңбекқорлыққа үндеу және заңға бағынып, құрметтеуге шақыру;

– Дін насихатына теріс пиғылдылармен күрес жүргізіп, шариғатқа қайшы келетін салт-дәстүрлерден халықты жирендіру;

– Жоғарыда айтылған мәселелр бойынша пәтуалар шығару;

– Діни әдебиет қорын қалыптастыру және елге тарату;

– Шетелдік мұсылман ұйымдарымен байланыс орнату және оларға Орта Азия мұсылмандарының өмірін таныстыру.

– Выполнение религиозных мероприятий и церемоний в стране через религиозные сотрудничества в республиках Казахстан, Узбекистан, Киргизстан, Таджикистан, Туркменистан;

– Усилить пропаганду религии среди народа;

– Спорные вопросы в ходе религиозных церемоний решают состоящие в казиятах имамы;

– Призывать членов общества к верности, справедливости, трудолюбию, подчинению и уважению закона;

– Вести борьбу с противниками религиозной пропаганды, отвести народ от традиций, противоречащих шариату;

– По вышеперечисленным вопросам прийти к консенсусу;

– Сформировать религиозную литературу и распространить;

– Установить связь с зарубежными мусульманами и ознакомить их с жизнью мусульман Средней Азии.

– Performing religious activities and ceremonies in the country through religious associations in Kazakhstan, Uzbekistan, Kyrgyzstan, Tajikistan and Turkmenistan;

– Strengthening of religious propaganda among the population;

– The solution of the disputes arising in relation to religious ceremonies involves the participation of the imams in the court;

– To appeal the members of society to be honest, fair, call for hard work and to follow the law and respect it;

– Fighting against religious intolerance and devastating the people from the traditions that conflict with Sharia;

– To make a conclusion of the above mentioned issues;

– Formation and dissemination of religious literature;

Establishing contacts with foreign Muslim organizations and presenting them with the life of Central Asian Muslims.





# Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов (1884-1953)

Ташкент қаласында өткен Орта Азия мұсылмандарының алғашқы құрылтайына Қазақстан делегациясын Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов бастап барған болатын. Құрылтай нәтижесінде Орта Азия және Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты Қазақстан қазиятының төрағасы болып Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов тағайындалады.

1884-жылы Өскемен қаласында дүниеге келген Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов сол кездегі қазақ даласындағы діни ілімді жетік меңгерген ғұламалардың бірі еді. Қазан қаласындағы медреседе білімін жетілдірген Абд әл-Ғаффар 1946-жылдан бастап Алматы қаласының имамы қызметін де қоса атқарады. Қасиетті Құран Кәрімді жатқа білген зиялы азамат қазақ даласындағы Ислам дінінің қайта гүлденуі жолында жемісті етті. Ел аралап, жаңадан ашылған мешіт жұмыстарымен танысып, білікті имам-молдалар даярлау істеріне көп көңіл бөлген.

Абд әл-Ғаффар Шамсутдинов 1952-жылы өз орнына Сәдуақас Ғылманиды қази етіп бекіттіреді. Осылайша, қазақ елінің алғашқы қазиы болған Шамсутдинов 78 жасында дінбасылық қызметті өзінің ізбасар шәкіртіне табыстайды. Келер жылдың маусым айында Алматы қаласында дүние салады.

Возглавлял Казахстанскую делегацию во время проведения первого Центрально-азиатского мусульманского съезда, проходившего в городе Ташкент. По окончании съезда Абдулгаффар Шамсутдинов стал председателем Казахстанского казията при Центрально-Азиатском и Казахстанском духовном управлении.

Родившийся в 1884 году в городе Усть-Каменогорске Абдулгаффар Шамсутдинов был одним из наиболее одаренных ученых в казахских степях, постигших религиозную науку. Углубив свои знания Абдулгаффар в 1946 году также был имамом города Алматы. Знавший наизусть Священный Коран, он внес большой вклад в распространение Исламской религии в казахских степях. Он много путешествовал, знакомился с деятельностью новых открывшихся мечетей, также стал участвовать в обучении имамов и мулл.

В 1952 году в возрасте 78 лет Абдулгаффар Шамсутдинов, являвшийся первым в истории казахской степи казием, назначил вместо себя Садуакаса Гылмани. В июне следующего года Шамсутдинов скончался в городе Алматы.

Abd al-Gaffar Shamsutdinov was the head of the delegation of Kazakhstan in the first Central Asian Muslims Congress in Tashkent. As a result of the founding, Abd al-Gaffar Shamsutdinov was appointed as the Chairman of the Kazakhstan's Supreme Administrative Board for Religious Affairs of Central Asia and Kazakhstan.

Born in Ust-Kamenogorsk in 1884, Abd al-Gaffar Shamsutdinov was one of the wise men of his time studying the religious doctrine in the Kazakh steppes. Abd al-Gaffar, who has improved his education in madrasah in Kazan, has been working as the Imam of Almaty since 1946. An intelligent man, who learned the Holy Quran, made a success in the prosperity of the Islamic religion in the Kazakh steppes. He traveled around the country, and got acquainted with the newly-opened mosques, and paid close attention to the training of qualified imams-mullahs.

In 1952, Abd al-Gaffar Shamsutdinov appointed Saduakas Gylmani to be a kazi in his place. Thus, at the age of 78, Shamsutdinov, who was the first Kazakh's kazi, handed the religious service to his pupil. In the June of next year, he died in the Almaty.



# Сәдуақас Ғылмани (1890-1972)

Қазақ халқының көрнекті қоғам және дін қайраткері Сәдуақас Ғылмани 1890-жылы Ақмола облысына қарасты Ерейментаудағы Малтабар деген жерде дүниеге келген. Араб тілін атасынан үйренген Сәдуақас Ғылмани өзінің өмірбаяндық жырында Шарықты жайлауындағы Байдүйсен молдадан білімін жетілдіргенін жазады. Жастайынан зерек өскен ол 14 жасында «бала молда» атанып, Тасбақа, Өмірзақ ауылдарында шәкірт оқыта бастайды. Дегенмен, өз білімінің олқылығын аңғарған Сәдуақас Ғылмани бір жылдан соң төре ауылына келіп, Айтмағамбет молдадан сабақ алуға кіріседі. Осыдан соң Тойғанкөл маңындағы Төлеңгіт ауылындағы Ақтамақ қалпе медресесіне түсіп, алты жыл уақытын оқуға арнайды. Осылайша, сол кездегі қазақ даласындағы молдалардан діни сауатын ашып, білімін жетілдірген Сәдуақас ұстаздыққа ден қойып, Сілеті медресесінде шәкірт оқытуымен айналысады.

Государственный и религиозный деятель Садуакас Гылмани родился в 1890 году в Акмолинсой области в местности Малтабар в Ерейментау. Обучившись арабскому языку у деда, Садуакас Гылмани в своем жизненном повествовании говорил, что обучался у муллы Байдуйсен на джайлау Чарыкты. С ранних лет он рос одаренным из-за чего его прозвали «бала молда», и начал обучать учеников в селах Тасбака и Омирзак. Однако осознав недостаточность своих знаний, Садуакас Гылмани через год приехав к аулу торе, взялся за занятия у муллы Айтмагамбета. После этого он поступил в медресе Актамак калпе в селении Толенгит, и обучался в ней в течении шести лет. Таким образом, открыв духовные познания у мулл в казахской степи, Садуакас остановился на обучении учеников в медресе имени Сылети.

The prominent public and religious figure of the Kazakh people, Saduakas Gilmani, was born in 1890 in Malatabar, Ereymentau, Akmola region. The Saduakas Gylmani wrote in his biographic novel that, he first learned Arab language from hisgrandfather, and improved his knowledge from the Baidyuisen mullah in Sharykty jaylau. He grew up a clever boy, and at the age of 14 he was called a «boy mullah», after he began to teach pupils from the villages of Tasbak and Omirzak. However, a year later he understand that his knowledge was not enough and after he came to the village and began taking a lesson from the Aitmagambet mullah. Then he went to the Aktamak Chalpe Madrassah in the village of Tolugit in Toygankol and spent six years studying. Thus, he started teaching in the Silte madrasah, after getting religious knowledge from the mullahs of Kazakh steppe.

1916-жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде көзге түсіп, басы дауға қалған Сәдуақас Ғылмани медресеседегі ұстаздық қызметін тастауға мәжбүр болады. Алайда, сол замандағы халық алдындағы мақсат-міндеттерін жіті сезінген өзге де Алаш зиялылары тәрізді Сәдуақас та өзінің күш-қайратын ағарту саласына жұмсайды. Алайда, аудармашы ғалым, ағартушы ақын осы еңбектері үшін 1929-1946 жылдар аралығында саяси қуғын-сүргінге көп ұшырайды. Батыс Сібірде бас сауғалай жүріп те Ислам құндылықтарын халыққа жеткізу жолында бойындағы бар дарынымен қызмет етеді.

Во время восстания 1916 года попал под подозрение, и после ему пришлось оставить педагогическую деятельность в медресе. Однако, он как и представители интеллигенции Алаш, которые осознали свою цель и обязанности перед казахским народом, вложил немало усилий в просвещении. Ученый переводчик, просветитель из-за своих трудов в 1929-1946 годах побывал в политических репрессиях. Находясь в Западной Сибири он не покладая рук трудился, чтобы донести до простых людей исламские ценности.

The Saduakas Gylmaniwas forced to abandon the madrasah service, because he had been in trouble for the national liberation rebellion of 1916. However, hespends his energy on education, like other Alashs' intelligentsia, who understand the aims and responsibility to the people of that time. Because of this works, scientist translator, the enlightener poet, was exposed to political repressions from 1929 to 1946. While struggling in Western Siberia, he served with his talent by bringing the Islamic values to the people.

■ Сәдуақас Ғылмани мен Жақия Бейсенбайұлы. 1968 жыл.

■ Садуакас Гылмани и Жакия Бейсенбайулы. 1968 год.

■ The Saduakas Gilmani and Zhakiya Beisenbayuly. 1968.





■ Астана қаласындағы «Сәдуақас Ғылмани» мешіті.

■ Мечеть «Садуакаса Гылмани» в городе Астана.

■ The «Saduakas Gulmani» mosque in the city of Astana.





■ Сәдуақас қажы Ғылмани қолжазба еңбектері.

■ Рукописные работы Садуакаса кажы Гылмани.

■ Handwritten works of Saduakas haji Gulmani.

1946-жылы елге оралған Сәдуақас Ғылмани Қазақ қазиятының төрағасы Абд-әл-Ғаффар Шамсутдиновтың ұсынысымен Ақмола қаласының имамы қызметіне кіріседі. Осы жылдары ол діни ағарту саласында өнімді еңбек етіп, келер ұрпақ үшін теңдессіз мол мұра қалдырады. Ғалымның туған қызы Әмина Сәдуақасқызының естелігінде 1946-жылдан бастап жиырма жыл ғұмырын «Арабша-қазақша түсіндірме сөздік» жасауға арнағаны айтылады. 110 мыңға жуық қамтыған бұл еңбектің білдей бір ғылым академиясына артылар жүк екенін айтып жатудың өзі артық етер.

Ағартушы ғалым артына бұдан өзге де құнды дүниелер қалдырған. Ғалымның дүние салар алдындағы өсиетіне сүйенсек, «Ислам діні туралы 42 кітапша» жазған. Олардың ішінде баспа бетін көрген бізге белгілері – «Құран туралы жала мен өтіріктерге қарсы» және «Ел аузынан жиған-тергендер» еңбектері. Аударма саласында өндіре жұмыс істеген ғалым Махмұт шалуттың «Бейбітшілік пен соғыста» еңбегін және «Діни ғибраттар туралы түрлі мемлекеттерде шыққан заңдар» сынды құжаттарды қазақ тіліне тәржімалаған. Әйгілі «Кәлила мен Димнаны» қазақ тілінде сөйлетеді. Қазақстан Ғылым академиясының тапсырмасымен әл-Фараби шығармаларын араб тілінен тікелей қазақ тіліне аударуға атсалысады. Сондай-ақ, кейбір деректерде оның «Діни педогогика» атты оқулық жазып, «Париж қаласынан сұрақтар» деп аталатын теологиялық дүние әзірлегені айтылады.

В 1946 году, возвратившись на родину, Садуакас Гылмани по настоятельству председателя Казахского Казията Абдулгаффара Шамсутдинова стал имамом города Акмола. В эти годы он сделал много трудов в духовном просвещении, и оставил безвозмездный вклад будущему поколению. По воспоминаниям родной дочери ученого Амины Садуакасовны последние двадцать лет своей жизни начиная с 1946 года он посвятил в написании «Арабско-казахского толкового словаря».

«Nur-Mubarak Egypt Islamic Culture» University is a unique institution of higher education of the Republic of Kazakhstan, which trains highly-educated imams, Islamist and religious scholars, and two foreign languages (Arabic-English, English-Arabic). After gaining independence in 1991, for the Republic of Kazakhstan there was a choice of new political orientations and a new direction. Preservation of the country from external threats and internal disintegration is the cornerstone of the policy of the President of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev and the foundation of a secular society that protects the rights of not only the nation but also the rights of every citizen. Even though, the link between the government and religion was drawn, the president Nursultan Nazarbayev during his visit to Egypt in 1993, made a decision on a meeting with the President of the Arab and Egypt Republic, on opening of the Islamic University in Kazakhstan, for the future of the state, which is regarded to Hanafi direction, consisting of 70% of the population. The special site was considered for the construction of the religious complex in Almaty, and 6 hectares were allocated. This decisive step in the early stages of independence became a real step towards the unity and future of the nation. On June 16, 1993, the ceremony of laying the foundation stone of the university campus took place with the participation of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev and Uakif Minister of the Arab and Egypt Republic, Muhammad al-Makhzub.



■ Университет қабырғасында қаракөз қарындастардың саны артып келеді.

■ Увеличивается число казахских девушек в университете.

■ The number of girls in the university campus is increasing.



2000 жылы Қазақстан мұсылмандарының III Құрылтайы қарсаңында Елбасы Н.Назарбаев Әбсаттар қажы Дербісәліні қабылдайды. Қабылдау барысында Бас мүфти республикамызда дін мамандарын дайындау қажеттігін алға тарта отырып, кешен құрылысының бірінші кезеңі аяқталғанын, соған байланысты «Нұр-Мүбәрак» университетін ҚМДБ-на беруге көмектесу туралы өтініш білдіреді. Президент өтінішті түсіністікпен қабылдап, Мысыр еліңне арнаулы делегация жібереді. Келіссөздер нәтижесінде университетті діни басқармаға беруге және құрылыстың екінші кезеңін де аяқтауға келісім береді.

Сөйтіп, «Нұр-Мүбәрак Египет Ислам мәдениеті» университеті Қазақстан мен Египет Араб республикаларының арасындағы келісімге сай ашылып, жұмыс жасай бастайды. Келісім ҚР Парламентінде ратификацияланып, 2003 жылдың 2-шілдесінде Президент Н.Ә.Назарбаевтың №460-11 ҚРЗ өкімімен бекітілген соң, заңды күшіне енді. Келісімді египет Араб республикасының президенті Мұхаммед Хұсни Мүбәрак та 2003 жылы №215 бұйрығымен бекіткен. Оқу ордасына ҚР Блім және ғылым министрлігінің лицензиясы берілген, мемлекеттік аттестаттаудан өткен.

■ Ортақ ой талқылауға да орын қарастырылған.

■ Предусмотрено место для дискуссий.

■ There is also room for discussion.





■ Оқу залындағы тыныштық.

■ Тишина в читальном зале.

■ The quietness of the reading room.





■ Оқу ғимаратының әр қабаты өзіндік ерекшеліктерге толы.

■ Каждый этаж учебного заведения имеет свои особенности.

■ Each floor of the educational building is full of unique features.



В 2000 году перед началом III Съезда мусульман Казахстана Нурсултан Назарбаев принимает Абсаттар кажы Дербисали. На встрече с главным муфтием говорилось о необходимости подготовки религиозных специалистов и оказании помощи в передаче университета Нур-Мубарак в ведение ДУМК. Президент РК выслушал предложение с пониманием и решил отправить специальную делегацию в Египет. В результате переговоров вопросы дальнейшего строительства и передачи университета Нур-Мубарак в ведение ДУМК были решены. Таким образом, на основании договора между Казахстаном и Египтом университет исламской культуры Нур-Мубарак начал свою деятельность. Договор был ратифицирован 2 июля 2003 года в Парламенте и на основании указа Президента РК №460-11 вступил в силу. Также договор был утвержден приказом №215 от 2003 года Президентом Египта Мухаммедом Хусни Мубараком. Вуз получил лицензию МОН РК и прошел государственную аттестацию.

Nevertheless, the first phase of the building of construction was over, the door to the university was locked up for a few years. In anticipation of the III rd Congress of the Muslims of Kazakhstan in 2000, President Nursultan Nazarbayev receives Ab Sattar Haji Derbisali. During the reception, the Supreme Mufti appealed to the need to prepare the religious specialists in the country, asking for help to transfer the Nur-Mubarak University to the MFA of the Republic of Kazakhstan. The President accepts the request and sends a special delegation to Egypt. As a result of the negotiations, theн agrees to transfer the University to the religious administration and to complete the second phase of the construction.

Thus, the «Nur-Mubarak Egyptian Islamic Culture» University was opened and operating under the agreement between the Arab Republic of Kazakhstan and Egypt.The agreement was ratified in the Parliament of the Republic of Kazakhstan and entered into legal force after it was approved by the decree of the President N.A.Nazarbayev № 460-11, dated July 2, 2003. The agreement was approved by the Order of the President of the Egypt and Arab Republic, Mohammed Hosni Mubarak in 2003 by Order № 215. The educational institution was licensed by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan and had passed the state certification.





■ «Нұр-Мүбәрак» Египет Ислам мәдениеті университеті.

■ Египетский университет Исламской культуры «Нур-Мубарак».

■ The «Nur-Mubarak» Egyptian Islamic Culture University.













# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИМАМДАРДЫҢ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ ИСЛАМ ИНСТИТУТЫ

# РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ИСЛАМСКИЙ ИНСТИТУТ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ ИМАМОВ

# ISLAMIC INSTITUTE FOR IMPROVING THE KNOWLEDGE OF THE IMAMS OF THE REPUBLIC

Қазақстан Республикасы имамдарының білімін жетілдіру ислам институты Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бастамасымен және Ислам даму банкінің қаржылық қолдауымен ашылған. 2002 жылы 10 сәуірде Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігінде № 4741900 ДБ тіркеу нөмірі бойынша «Жоғары мамандық беретін білім мекемесі» ретінде тіркелген. 2012 жылы 7 желтоқсанда Алматы қаласы Әділет департаментінде № 114532 МЕ тіркеу нөмірі бойынша жеке мекеме ретінде қайта тіркеуден өткен. Институттың алғашқы директоры болып Алсабеков Мухаммад-Хусайн тағайындалған болатын.

Республиканский институт повышения квалификации имамов был открыт по решению ДУМК и при финансовой поддержке Исламского банка развития. Институт зарегистрирован 10 апреля 2002 года в МЮ РК за номеров №4741900 ДБ как «высшее учебное учреждение». 7 декабря 2012 года перерегистрирован в Департаменте юстиции города Алматы за номером №114532 МЕ. Первым директором института был назначен Алсабеков Мухаммад-Ху сайн.

The Islamic Institute for improving the knowledge of the Imams' of the Republic of Kazakhstan was established on the initiative of the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan and with the financial support of the Islamic Development Bank. It was registered as the «Higher Education Institution», on April 10, 2002, in the Ministry of Justice of the Republic of Kazakhstan, by the registration number DB4741900.On December 7, 2012, it was re-registered as a private institution in the Department of Justice of Almaty by the registration number 114532 ME. Alsabekov Mohammad-Hussein was the first who was appointed as the director of the Institute.



■ Мұхаммед-Хусейн Хаджи Жоғары Ислам институтының алғашқы оқушылары мен мұғалімі Забибулла Иминовпен (сол жақта) және Меркина медресесінің директоры Зулкарнайн Тиловпен, Алматы, 1990 жыл.

■ Первые ученики института Мұхаммед-Хусейн Хаджи Высшего Ислама с учителем Забибулла Иминовым (с левой стороны) и директором медресе Меркина Зулкарнайн Тиловым, Алматы, 1990 год.

■ First students of the Higher Islamic Institute named after Mohammed-Hussein Khaji with their teacher Zabibulla Iminov(on the left), and Zulkarnin Tilov, director of the medrese in Merken, Almaty, 1990.

Қарағанды облысы, Балқаш қаласында дүниеге келген. Орта мектепті және Қазақ ауыл шаруашылық институтын Алматы қаласында тәмамдаған.

Шейх Алсабеков Мухаммад Хусайн 1970-1980 аралығында сол кездердегі Орта Азиядағы көрнекті ислам ғалымдарынан дәріс алған. Сонымен қатар ол діни білімін жетілдіру мақсатында Сирия және Пәкістан мемлекеттерінде халықаралық  ислам университеттерінен шариғат және араб тілі факультетін бітірген. Ол 1985 жылы 25 жасында Алматы қаласы орталық мешітіне Бас имам болып тағайындалды.

Шейх М.Х. Алсабеков ҚМДБ-н алғаш  құрған қайраткерлердің бірі. Ол көптеген орта және жоғары діни білім оқу орындарына арналған діни оқу-әдістемелік құралдарының және көптеген діни кітаптардың авторы.

Родился в городе Балхаш Карагандинской области. Среднюю школу и институт казахского сельского хозяйства окончил в городе Алматы.

Шейх Алсабеков Мухаммад Хусайн 1970-1980 годах получал лекций от выдающихся ученых ислама Средней Азии того времени.

Вместе с тем он в целях совершенствования религиозного образования, окончил факультет шарията и арабского языка международных университетов ислама в государствах Сирии и Пакистана. Он в 1985 году в 25 лет был назначен Главным имамом Алматинской городской центральной мечети.

Шейх М.Х. Алсабеков один из первых деятелей, создавший ДУМК-на. Он автор многих религиозных учебно-методических пособии для средних и высших религиозно-учебных заведении и многих религиозных книг.



He was born in Balkhash town, Karaganda region. He graduated from secondary school and Kazakh Agricultural Institute in Almaty.

From 1970 to 1980 Sheikh Alsabekov Mohammad Hussein studied at well-known Islamic scholars of Central Asia at that time. He also graduated from Islamic and International Islamic Studies at the Faculty of Arabic Studies in Syria and Pakistan in order to improve his religious education. In 1985, at the age of 25, he was appointed as the Chief Imam of the Almaty Central Mosque.

Sheikh M.Kh. Alsabekov is one of the first founders of the DUSB. He is the author of many religious and educational materials for many secondary and high religious education institutions and many religious books.






■ Институт директоры Кенжеәлі Мырзабаев.

■ Директор института Кенжеали Мырзабаев.

■ Director of the Institute Kenzhealy Myrzabayev.

Институттың негізгі мақсаты еліміздегі дін саласында қызмет атқарып жүрген имамдардың білімін жетілдіру болып табылады. Тыңдаушылардың білімін жетілдіру мерзімі төрт айға созылатын курстар бойынша жүргізіледі. Курстар жылына екі рет қыркүйек – қаңтар, қаңтар – мамыр айлары аралығында өтеді. Оқу үдерісі институт басшысы бекітіп, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен келісілген оқу жоспары негізінде жүргізіледі. Институтта компьютер аудиториялары, оқу талабына сай діни әдебиеттер жинақталған кітапхана, 80 адамдық намазхана және асхана бар.

Институт ашылғалы 19 топ құрамында 812 тыңдаушы курсты бітіріп шыққан. Тыңдаушылар ҚМДБ құрамындағы мешіттердің қызметкерлері болып табылады, олар республиканың барлық аймағындағы облыс имамдарының жолдамасымен жіберіледі. Институттағы оқу мерзімі – төрт ай. Пәндер қазақ және араб тілінде оқытылады. Институтта ғылым докторлары, кандидаттар мен жоғарғы білімді ұстаздар дәріс береді.

Основная цель института - это повышение квалификации религиозных служащих. Повышение квалификации слушателей ведется на четырехмесячных курсах. Курсы проводятся два раза в год: с сентября по январь и с января по май. Учебный процесс утверждает руководитель института, а программа обучения проводится в соответствии с решениями ДУМ Казахстана. В институте имеются аудитории, оснащенные комьютерной техникой, библиотеки с религиозной литературой в соответствии с программой обучения, молельня на 80 человек и столовая. С момента открытия интститута были проведены 19 курсов, которые насчитывали 812 слушателей. Все посетители курсов являются священнослужителями при мечетях, которые были направлены на обучение по заявкам областных имамов. Срок обучения - 4 месяца. Обучение по предметам проводится на казахском и арабском языках. Здесь преподают доктора и кандидаты наук, а также высокообразованные учителя.

The main aim of the Institute is to improve the knowledge of the imams of the country. The courses lasts up to four months. Courses are held twice a year from September to January, January and May. The educational process is based on the curriculum approved by the head of the Institute and coordinated with the Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan. The institute includes computer audiences, a library with religious literature according to the requirement, 80-person prayer hall and dining room.

After establishment, 812 graduates from 19 groups have completed the course. The trainees are employees of mosques within the RAMK, which are sent to the imams of the region in all regions of the republic. The term of study at the Institute is four months. The disciplines are taught in Kazakh and Arabic languages. The Institute provides doctors, candidates and teachers of higher education.



| ОҚЫТЫЛАТЫН ПӘНДЕР: | ПРЕДМЕТЫ: | DISCIPLINES: |
|---|---|---|
| 1. Фиқһ | 1.Фикх | 1.Fiqh |
| 2. Хадис | 2.Хадис | 2. Hadith |
| 3. Құран Кәрім және оның ілімдері | 3.Коран Карим и его учения | 3.Qurani-Kerim and its teachings |
| 4. Тәпсір | 4.Тафсир | 4. Tafsir |
| 5. Қазақстан тарихы | 5.История Казахстана | 5. History of Kazakhstan |
| 6. Ислам тарихы | 6.История ислама | 6. History of Islam |
| 7. Араб тілі | 7.Арабский язык | 7. Arabic language |
| 8. Қазақ тілі | 8.Казахский язык | 8. Kazakh language |
| 9. Ислам пәлсапасы | 9. Философия ислама | 9. The Islamic Philosophy |
| 10. Араб тілінің синтаксисі | 10.Синтаксис арабского языка | 10. Arabic syntax |
| 11. Тәжуид (Құран оқу ережелері). | 11.Таджуид (правила чтения Корана) | 11. Tajwid (rules of the Qur'an). |








ҚАЗАҚСТАН
ИМАМДАРДЫҢ
ИСЛАМ

# ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫНЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС VII ҚҰРЫЛТАЙЫ

# VII ВНЕОЧЕРЕДНОЙ СЪЕЗД МУСУЛЬМАН КАЗАХСТАН

# THE VII EXTRAORDINARY CONGRESS OF MUSLIMS OF KAZAKHSTAN




2013 жылдың 19-ақпан күні Астана қаласындағы Назарбаев орталығында Қазақстан мұсылмандарының кезектен тыс VII құрылтайы болып өтті. ҚМДБ-ның төралқа мүшелері, аппарат қызметкерлері, облыстар мен өңірлердегі өкіл имамдары, ақылдастар алқасы, Ғұламалар кеңесінің мүшелері, дінтанушылар, зиялы қауым өкілдері, бас-аяғы 170-тен астам делегат қатысқан алқалы жиында атқарылған шараларға шолу жасалып, қазақ елінің жаңа бас мүфтиі сайланды.

Бұған дейін 14-ақпан күні Қазақстан мұсылмандарының кеңейтілген Төралқа мәжілісі өткен болатын. Сол мәжілісте ҚМДБ діни басқармасы мен Орта Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы, Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі өзінің дін қызметін қойып, бірыңғай ғылыми жұмыспен айналыспақ ойын ортаға салған еді.

Құрылтай қасиетті Құран аяттарымен басталып, Бас мүфти батасымен ашылды. ҚР Дін істері агенттігінің төрағасы Қайрат Лама Шариф еліміздегі дін саласында алда атқарылар іс-шаралар жоспарымен таныстыра келе, құрылтай жұмысына сәттілік тіледі. Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәліге осы уақытқа дейін дінбасылық қызметі жолында атқарған іргелі істері үшін арнайы алғысын білдірді.

19 февраля 2013 года в городе Астана в Назарбаев Центре прошел VII внеочередной съезд мусульман Казахстана. На нем присутствовало более 170 делегатов, среди них: члены и работники аппарата ДУМК, областные и районные имамы, члены совещательного совета, члены совета улемов, религиоведы, представители интеллектуального общества. В ходе съезда были обсуждены все проведенные мероприятия и вопрос назначания главного муфтия Казахстана.

До начала работы съезда 14 февраля было проведено заседание расширенного бюро на котором Абсаттар кажы Дербисали заявил о приостановке своей религиозно-общественной деятельности в пользу научной работой. Съезд начался с произнесения аятов священного Корана и благословения главного муфтия. С пожеланиями успеха работе съезда выступил председатель Агенства по делам религий Кайрат Лама Шариф, который участников с работой и дальнейшими планами агенства. Глава агентства выразил благодарность Абсаттар кажы Дербисали за плодотворную религиозную работу на посту верховного муфтия.

On February 19, 2013 at the Nazarbayev Center in Astana the VII Extraordinary Congress of Muslims of Kazakhstan took place. The new chief mufti of the Kazakh people was elected with the participation of the members of the Presidium of the RAMK, members of the staff, representatives of the imams of each regions, Board of Trustees, Members of the Scientific Council, religious scholars, representatives of intelligentsia, more than 170 delegates from all over the country.

Earlier, on 14 February, an enlarged meeting of the Muslims of Kazakhstan was held. At the same meeting, Supreme Mufti Absattar Haji Derbisali, the chairman of the RAMK and the Council of Muftis of Central Asia, announced his idea of leaving his religious position and towork on the scientific work.

The congress began with the verses of the Holy Quran and was unveiled by the Supreme Mufti. The Chairman of the Agency for Religious Affairs of the Republic of Kazakhstan Kairat Lama Sharif wished success to the founding staff, familiarizing them with the plan of action in the field of religion. The Supreme Mufti thanked Absattar Haji Derbisali for his religious activities.




В ходе работы съезда имамом Серикбай Оразом, делегатом из Костанайской области, была предложена кандидатура имама Ержана Маямерова, делегата из Семипалатинской области, на пост главного муфтия Казахстана. Присутствующие на съезде делегаты единогласно поддержали кандидатуру Ержана Малгажиулы Маямерова на пост верховного муфтия ДУМК. Осозная ответственность на предстоящей работы Ержан Малгажиулы заявил: «Служение религии требует особой ответственности. Учитывая мои знания и опыт мусульмане Семипалатинской области дали наказ внести непосильный вклад в духовное развитие, единство народа. С этим наказом я обучался несколько лет в Египте. После повышения знаний с этой мыслью поделился с главным муфтием и он меня поддержал. Призываю вас всех к одной цели, единству и благоденствию народа, пропаганде религии. Да будет на то воля Аллаха».

The representative of the RAMK of the Kostanai region imam Serikbay Oraz nominated the candidacy of the Yerzhan Mayamerov, the imam of the Semipalatinsk region and a member of the RAMK, to the position of the chief mufti. The members of the congress unanimously made a decision, and Yerzhan Malgazhyuly Mayamerov has been appointed as a chairman of the RAMK. The chief Imam of Semipalatinsk region Yerzhan Malgazhyulii, who was in charge of the new service, and showed his delight saying: «The service to the religion requires more responsibility. The elders of the Semipalatinsk region, taking into account my knowledge and experience, have entrusted the spiritual development of this region, they entrusted me to contribute to the unity and solidarity of the country. In this regard, I have been studying in Egypt for some years. After, improving my knowledge, I conveyed this idea to the chief mufti. He accepted this motive and agreed. May Allah be pleased with the Supreme Mufti. I invite all of you, your clergy, imam-mullahs to work together for the same purpose, for the good of the country, for the sake of religion. May Allah be pleased with you all».

Құрылтай аясында ҚМДБ-ның Қостанай облысындағы өкіл имамы Серікбай Ораз делегация мүшелеріне ҚМДБ-ның Семей облысы бойынша өкіл имамы Ержан Маямеровты Бас мүфти лауазымына үміткер ретінде ұсыныс жасады. Ұтымды ұсынысқа құрылтайға жиналғандар бірауыздан қолдау білдіріп, Ержан Малғажыұлы Маямеров Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағалығына тағайындалды. Сауабы мен жауабы орасан жаңа қызмет тізгінін ұстағалы тұрған Семей аймағының бас имамы Ержан Малғажыұлы мінберге шығып: «Дінге қызмет аса жауапкершілікті талап етеді. Семей өңірінің ақсақалдары білімім мен тәжірибемді ескеріп, осы аймақтың рухани дамуына, елдің бірлігі мен ынтымағына үлес қосуды аманат еткен еді. Осы аманатты арқалап, Мысыр елінде біраз жыл білім алдым. Ілімімді жетілдіріп келген соң, бұл ойымды Дінбасына жеткіздім. Ол кісі бұл ниетімді құп алып, келісімін берді. Бас мүфтиге Алла разы болсын.

Баршаңызды, дін қызметкерлерін, имам-молдаларды бір мақсатқа, елдің игілігі мен ынтымағына, дін насихатына жұмыла жұмыс істеуге шақырамын. Алла баршаңызға разы болсын!» – деп қуанышын жеткізді.



Құрылтай аясында жаңа муфти Ержан қажы Малғажыұлының орынбасарлары, наиб муфти лауазымына «Әзірет Сұлтан» мешітінің Бас имамы Қайрат Жолдыбайұлы мен ҚМДБ-ның Қостанай облысы бойынша өкіл имамы Серікбай Оразды ұсынылды. Делегация мүшелері бұл ұсынысқа бірауыздан қолдау білдіріп, дауыс беру нәтижесінде сайланды. Ал, Мұхаммед Хусейн Алсабеков қоғамдық негізде наиб мүфти қызметін атқаратын болып шешілді.

Были также назначены заместители главного муфтия. На должность наиб-муфтия были предложены и единогласно утверждены кандидатуры главного имама мечети «Хазрет Султан» Кайрата Жолдыбайулы и имама Серикбай Ораза. Мухаммед Хусейн Алсабеков был назначен наиб-муфтием на общественных началах. Таким образом, на съезде мусульман Казахстана произошли исторические события и была принята соответствующая декларация.

The imam of the «Hazret Sultan» mosque Kayrat Zholdybayevich and the imam of the mosque and member of the RAMK of Kostanay region Serikbay Oraz were nominated to the position of deputies of the new naif mufti Erzhan Haji Malgazhyuly. They were elected on unanimous voting, by the members of the delegation. Mohammed Hussein Alsabekov, on the public basis, has been appointed as a naif mufti.







«Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің кезектен тыс VII құрылтайында осындай тарихи оқиғалар орын алып, Құрылтай Қаулысы қабылданды. Аталмыш қаулыны қатысушыларға Қазақстан қажылары қауымдастығының төрағасы Еркін қажы Дуанаев таныстырды:

I. «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің төрағасы, Бас мүфти шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің 2000-2013 жылдары арасындағы атқарған жұмыстарының Есебі қанағаттанарлық деп бағаланып, құрылтай атынан алғыс жариялансын;

II. «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің төрағасы, Бас мүфти шейх Әбсаттар қажы Дербісәлінің ғылыми-педагогикалық қызметке ауысуына байланысты Бас мүфти қызметінен босату туралы өтініші қанағаттандырылсын;

III. «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің төрағасы, Бас мүфти қызметіне Шығыс Қазақстан облысы, Семей аймағының Бас имамы Ержан Маямеров сайлансын;

IV. «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы» республикалық ислами діни бірлестігінің Жарғысына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, Әділет министрлігінен қайта тіркеуден өткізу ұсынылсын».

Декларацию съезда до присутствующих делегатов довел председатель общества «Поломники Казахстана» Еркин кажы Дуанаев:

I. Считать отчет председателя ДУМК, главного муфтия шейха Абсаттар кажы Дербисали в период с 2000 по 2013 годы удовлетворительным и от имени съезда объявить благодарность;

II. Удовлетворить заявление председателя ДУМК главного муфтия Абсаттар кажы Дербисали об освобождении от должности главного муфтия в связи с переходом на научно-педагогическую деятельность;

III. Назначить председателем ДУМК, главным муфтием главного имама Семипалатинского региона ВКО;

IV. Внести измения и дополнения в устав ДУМК и перегистрировать в МЮ РК.

Such historical events took place at the extraordinary VII congress of the Republican Islamic Religious Association «The religious association of the Muslims of the Kazakhstan» and has adopted the Constituent Decree. The chairman of the Association of Hajiof Kazakhstan Erkin Haji Duanayev presented the given decision to the participants:

I. To evaluate the work of the chairman of the republican Islamic religious association «RAMK», and the supreme mufti Sheikh Absattar Haji, for his service from 2000-2013 as satisfactory and to declare gratitude from the members of the congress;

II. To satisfy the request of the chairman of the republican Islamic religious association «RAMK», and the supreme mufti Sheikh Absattar Haji to dismiss from the position of the Supreme Mufti in connection with the transfer to the scientific and pedagogical service;

III. To elect the Chief Imam of Semipalatinsk region Yerzhan Mayamerov, to the position of the chairman of the republican Islamic religious association «RAMK», and to the position of supreme mufti;

IV. To introduce amendments and additions according to the regulations set by the republican Islam religious association «RAMK».





# Ержан қажы Малғажыұлы

1972 жылы 16-желтоқсанда Алматы қаласында дүниеге келген. 1990 жылы Шығыс Қазақстан облысының Маканшы ауылындағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектепті тәмамдаған. 1991-1992 жылдары Отан алдындағы әскери борышын өтеп келген соң сол жылы Мысырдағы әлем мұсылмандарына әйгілі «Әл-Азһар» Ислам университетінің шариғат және заң факультетіне оқуға қабылданады. Айтулы білім ордасын 2006 жылы тәмамдаған ол тағы екі жыл Мысыр елі мүфтиятының пәтуа шығару бөлімінде білімін жалғастырады.

2008 жылы елге оралған Ержан Маямеров Семей қалалық «Доланбай ата» мешітінің бас имамы қызметіне кіріседі. Ал, 2011 жылдың 10-қазанынан бастап Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Семей өңірі бойынша өкіл имамы қызметіне бекітіледі. Өкіл имам қызметін 2013 жылға дейін абыроймен атқарған Ержан қажы Малғажұлы 2013 жылдың 19-ақпанында Қазақстан мұсылмандарының кезектен тыс өткен VII құрылтайында бірауыздан Бас мүфти лауазымына сайланады.



■ Алматы Орталық мешіт жамағатына Әбсаттар қажы Дербісәлі жаңа мүфти Ержан қажы Малғажыұлын таныстыру үстінде.

■ Абсаттар кажы Дербисали знакомит с жамагатом Центральной мечети города Алматы нового муфтия, Ержана кажы Малгажыулы.

■ The Absattar kazhy Derbisali is introducing new mufti Yerzhan kazhy Malgazhyuly to the community of the Central mosque in Almaty.

Ержан кажы Малгажыулы родился 16 декабря 1972 года в городе Алматы. В 1990 году окончил среднюю школу имени Гани Муратбаева в селе Маканшы Восточно-Казахстанской области. В 1991-1992 годах служил в вооруженных силах Казахстана. Обучался на факультете шариата и закона всемирно известного исламского университета Аль-Азхар в Египте. После окончания вуза в 2006 году еще два года обучался в отделе фетв Египетском муфтията. В 2008 году возвратившись на родину Ержан Маямеров приступает исполнять обязанности главного имама мечети «Доланбай ата» в городе Семей. 10 октября 2011 года назначается на должность главного имама Семейского региона ДУМК. Проработав в Семейсокм регионе несколько лет, 19 февраля 2013 года во время внеочередного VII съезда ДУМК избирается верховным муфтием Казахстана.

Almaty. In 1990 he graduated from secondary school named after Gani Muratbayev in Makanshi village of the East Kazakhstan region. After serving his military service in the years 1991-1992, he was admitted to the Shariah and Law Faculty of the famous Muslim Al-Azhar Islamic University in Egypt. After graduating from the High School in 2006, he continued his education in the «fatwa» section of Egypt for two more years.

The Yerzhan Mayamerov, who returned to the country in 2008, started working as the chief imam of Semipalatinsk city's «Dolanbai Ata» mosque. On October 10, 2011, he was appointed as the Imam of the RAMK of the Semipalatinsk region. The Yerzhan haji Malgazhyuly, who held the office of Imam in 2013, was elected unanimously as Supreme Mufti at the 7th congress extraordinary congress of Muslims of Kazakhstan on 19 February 2013.



■ Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлының Алматы Орталық мешітіндегі алғашқы жұма уағызы.

■ Первая пятничная проповедь главного муфтия в Центральной мечети города Алматы Ержана кажы Малгажыулы.

■ The first Friday preaching of the main mufti Yerzhan kazhy Malgazhyuly in the Almaty Central Mosque.

■ Еуразиялық Ислам ұйымының IX саммитінде.

■ На IX саммите Евразийской Исламской организации.

■ At the IX summit of the Eurasian Islamic organization.







■ Орталық Азия Ғұламаларының форумы.

■ Форум Улемов Центральной Азии.

■ The Forum of the Central Asian scientists.

■ Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезді хатшылығының XII отырысы

■ XII собрание секретариата съезда лидеров мировых и традиционных религий.

■ The XII session of the Secretariat of the Congress of Leaders of World and Traditional Religions.



■ V съезд лидеров мировых
и традиционных религий.

■ Әлемдік және дәстүрлі дін
көшбасшыларының V съезі

■ The V Congress of Leaders of
World and Traditional Religions.

















■ Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының V съезі

■ V съезд лидеров мировых и традиционных религий.

■ The V Congress of Leaders of World and Traditional Religions.



■ Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезді хатшылығының XIV отырысы

■ XIV собрание секретариата съезда лидеров мировых и традиционных религий.

■ The XIV session of the Secretariat of the Congress of Leaders of World and Traditional Religions.





■ Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың қабылдауында.

■ На приеме у Н. А. Назарбаева.

■ At the reception at N. A. Nazarbayev.



# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИМАМДАР ФОРУМЫ
# РЕСПУБЛИКАНСКИЙ ФОРУМ ИМАМОВ
# THE REPUBLICAN IMAMS FORUM

2015 жылдың 19-ақпаны еліміздің руханиятында тарихи күн болып саналары сөзсіз. Дәл осы Елорда төріндегі «Бейбітшілік пен Келісім» сарайында ҚМДБ-ның ұйымдастыруымен тұңғыш рет Республикалық имамдар форумы болып өткен еді. «Ислам – бейбітшілік пен келісім діні» тақырыбында өткен форум аясында еліміздің түкпір-түкпірінен келген 500-ге жуық дін қызметкерлері, ҚМДБ Ғұламалар Кеңесінің мүшелері, елімізге танымал дін ғалымдары бас қосты. Сонымен қатар, форумның қонағы ретінде ҚР Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, бірнеше шет мемлекеттердің исламдық діни ұйымдарының басшылары, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қазақстан Православ шіркеуі, Рим-Католиктік шіркеуі өкілдері және қоғам қайраткерлері қатысты.

Еліміз бен дініміздің ертеңін межелеп, діни басқарма жұмысының даму бағытын айқындай түскен алқалы жиынға қатысушыларға Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев арнайы құттықтау лебізін жолдап, «форум отандық мүфтият қызметіне тың серпіліс беріп, дін саласындағы түйткілді мәселелерді шешудегі имамдардың рөлін арттыруға себін тигізеді деген сенімін» білдірген еді.

19 февраля 2015 года стал историческим днем в духовной жизни нашего народа. В Астане во дворце «Мира и Согласия» прошел первый республиканский форум имамов. Для участия в нем под эгидой «Ислам- религия мира и согласия» со всех уголков страны прибыли около 500 священнослужителей, члены Совета ученых ДУМК, известные ученые. Также были приглашены в качестве гостей депутаты Парламента Казахстана, руководители некоторых иностранных исламских организации, АНК, православные церкви Казахстана, Римско-Католической церкви, а также общественные деятели страны.

В приветственном слове в своем письме участникам форума Президент РК Назарбаев выразил надежду, что форум даст импульс активизации деятельности муфтията и усилит роль имамов в решении актуальных проблем религиозной сферы.

There is no doubt that the February 19, 2015, will be considered as a historic day in the spirituality of the country.This is the first time the republican imams' forum was held in the «Palace of Peace» in Astana, organized by the Religious Administration of the Muslims. More than 500 clergymen from all over the country, members of the Council of the Spiritual Board of Muslims of the Republic of Kazakhstan, and well-known religious scholars from all over the country took part in the forum under the title «Islam - the religion of peace and harmony». The guests of the forum were Senate and Majilis deputies, heads of several Islamic religious organizations, representatives of the Assembly of People of Kazakhstan, the Orthodox Church of Kazakhstan, the Roman Catholic Church and public figures.

The president of the Kazakhstan N.A.Nazarbayev sends his greetings to the participants of the meeting who forecast the future of the country and religion and determined the direction of development of the board, believing that «The forum will help in the breakthrough of the work of the local mufti and will help to increase the role of imams in solving existing problems in the sphere of religion».






■ I Республикалық имамдар форумы.

■ I республиканский форум имамов.

■ The 1st Republican Forum of Imams.



Форум аясында ҚМДБ қызметін жетілдіру мақсатында әзірленген «Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасы», «ҚМДБ қызметкерінің этикасы», «Имамның тұлғалық келбеті», «Мұсылманның тұлғалық бейнесі» атты төрт құжат таныстырылып, қатысушылардың қарсылығынсыз бірауыздан қабылданды. Аталмыш құжаттар жайында ой қорытқан Бас мүфти Ержан қажы Малғажыұлы: «Діни басқарманың тарихында тасқа таңба басқандай болып қалатын осынау тарихи күн – XXI ғасырдың имамын, еліміздегі дін исламды жаңа белеске жетелейтін болады», – деген үкілі үмітін жеткізді.

По итогом форума были приняты документы: «Платформа мусульман Казахстана», «Этика служащего ДУМК» и наставления: «Личностный образ имама», «Личностный облик мусульманина». По итогам этих документов верховный муфтий Ержан кажы Малгажыулы выразил надежду, что этот исторический день будет началом укрепления духовных ценностей нашего народа, направленный к достижениям новых высот в XXI веке. На основе этих документов улучшится добропорядочность и просвещенность мусульманина. Исправится личностный образ, повысятся знания и квалификация священнослужителей.

During the forum, four documents were presented and unanimously adopted by the participants of the forum, which were developed to improve the RAMK's activities: «The platform of the Muslims of Kazakhstan», «Ethics of the employee of the RAMK», «The Imam's personal appearance» and «A personal image of a Muslim». The Supreme Mufti Yerzhan Haji Malgazhyuly rendered his believes saying: «This historic day will remain in the history of the religious administration, and which will lead the imam and the Islamic religion of the 21st century to a new dimension».



■ І Республикалық имамдар форумы.

■ І республиканский форум имамов.

■ The 1st Republican Forum of Imams.







■ Тұңғыш имамдар форумына арнайы шақырылған көршілес мемлекет дінбасылары.

■ Религиозные лидеры соседних государств, приглашенные на первый форум имамов.

■ The religious leaders of the neighboring countries that were invited to the First Imam Forum.



Аталмыш құжаттар негізінде еліміздің дін саласындағы қызметкерлердің тұлғалық келбеті түзіліп, әдебі мен мәнері үйлескен, білімі мен біліктілігі жарасқан, заман талабына сай зайырлы білімі де терең мамандар идеалы қалыптасқан болатын. «Ұстазы мықтының ұстамы мықты» болатынын анық аңғарған ҚМДБ-ның ұйымдастыруымен өткен II Республикалық имамдар форумында да осы бағыттағы олқылықтар орнына келтіріліп, бірқатар бастамалар көтерілді.

На II Республиканском форуме болезненные вопросы не остались в стороне. Учитывая процесс повышения работы ДУМК на новый уровень на II Республиканском форуме имамов были рассмотрены два исторических документа, которые получили одобрение всех присутствующих.

On the basis of these documents, the ideal personality of the country's religious workers was drawn up, ethics and style were harmonized, knowledge and skills were improved, and ideal experts with a profound knowledge of secular education of the present were formed. The second Republican Imam Forum, organized by the Religious Directorate of Muslims of the Republic of Kazakhstan, has clearly understand that «having a good teacher, means having a good endurance» in this regard the gaps in this direction have been replaced and a number of initiatives have been raised.







■ Дін істері және азаматтық қоғам министрі Нұрлан Ермекбаев.

■ Министр по делам религии и гражданского общества Нурлан Ермекбаев.

■ The Minister of Religious Affairs and Civil Society Nurlan Yermekbayev.

Атап айтқанда, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жұмыс үдерісін жаңа белестерге көтерген бұл тарихи құжаттардың заңды жалғасы ретінде II Республикалық имамдар форумында екі бірдей тарихи құжат талқыланып, қатысушылардың бірауыздан мақұлдауына ие болды. ҚМДБ-ның наиб мүфтиі, «Әзірет Сұлтан» мешітінің бас имамы Серікбай қажы Ораз «Үздік зияткер имам» тұжырымдамасын таныстырып, бірегей құжаттың берер пайдасы мен тигізер көмегі жайында кеңінен түсіндіріп өтті. Ел аумағындағы мешіттерде діни білімі мен біліктілігі жоғары, жасампаз, діни мәселелерді үйлестіруді шебер меңгерген үлгілі, іскер, ағартушы мамандар қалыптастыруға негізгі тірек болатын құжат жайында өзге де қонақтар оң пікірлерін білдіріп, форум жұмысына ниеттестіктерін жеткізді. «Үздік зияткер имам» тұжырымдамасы дін саласындағы қызметкерлердің мансаптық тағайындауларына тың тәртіп енгізетін болмақ.

О полезности и оказании помощи с концепцией: «Лучший интелектуальный имам» выступил главный имам мечети «Хазрет Султан» и наиб-муфтий ДУМК Серикбай кажы Ораз. Также свои мнения выразили и гости форума о специалистах с высокими религиозными знаниями и высокой квалификацией, умеющие разъяснять различные религиозные вопросы, основанием которого является данный документ. Упомянутый документ станет основным требованием для карьерного роста религиозных служителей. Следующий документ принятый на II Республиканском форуме имамов - это документ уточняющий основные принципы деятельности ДУМК «Традиционный ислам - мазхаб Абу Ханафи и школа веры Матуриди».

Основная цель принятия этих документов - формирование образованных, опытных, освоивших несколько профессий имамов, и пропаганда среди населения, особенно среди молодежи, нашего традиционного ханафитского мазхаба.

In particular, as a legitimate continuation of these historical documents, which brought the work of the RAMK to a new level, two historical documents were discussed and unanimously approved by the participants, at the II Forum of Imams. Naib mufti of the RAMK, chief imam of the mosque «Hazret Sultan», Serikbay Haji Oraz presented the concept of «The best intellectual imam» and explained the benefits of the unique document. Guests expressed their positive opinions about the document and expressed their loyalty to the work of the forum, which is the basis of the formation of exemplary, enlightening specialists, in the mosques on the territory of the country, who have mastered religious knowledge and competence. The concept of «the best intellectual imam» will introduce a new discipline to career appointments in the field of religion.




■ II Республикалық имамдар форумы.

■ II республиканский форум имамов.

■ The II Republican Forum of Imams.

ІІ Республикалық имамдар форумында қабылданған келесі құжат – Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұстанымын айқындайтын «Ханафи мәзһабы мен Матуриди сенім мектебі – Қазақстандағы Исламның дәстүрлі жолы». Бұл құжаттарды қабылдаудағы негізгі мақсат – бүгінгі ХХІ ғасыр талабына жауап беретін білімді, тәжірибелі, бірнеше мамандықты меңгерген білімі жан-жақты имамдар тобын қалыптастыру, сонымен қатар дәстүрлі мәзһабымыз – Әбу Ханифа мәзһабын жалпы халық арасында, әсіресе, жастар арасында көбірек насихаттау болып табылады.

The second document, adopted by the II Forum of Imams, is under the title «Hanafi madhhab and Maturidi School of Faith is a traditional way of Islam in Kazakhstan», which defines the position of the RAMK. The main purpose of these documents is to form a comprehensive group of imams, who have knowledge, experience, who have mastered several specialties, who have knowledge and skills that meet the needs of the 21st century, as well as to propagandize the traditional madhhab - the Abu Hanifah madhhab among the general population, especially among the youth.



■ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИМАМДАР ФОРУМЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР – «ӘЗІРЕТ СҰЛТАН» МЕШІТІНДЕ

■ УЧАСТНИКИ РЕСПУБЛИКАНСКОГО ФОРУМА ИМАМОВ - В МЕЧЕТЕ «ХАЗРЕТ СУЛТАН»

■ THE PARTICIPANTS OF THE STATE IMAMS FORUM - IN THE MOSQUE «HAZRET SULTAN»

## 2015







## 2017







# ЖАҢА МУФТИ ЖӘНЕ ТЫҢ БЕЛЕСТЕР

# НОВЫЙ МУФТИЙ И НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ

# NEW MUFTI AND NEW HORIZONS

2017 жылы Қазақстан мұсылмандарының кезекті VIII құрылтайында Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти лауазымына Серікбай қажы Ораз сайланды.

Ол 1975 жылы 12 сәуірде дүниеге келген. 1990-1992 жылдары Ташкент қаласында қарилар дайындайтын медресені тәмамдады. 1992-1994 жылдары Мысырдағы әл-Азһар университетінде оқып, 1995-1996 жылдары Исламабад Әлемдік университетінде білім алды. 2012-2014 жылдары М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университетінің «Менеджмент» мамандығы бойынша магистратурасын бітірді. Ал 2014-2016 жылдары «Нұр Мүб□рак» университетінің Исламтану мамандығы бойынша магистрі академиялық дәрежесін алды.

На очередном VIII курултае мусульман Казахстана в 2017 году председателем Духовного управления мусульман Казахстана и Верховным муфтием избран Серикбай кажы Ораз.

Родился 12 апреля 1975 года. В 1990-1992 г. окончил медресе по подготовке чтецов Корана в Ташкенте. В 1992-1994 г. обучался в египетском университете аль-Азхар, а в 1995-1996 г. получил знания в Мировом университете Исламабада. В 2012-2014 г. окончил магистратуру по специальности «Менеджмент» Костанайского инженерно-экономического университета им. М.Дулати. В 2014-2016 г. обучался по специальности «Исламоведение» в Египетском университете исламской культуры «Нур-Мубарак» и получил академическую степень магистра.

Serikbay Khazhy Oraz was elected the chairman of the Spiritual Board of Muslims of Kazakhstan and the Supreme Mufti at the 8th Kurultai of Muslims of Kazakhstan in 2017.

He was born on April 12, 1975. In 1990-1992 he graduated from the madrassa for the preparation of the Qur’an reciters in Tashkent. In 1992-1994, he studied at the Egyptian University of Al-Azhar and in he received his knowledge at the World University of Islamabad in 1995-96. In 2012-2014, he accomplished his Master’s Degree in Management at the Kostanay Engineering and Economic University named after. M. Dulati. In 2014-2016, he was enrolled at the faculty of «Islamic Studies» at the Egyptian University of Islamic Culture «Nur-Mubarak» in Almaty and received a Master’s Degree.






VIII
ҚҰРЫЛТАЙЫ



Серікбай қажы Сатыбалдыұлының діни саладағы жұмысы Алматы Орталық мешітінің наиб имамы қызметінен басталған. Кейін Ислам институтының ұстазы, ректоры, ҚМДБ-ның Ақмола облысы бойынша өкіл имамы, Алматы қаласы әкімшілігінің діни істер бөлімінің сектор меңгерушісі, ҚР Президенті Іс басқармасында дирекция директоры қызметін атқарды.

Ол Қазақстанның тұңғыш муфтиі Рәтбек қажы Нысанбайұлының, одан кейінгі мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлінің, мүфти Ержан қажы Малғажыұлының орынбасары, наиб мүфти қызметін атқарды. 2013 жылы «Әзірет Сұлтан» мешітінің Бас имамы болып бекітілді.

Серікбай қажы Сатыбалдыұлы лауазымды қызмет барысында ҚМДБ-ның жалпы жұмысындағы негізгі төрт бағытты (көркем уағыз, оқу-ағарту, жат ағыммен жұмыс, қайырымдылық) бекітіп, аталған бағыттарға басымдық берді. Қазақстандағы бірыңғай діни рәсімдер жүйесін қалыптастыру туралы бастама көтеріп, «Жаназа және жерлеу рәсімдері» атты еңбекке жетекшілік етті. ҚМДБ пәтуаларының ортақ базасын жасау мақсатында www.fatua.kz сайтының ашылуына ықпал етті. Сонымен қатар, елімізде тұңғыш рет өткен I республикалық имамдар форумы, I Еуразия мұсылман ғұламалары-

Трудовую деятельность в сфере религии начал с должности наиб имама Центральной мечети г. Алматы, а также занимал должность преподавателя, ректора Исламского института, уполномоченного имама ДУМК по Акмолинской области, заведующего сектором отдела религии Акимата г. Алматы, директора Дирекции административных зданий Управления делами Президента РК. Являлся заместителем первого Верховного муфтия независимого Казахстана Ратбека кажы Нысанбайулы, заместителем муфтиев Абсаттара кажы Дербисали и Ержана кажы Малгажыулы. В 2013 году заместитель председателя ДУМК, наиб муфтий, Главный имам мечети «Хазрет Султан».

Находясь в должности председателя ДУМК Серикбай кажы Сатыбалдыулы организовал работу ДУМК по четырем основным направлениям (улучшение качества проповедей, просветительская деятельность, работа с деструктивными течениями, благотворительность). Выдвинув инициативу по формированию единой системы религиозных обрядов в Казахстане, выступил руководителем проекта по созданию труда «Жаназа и похоронные обряды». Способствовал открытию сайта www.fatua.kz, являющийся единой базой фетв ДУМК. Стоял во главе таких исторически значимых проектов, как I

He began his career in religion from the position of the highest representative of the Central Mosque in Almaty, and also held the position of lecturer, and then, the rector of the Islamic Institute. He worked as the authorized imam of the SBMK in Akmola region and as the head of the department of religion of the Akimat of Almaty. In addition, he also held the position of the director of the Directorate of Administrative Buildings of the Office of the President of the Republic of Kazakhstan.

He was deputy to the first Supreme Mufti of independent Kazakhstan Ratbek kazhi Nysanbayuly, deputy of muftis Absattarakazhi Derbisali and Erzhanakazhi Malgazhyuly. He became the deputy chairman of the SAMK, naib Mufti and the Chief Imam of the mosque «Hazret Sultan».

Being the chair of the SBMK Serikbay Haji Satybaldyuly organized the work of the board in four main areas (improving the quality of sermons, enlightening, working with destructive currents, charity). Having put forward the initiative to form a unified system of religious rites in Kazakhstan, he was the head of the project on the creation of labor «Zhanaza and Funeral Rites». He contributed to the opening of the site www.fatua.kz, which is a unified base of religious resolutions, fatwa. He was the head of such historically significant projects as the First









ның форумы тарихи іс-шаралары-на бастамашыл болды. Осынау игі жобалар мүфтияттың қоғамдағы беделін арттыруға ықпал етті.

Бұқаралық ақпарат құралда-рында дәстүрімізбен, болмысы-мызбен, діни саладағы жолымы-збен үйлесетін орта азиялық діни мектептің рөлін қайта жаңғырту туралы бастама көтерді. Қазақстан және Орталық Азияда біртұтас мұсылман үмбетін қалыптасты-ру идеясынан туған бұл бастама шетелдегі дін қайраткерлері мен ғұлама-ғалымдар тарапынан қол-дауға ие болды.

Қазақ мұсылмандығын-да бұрыннан қалыптасып, дала халқының табиғатымен бітеқай-насып кеткен мектеп ежелгі Мәуәреннахр мұсылмандарын ор-тақ мақсатқа үндеп келеді.

республиканский форум имамов и I Евразийский форум мусульман-ских ученых. Эти добрые начина-ния способствовали повышению авторитета Муфтията в обществе.

